

«М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті» КЕ АҚ

ӘОЖ 373.091.12:514

Колжазба құқығында

**УТЕУЛИЕВ НУРГАЛИ САБИТОВИЧ**

**Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда  
цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлау**

8D01510-Математика

Философия докторы (PhD)  
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:  
педагогика ғылымдарының  
кандидаты, доцент  
Мадияров Н.К.

Шетелдік ғылыми кеңесші:  
педагогика ғылымдарының  
докторы, профессор  
Дробышева И.В.

Қазақстан Республикасы,  
Шымкент, 2024

## МАЗМУНЫ

<b>НОРМАТИВТІК СЛТЕМЕЛЕР.....</b>	<b>3</b>
<b>АНЫҚТАМАЛАР.....</b>	<b>5</b>
<b>БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР.....</b>	<b>6</b>
<b>КІРІСПЕ .....</b>	<b>7</b>
<b>1 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ.....</b>	<b>15</b>
1.1 Цифрлық білім беру ресурстары және оларды геометрияны оқытуда қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері.....	15
1.2 Математикалық білім берудегі геометрияны оқытудың және цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың қазіргі жай-күйі мен жетілдіру мәселелері.....	36
1.3 Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлаудың мәні мен дидактикалық негіздері .....	52
Бірінші бөлім бойынша тұжырым.....	70
<b>2 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛАУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ.....</b>	<b>72</b>
2.1 Студенттерді мектеп геометрия курсын цифрлық білім беру ресурстарын қолданып оқытуға даярлауды ұйымдастыру мазмұны, формасы, құралдары .....	72
2.2 Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға даярлау әдістемесі .....	89
2.3 Эксперимент және оның нәтижелерін талдау.....	122
Екінші бөлім бойынша тұжырым.....	141
<b>ҚОРЫТЫНДЫ.....</b>	<b>143</b>
<b>ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....</b>	<b>146</b>
<b>ҚОСЫМШАЛАР.....</b>	<b>161</b>

## НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі нормативті құжаттарға сілтемелер қолданылған:

1. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына 2022 жылғы 01 қыркүйектегі жолдауы. <https://www.akorda.kz/kz/memleket-basshysy-kasym-zhomart-tokaevtyn-kazakstan-halkyna-zholdauy-181416>

2. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заны (ҚР 19.06.2024 жылғы № 94-VIII Занымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

3. «Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 248 қаулысы (ҚР Үкіметінің 14.06.2024 жылғы № 471 қаулысымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/P2300000248>

4. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 «Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарды бекіту туралы» бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 06.10.2023 жылғы № 306 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200030534>

5. Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200028916>

6. «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 4 қазандағы № 303 бұйрығымен өзгерістер енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>

7. Негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығымен бекітілген. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z200>

8. Жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 107 қосымшасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z200>

9. Жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-11-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы // Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту

министрлігінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі № 399 бұйрығының 106 қосымшасы. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767#z200>

10. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (ҚР Денсаулық сақтау министрінің 25.09.2024 жылғы № 74 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген).  
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>

11. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген орта білім беру үйимдарына арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтар. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs>

## **АНЫҚТАМАЛАР**

**Геометрияны оқыту әдістемесі** – оқушылардың математикалық білімін, кеңістіктік ойлауын және геометриялық есептерді шешу дағдыларын тиімді дамыту мақсатында геометрияны оқытудың мақсатын, мазмұнын, әдістерін, формалары мен құралдарын зерттейтін педагогиканың бір бөлімі.

**Цифрлық білім беру ресурстары** – оқытуды интерактивті нысанда қамтамасыз ететін оқытылатын бағыттар және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шынайылық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары.

**Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар** – ақпаратты жинау, өндеу, сақтау және беру үшін қолданылатын әдістердің, механизмдердің және құралдардың жиынтығы.

**Бұлтты технологиялар** – ақпарат пен ресурстарды бұлтта сақтау және ортақ пайдалану мүмкіндігін қамтамасыз етіп, әртүрлі орындардан деректерге қол жеткізуді және бірлесіп жұмыс істеуді жеңілдетеді.

**Динамикалық геометрия жүйелері** – бұл геометриялық объектілерді пайдаланып, олардың арасындағы байланысын көрсетіп, геометриялық конструкцияларды орындауға мүмкіндік беретін арнайы бағдарламалық құралдар.

**Виртуалды шынайылық** – цифрлық құралдар және бағдарламалық жасақтамалардың көмегімен жасалатын, адамға көру, есту, сезу т.б. сезімдері арқылы берілетін жасанды әлем.

**Толықтырылған шынайылық** – бұл цифрлық элементтерді мәтін, сурет, 3D нысадар, анимация және т.б. нақты әлемге орналастыратын технология.

**Жасанды интеллект** – адамның интеллектуалды қабілетін қажет ететін тапсырмаларды орындауға қабілетті бағдарламалар мен жүйелерді құрумен айналысатын технология.

## **БЕЛГІЛЕУЛЕР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР**

ҚР – Қазақстан Республикасы  
ӘҮДҰ – Экономикалық ынтымақтастық пен даму ұйымы  
БҮҰ – Біріккен Ұлттар Ұйымы  
ЮНЕСКО – Біріккен Ұлттар Ұйымының білім, ғылым және мәдениет жөніндегі арнаулы мекемесі  
ТМД – Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы  
ҚР ОАМ – Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі  
ҚР ҒЖБМ – Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі  
ЖОО – жоғары оқу орны  
М.Әуезов атындағы ОҚУ – М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті  
EdTech (Education Technology) – білім беру технологиясы  
PISA (Programm for International Student Assessment) – оқушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың халықаралық бағдарламасы  
TIMSS (Third International Mathematics and Science Study) – математика және жаратылыстану білімінің сапасын бағалау бойынша халықаралық зерттеу  
HCI (Human-Computer-Interface) – адам-компьютер-интерфейс  
SMS (Short Message Service) – қысқа хабарламаларды жіберу қызметі  
ЦББР – цифрлық білім беру ресурстары  
АКТ – ақпараттық-коммуникациялық технологиялар  
АҚШ – Америка Құрама Штаттары  
DGS (Dynamic geometry software) – динамикалық геометрия жүйелері  
VR (Virtual reality) – виртуалды шынайылық  
AR (Augmented Reality) – толықтырылған шынайылық  
AI (Artificial intelligence) – жасанды интеллект  
QR-код (Quick Response code) – жылдам жауап беру коды  
МЖМБС – мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты  
БББ – білім беру бағдарламасы  
ОБАӨЖ - білім алушылардың оқытушымен аудиторияда өзіндік жұмысы  
БАӨЖ – білім алушылардың өзіндік жұмысы  
ӘТ – эксперименттік топ  
БТ – бақылау тобы

## КІРІСПЕ

**Зерттеудің өзектілігі.** Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына жолдауында «Жаһандық ғылыми-техникалық даму барысын ескерсек, жоғары сыйныптарда жаратылыстану-математика пәндерін және ағылшын тілін оқытуды барынша күшету маңызды» - деп нақты атап көрсетілген. Атап міндет еліміздегі математика мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарының алдына ұлкен жауапкершіліктер жүктеп отыр [1].

Қазақстан Республикасында жоғары білімді және ғылымды дамытудың 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары цифрлық экожүйесі бар «smart-университеттер» моделіне көшеді. Бұл студенттің цифрлық бейінін қалыптастыруды, яғни оны оқыту траекториясын және оқу жетістіктерін, EdTech цифрлық сервистерін дамытуды, цифрландырудың озық трендтеріне сәйкес процестерді оңтайландыруды көздейді. Сондай ақ, жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының цифрлық архитектурасы білім беру процесін қолдау, оқу материалдарын басқару, әкімшілік процестер, студенттер мен оқытушылардың өзара іс-қимылы және басқа да аспекттері үшін пайдаланылатын инфрақұрылымдар, қосымшалар мен технологиялар жиынтығынан тұратын болады делінген [2].

Кәсіби білім беруді дамытудың қазіргі кезеңі цифрлық экономика мен цифрлық қоғамға көшудің әлемдік тенденцияларынан туындаған цифрландыру процесімен сипатталады. Білім алушылардың жаңа буыны (Z буыны) цифрлық технологиялар қалыптастыратын, оның ішінде білім беруде маңызы зор цифрлық ортада өмір сүруде. Олар: телекоммуникациялық технологиялар, ұлкен деректер, үлестірілген тізілім жүйелері, жасанды интеллект, робототехника компоненттері, сымсыз байланыс технологиялары, виртуалды және толықтырылған шынайылық технологиялары, бұлтты технологиялар, электронды сәйкестендіру және аутентификациялау технологиялары, мамандандырылған білім беру мақсатындағы цифрлық технологиялар болып табылады [3].

Қазіргі кезде оқыту үдерісінде математиканы, геометрияны оқытудың цифрлық технологияларға негізделген жаңа формаларын іздеу қарқынды жүруде, геометрия бойынша мектеп және университет курсарының жекелеген бөлімдерін оқып үйренуге болатын бағдарламалық қамтамасыздандырулар (цифрлық білім беру ресурстары) жасалуда.

Ғалымдар мен әдіскерлер оқушылардың геометриялық дайындық деңгейі мен геометриялық әдістерді қолдану біліктерінің жылдан-жылға төмендеп келе жатқандығын айтуда. Бұл, ең алдымен, оқушылардың кеңістіктік түсініктерінің, дәлірек айтқанда, кеңістіктік ойлау қабілетінің жеткіліксіз деңгейде дамуымен тығыз байланысты. Жақсы дамымаған кеңістіктік елестетусіз геометриялық материалды, әсіресе фигуralардың кескіндерін оқып түсінуді, қажетті форманы ойша елестетуді, көру аймағында бірден бірнеше нысанды ұстап тұруды және онымен жұмыс

істеуді үнемі талап ететін стереометриялық материалды сәтті оқып үйрену мүмкін емес.

Мәселен оқушыларда кеңістіктік елестету әртүрлі себептермен дамымауы мүмкін. Бұл келенсіз жағдайдаң негізгі себептері – кеңістікті визуализациялаудың жеткіліксіздігі, үш өлшемді (3D) обьектілердің графикалық дұрыс бейнеленбеуі және оқытудағы формализм [4].

Сондыктан да оқушылардың геометрияны оқытуда кеңістіктік елестетуін, практикалық түсінігін, логикалық ойлаудың дамытатын әртүрлі әдістерін іздестіру өзекті мәселе болып табылады және осыған сәйкес оқу үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын (ЦБР) тиімді қолдану қажеттілігі туындаиды.

Осы орайда, еліміздің жоғары оқу орындарында болашақ мұғалімдерді даярлауда, ЦБР-ны оқу үдерісінде тиімді, жүйелі, дұрыс пайдалана білуге дайындау кезек күттірмейтін, өзекті мәселеге айналып отыр. Болашақ мұғалімдерді қазірден бастап сабакта цифрлық білім беру ресурстары мен цифрлық білім беру платформаларын қолдануды, сабак жоспарына сай таңдап алып, талдау жүргізуге әдістемелік тұрғыда дайындайтын болсақ, қосымша цифрлық технологияларды пайдалану бойынша мұғалімдердің біліктіліктерін арттыру қажеттілігі азаяр еді [5].

Елімізде және шетелде білім беруді цифрандыру және болашақ математика мұғалімдерін даярлау мәселесіне байланысты соңғы кездері зерттеулердің мынадай бағыттары дамып келе жатқандығын көруге болады:

- білім беру жүйесін ақпараттандыру және математикалық пәндерді оқытуда цифрлық технологияларды қолдану (Ю.А. Дробышев, И.В. Дробышева [6], М.П.Лапчик [7], Е.Ы.Бидайбеков [8], С.М.Кенесбаев [9], Б.Д.Сыдыхов [10], Ж.А.Қараев [11], Р.І.Қадірбаева [12], Б.Р.Қасқатаева [13], Р.Б.Бекмолдаева [14], Б.Калымбетов [15], Ж.К.Нұрбекова [16], Е.Ж.Смагулов [17], Б.Ж. Нұрбеков [18], А.М. Мубараков [19] және т.б.);

- болашақ математика мұғалімдерін дидактикалық және әдістемелік, тәрбиелік тұрғыдан дайындау аспектілері (А.Е.Әбілқасымова [20], Д.Рахымбек [21], Б.Баймұханов [22], Р.Ибрағимов [23], С.М.Сеитова [24], А.Нұғысова [25], және т.б.);

- геометрияны оқытудың теориясы мен әдістемесіне арналған жұмыстар Г.Д.Глейзер [26], В.А.Гусев [27], Ж.Қайдасов [28], Ә.Қағазбаева [29], Д.Рахымбек [30], Е.Тұяқов [31], Н.К.Мадияров [32] және т.б.);

- орта және жоғары мектептерде геометрияны оқытуда жаңа цифрлық технологияларды қолдану мәселелері бойынша зерттеулер (В.А.Далингер [33], В.Р.Майер [34], М.Н.Марюков [35], В.Н.Дубровский [36], М.В.Шабанова [37], В.А Смирнов, И.М.Смирнова [38], М.В.Махринова [39], Н.К.Аширбаев [40], Н.К.Мадияров [41], Л.К.Жайдақбаева [42], Е.Ж.Төреңек [43], R.Leikin [44], D.Grossman [45], R.Marrades [46], A.Gutierrez [47]).

Жоғарыда айтылған отандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулерін талдай келе, болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлау қажеттілігі туындаиды.

Дегенмен, біздің зерттеу тақырыбымыз бойынша мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдану қажеттілігі мен оған болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлаудың ғылыми негізделген әдістемелік жүйесінің жеткіліксіздігі арасында **қарама-қайшылық** бар екендігін байқауға болады. Олар:

- білім беруді цифрландыру жағдайында кәсіби қызметті тиімді жүзеге асыра алатын мұғалімге қоғамның сұранысы және математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындық деңгейінің жеткіліксіздігі;

- жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығын қалыптастыру қажеттілігі мен педагогикалық-психологиялық және теориялық-әдістемелік тұрғыдан негізделген әдістемесінің жасалмағандығы;

Жоғарыда аталған қарама-қайшылықтардың дұрыс шешімін іздестіру, мәселені анықтау және математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға қойылып отырған қазіргі білім беру жүйесіндегі талаптар біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін көрсетеді және тақырыпты «Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлау» етіп таңдауымызға негіз болды.

**Зерттеу нысаны:** Жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлау үдерісі.

**Зерттеу пәні:** Білім беруді цифрлық трансформациялау жағдайында болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуға әдістемелік даярлаудың мазмұны, әдістері, формалары мен құралдары.

**Зерттеу мақсаты:** Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың теориялық негіздерін айқындау, мазмұны мен әдістемесін жасау және тиімділігін эксперимент жүзінде тексеру.

**Зерттеудің ғылыми болжами:** егер болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың теориялық негіздері, дидактикалық шарттары айқындалып, әдістемесі жасалып, оқу үдерісіне енгізілсе, онда студенттердің геометрияны оқыту үдерісінде ЦББР-ны қолдануға, жалпы геометрияны оқытуға әдістемелік даярлығының сапасы артады, өйткені ЦББР-ны қолдануға даярлау бойынша жүргізілетін әдіс-тәсілдер болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық білім беруді цифрландыру жағдайында әдістемелік даярлығының құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеу жұмысының нысаны, пәні, мақсаты мен ғылыми болжамына сәйкес мынадай **міндеттер** қойылды:

- қойылған мәселенің педагогикалық зерттелуінің қазіргі деңгейін саралау, мектеп геометриясын ЦББР-ны қолданып оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін талдау, болашақ математика мұғалімдерін ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың теориялық негіздерін анықтау;

- болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау ұғымының мән-мағынасын, жүзеге асырудың негізгі компоненттері мен дидактикалық шарттарын айқындау;

- болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың оқу үдерісін ұйымдастыру, «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің тандаулы тараулары» арнайы пәндерінің мазмұнын құру және оқыту әдістемесін жасау;

- болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау критерийлері мен көрсеткіштерін жасау, әзірленген әдістеменің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

### **Зерттеу әдістері:**

- зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық, педагогикалық және ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді талдау;

- жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларына, оқу жұмыс жоспарларына, мектеп геометрия курсының оқу бағдарламалары мен оқулықтарына және геометрияны оқытуда тиімді болатын ЦББР-ларға талдау жасау;

- оқу үдерісінің барысын бақылау, білім алушылармен жүргізілген сауалнама мен әңгіме, бақылау, тест тапсырмаларын жүргізу, нәтижесін талдау;

- эксперимент жүргізу, статистикалық зерттеу әдістерін пайдалану, нәтижелерін өндеу және әдістемелік семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда талқылау.

**Зерттеу базасы:** М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, «Математика» кафедрасы, Ж.Ташенев атындағы университеті, «Математика және информатика» кафедрасы, Орталық Азия Инновациялық университеті, «Математика, физика және информатика» кафедрасы.

### **Зерттеудің негізгі кезеңдері:**

**Бірінші кезең** – (2020-2021 жж.) зерттеудің қойылған проблемасына сәйкес психологиялық-педагогикалық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттерге, жоғары оқу орындарының математика мұғалімдерін даярлауға арналған білім беру бағдарламаларына, оқу жоспарларына, мектеп геометрия курсының оқу бағдарламалары мен оқулықтарына талдау жасалды. Болашақ математика мұғалімдерінің геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлығы мәселесі зерттелді. Мектеп геометрия курсын оқыту үдерісінде ЦББР-ны қолданудың қазіргі жағдайына талдау жасалынды. Жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін дайындаудың қазіргі жағдайы талданып, студенттердің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға геометриялық-әдістемелік дайындығын анықтауга арналған айқындау эксперименті жүргізілді. Зерттеудің нысаны, пәні, мақсаты, ғылыми болжамы мен міндеттері анықталды.

**Екінші кезең** – (2021-2022 жж.) Жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолданудың мүмкіндіктері зерделеніп, мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері мен теориялық негіздері айқындалды. Қалыптастыруыш эксперимент жұмыстары жүргізіліп, болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлаудың оқу үдерісі ұйымдастырылып, «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерінің мазмұны және оқыту әдістемесі өзірленді. Студенттерді мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау мақсатында өзірленген пәндерді оқу үдерісіне енгізу жұмыстары жүргізілді.

**Үшінші кезең** – (2022-2023 жж.) қорытындылаушы эксперимент жүргізіліп, болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға даярлау бойынша жасалған әдістемесі сынақтан өткізілді. Эксперимент нәтижелері қорытындыланды. Деректер статистикалық өндеуден өтті және ғылыми-әдістемелік ұсыныстар берілді.

### **Зерттеудің ғылыми жаңалығы:**

- мектеп геометрия курсын ЦББР-ны қолданып оқытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері талданып, дидактикалық мүмкіндіктері бойынша ЦББР-ның жіктемесі жасалып, болашақ математика мұғалімдерін ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың теориялық негіздері анықталды;
- болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау ұғымының мән-мағынасы, жүзеге асырудың негізгі компоненттері мен дидактикалық шарттары айқындалды;
- болашақ математика мұғалімін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың оқу үдерісі ұйымдастырылып, «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндердің мазмұны мен оқыту әдістемесі жасалды;
- болашақ математика мұғалімінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау критерийлері мен көрсеткіштері жасалып, ұсынылған әдістеменің тиімділігі эксперимент жүзінде дәлелденді.

**Зерттеу нәтижелерінің теориялық маңыздылығы:** Мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР жіктемесін толықтыру және жинақталуынан; цифрлық технологияларды қолдануға қойылатын педагогикалық, эргономикалық және техникалық талаптар жиынтығының анықталуы; болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометриясын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындаудың негізгі компоненттері мен дидактикалық шарттарының айқындалуы; болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындық деңгейін анықтау критерийлері мен көрсеткіштерінің жасалуы.

### **Зерттеу нәтижелерінің практикалық маңыздылығы:**

Зерттеу жұмысында ұсынылып отырған болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың оку үдерісін ұйымдастыру мазмұны мен «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерді оқыту әдістемесі болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық технологияларды қолдануға, геометриялық білімдерін сапалы игеруге көмектеседі. Сонымен қатар, зерттеу жұмысының барысында алынған нәтижелер мен олардың негізінде дайындалған нақты ғылыми-әдістемелік ұсыныстарды, зерттеу материалдарын жоғары оку орындарында болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлауда, педагог кадрларды қайта даярлау институттарында математика мұғалімдерінің біліктілігін арттыруда, жалпы білім беретін мектепте геометрия пәнін оқытуда пайдалануға болады.

**Зерттеудің нәтижелерінің дәлелдігі және негізділігі:** зерттеу тақырыбы бойынша психологиялық-педагогикалық, ғылыми және оку-әдістемелік әдебиеттерді жан-жақты талдаумен; зерттеудің ғылыми әдістері кешенін қолданумен; зерттеудің теориялық және эксперименталдық әдістерінің зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкестілігімен алынған бастапқы және соңғы нәтижелерінің қорытындылануымен; жүргізілген эксперименттік зерттеудің нәтижесін растайтын математикалық-статистикалық өндөу әдістерін пайдалана отырып жүргізуімен қамтамасыз етіледі.

### **Қорғауға ұсынылатын негізгі қағидалар:**

1. Мектеп геометрия курсын оқытуда болашақ математика мұғалімдерін ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың теориялық негіздемесі;
2. Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың мән-мағынасы, негізгі компоненттері мен дидактикалық шарттары;
3. Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың оку үдерісін ұйымдастыру мазмұны, формалары мен құралдары;
4. «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерінің оку-әдістемелік кешендері мен оқыту әдістемесі;
5. Болашақ математика мұғалімінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау критерийлері мен көрсеткіштері.

**Зерттеу нәтижесін сынақтан өткізу және ендіру:** зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары, теориялық және практикалық ғылыми нәтижелерінің мазмұны халықаралық ғылыми-практикалық конференцияларда, ҚР ФЖБМ Ғылым және жоғары білім саласындағы сапанды қамтамасыз ету комитеті

ұсынған ғылыми басылымдарда, Scopus деректер қорына енетін ғылыми журналда жарияланды:

1. Болашақ математика мұғалімдерін даярлауда цифрлық білім беру ресурстарының маңызы және оларды қолдану ерекшеліктері // «Әуезов оқулары - 19: Тәуелсіз Қазақстанға - 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Шымкент қ., – 2021. – Б. 104-107.
2. Математиканы оқытуда қолданылатын цифрлық білім беру ресурстары мен платформалары // «Әуезов оқулары - 19: Тәуелсіз Қазақстанға - 30 жыл» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциясы. – Шымкент қ., – 2021. – Б. 107-110.
3. Студенттерге геометрия курсын оқытуда жаңа цифрлық технологияларды қолданудың мүмкіндіктері // «Ясауи университетінің хабаршысы» – 2022. – № 2(124). – Б. 253-265.
4. Применение дополненной реальности в процессе обучение геометрии // Математика и проблемы образования: Материалы 41-го Международного научного семинара преподавателей математики и информатики университетов и педагогических вузов. – Киров: ВятГУ. – 2022. – С.169-171.
5. Болашақ математика мұғалімдеріне геометрия курсын оқытуда динамикалық геометрия жүйесін қолдану ерекшеліктері мен тиімділігі // Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2022. – №2(139). – Б. 63-75.
6. Білім беруді цифрандыру жағдайында болашақ математика мұғалімдеріне мектеп геометрия курсын оқыту әдістері // Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің хабаршысы. Педагогика. Психология. Әлеуметтану сериясы. – 2022. – № 4(141). – Б. 357-368.
7. Assessment of the readiness of future mathematics teachers to use digital educational resources in the study of geometry in Kazakh universities // European Journal of Contemporary Education. – 2023. – 12(2). – Р. 667-677.
8. Use of modern digital educational resources in geometry lessons in higher educational institutions of the Republic of Kazakhstan // Scientific Herald of Uzhhorod University Series «Physics». – 2024. – 56. – Р. 42-49.
9. Особенности цифровых образовательных ресурсов в преподавании геометрии в условиях цифровизации образования // Обеспечение интеграции науки, образования и производства на основе инновационных технологий: Международная научно-практическая онлайн-конференция. – Джизак. – 2024. – Р. 11-17.
10. Criteria for assessing the methodological preparedness of future mathematics teachers for the use of digital educational resources in teaching school geometry // World of science: сборник статей IX Международной научно-практической конференции. – Пенза: МЦНС «Наука и Просвещение». – 2024. – С. 117-123.

**Диссертация құрылымы мен мазмұны:** Диссертация нормативтік сілтемелер, анықтамалар, белгілеулер мен қысқартулар, кіріспе, екі бөлімнен,

тұжырымдар мен қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшалардан тұрады.

**Кіріспеде** зерттеу жұмысының өзектілігі негізделеді, зерттеу нысаны, пәні, мақсаты мен міндеттері, ғылыми болжамы қалыптастырылады, зерттеу әдістері, ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңызы сипатталып, қорғауға шығарылған негізгі қағидалар, зерттеу нәтижелерінің дәлелдігі мен негізділігі баяндалады.

**Бірінші бөлімде** зерттеу мәселесі бойынша психологиялық, педагогикалық, әдістемелік әдебиеттерге, отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды. Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау үйрекшілік мән-мағынасының, жүзеге асырудың негізгі компоненттерінің және дидактикалық шарттарының айқындалуы негізінде мәселенің теориялық негіздері анықталды. ЦББР және оларды геометрияны оқытуда қолдану мүмкіндіктері, болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлығы, мектеп пен жоғары оқу орындарындағы геометрияны оқытудың және ЦББР-ны қолданудың қазіргі жағдайы сарапталды.

**Екінші бөлімде** болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың оқу үдерісі үйрекшілік мән-мағынасының, оқыту әдістемесі жасалды. Болашақ математика мұғалімдеріне «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің тандаулы тараулары» арнайы пәндерін оқытууды үйрекшілік мән-мағынасының, оқыту әдістемесі жасалды. ЦББР-ны қолданып мектеп геометрия курсын оқытуға болашақ математика мұғалімдерін даярлау әдістемесінің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, нәтижелері өндөлді.

**Қорытындыда** жүргізілген зерттеулердің негізгі нәтижелері тұжырымдалып, оларды мектеп геометрия курсын оқыту әдістемесі жасалып, оқыту әдістемесі жасалды. Болашақ математика мұғалімдерін оқыту әдістемесінің тандаулы тараулары» арнайы пәндерін оқытууды үйрекшілік мән-мағынасының, оқыту әдістемесі жасалды. ЦББР-ны қолданып мектеп геометрия курсын оқытуға болашақ математика мұғалімдерін даярлау әдістемесінің тиімділігі эксперимент арқылы тексеріліп, нәтижелері өндөлді.

**Қосымшада** зерттеудің эксперимент жұмыстарында қолданылған материалдар, әдістемелер, оқу үдерісіне енгізу актілері ұсынылады.

# **1 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛАУДЫҢ ТЕОРИЯЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ**

## **1.1 Цифрлық білім беру ресурстары және оларды геометрияны оқытуда қолданудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері**

Қазіргі уақытта әлемде орын алғып жатқан төртінші өнеркәсіптік революция – қарқынды ақпарат ағыны мен жоғары технологиялық инновациялар өмірімізге сан қырлы жолмен ықпал етіп, осы өзгерістерге бейімделуді және жаңа шарттар жағдайында дами білуді талап етіп отыр. Осыдан ширек ғасыр бұрын атауы мен мазмұны көпшілікке бейтаныс болған цифрлық технологиялар бүгінде барлық салаға терең еніп, индивидтердің дағдыларын түрлендірді.

Білім беру жүйесін цифрландыру – білім беру саласын оқыту мен тәрбиелеудің психологиялық-педагогикалық мақсаттарын жүзеге асыруға бағытталған, заманауи ақпараттық технологияларды әзірлеу және қолдану теориясы мен тәжірибесімен қамтамасыз ету үдерісі – заманауи қоғамды ақпараттандырудың маңызды бағыттарының бірі [39, б.13].

Мемлекеттегі цифрландыру деңгейі мен оның азаматтарының мұндай технологиялар туралы сауаттылық көрсеткіші елдің әлемдік аренадағы бәсекелік қабілетін, халықтың әл ауқатын айқындастырын факторлардың қатарына енді. Осыған байланысты, цифрлық жүйе мен сауаттылықты дамыту барлық қоғам үшін өзекті мәселелердің біріне айналды [48].

Ғылым мен технология қарқынды дамыған заманда, көптеген жұмыс орындарына барлық салаларда жаңа технологияны жетік қолдана алатын тұлғалар шақырылады. Сондықтан, бұл мәселелерді шешу үшін білім беру жүйесін жаңа форматта, цифрлық технологияларды қолдану жолымен дамыту маңызды. Білім беру үйымдарын жаппай цифрландырудың маңызы болашақ үрпақтың кез келген салада ақпараттық сауаттылығын арттырып, шеберліктерін шындалап, жан-жақты іскерлігін дамытып, бәсекеге қабілетті етіп, білім кеңістігінде өз мүмкіндіктерін тиімді пайдалануға жағдай жасайды. Сонымен қатар, бұл – білім сапасын арттыру, оқыту үдерісін қолжетімді ету, мұғалімдердің, оқушылардың, ата-аналардың байланыстарын жеңілдету тұрғысынан да өзекті.

Әлемнің дамыған елдерінің басын қосқан Экономикалық ынтымақтастық пен даму үйымы (ӘҮДҰ) елдерінің тәжірибесін қарасақ, онда цифрлық білім іс жүзінде оған мүше мемлекеттердің барлығында маңызды стратегиялық тақырыпқа айналғанын көруге болады. ӘҮДҰ-ға кіретін елдердің жартысында арнайы цифрлық білім беру стратегиясы қабылданған. Мысалы, Германия Конституциясына өзгерістер енгізіліп, цифрлық білім беруді қолдаудың негізі қаланды. Жаңалықтар енгізуде әрқашан көп елден бір көш ілгері жүретін Сингапурда цифрлық сауаттылық бойынша білім беру балабақшадан бастау алады. Осыдан-ақ, аталған

мемлекеттердің білім беруді цифрландыру мәселесіне зор көңіл бөліп отырғанын түйіндеуге болады [49].

Білім беру саласының цифрлық трансформация тенденциялары кәсіби қызметті табысты жүзеге асыру үшін педагогтан ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (АКТ) құзыреттілігінің жоғары деңгейін талап етеді, өйткені жас ұрпақты қазіргі цифрлық қоғамдағы өмірге және еңбекке ұстаздар бейімдейді. Заманауи мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің өзектілігі мен маңыздылығы, оның ішінде цифрлық сауаттылығы туралы БҰҰ «Бас Ассамблеясы қабылдаған «Тұрақты даму бойынша 2030 күн тәртібі» даму жоспарына сәйкес келетін ЮНЕСКО-ның жаңа ұсыныстарында «Мұғалімдердің АКТ құзыреттілігінің құрылымы. З-нұсқа» көрсетілген [50].

Осы орайда, нақты ғылымдарды жетік менгерген болашақ мұғалімдерді, заман талабына сай білім беру алатын жастарды тәрбиелеу маңызды міндетке айналып отыр. Сондықтан да, негізгі және қосымша білім беру үйымдарының алдында: оқушылар мен студенттердің потенциалын уақтылы бақылау, анықтау мен оны сақтап қалу және қабілеттерін ары қарайғы шындаі түсу, дамыту талаптары тұр.

Дегенмен, болашақ математика пәні мұғалімдерінің ЦББР-ны іс-жүзінде нәтижелі қолдану жолдарын бір жүйеге келтіріп, әдістемелік даярлау, цифрлық ресурстарды сабакта қолдануға психологиялық-педагогикалық түрғыдан дайындығын, олардың ғылыми-педагогикалық негіздерін анықтау мәселелері толық шешілмей отыр [51].

Жоғары оқу орындарында аталтарды жүзеге асыра отырып оқыту мен оқу үдерісін жүргізуге ЦББР мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының цифрлық білім беру тұжырымдамасында Цифрлық білім беру ресурстары сөзінің анықтамасын былайша анықтап көрсетеді – пайдаланушы тиісті құқықтарды сақтай отырып, білім беру мақсатында пайдалану үшін жергілікті компьютерге жүктей алатын барлық ақпарат (мәтіндер, графика, мультимедиа және т.б.) [52].

*Цифрлық білім беру ресурстарына (ЦББР)* – пән бойынша типтік оқу бағдарламасына сай, нақты оқу тақырыбына арналған оқу үдерісін ұйымдастыруға қажетті сандық формада көрсетілген фотосуреттер, көркем үзінділер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шынайылық пен интерактивті модельдеудің объектілері, картографиялық материалдар, дыбыс жазбалары, таңбалық объектілер мен іскерлік графика, мәтіндік күжаттар мен басқа да дидактикалық материалдары жатады [53].

ЦББР-ны дәріс және зертханалық-практикалық сабактардың барлық кезеңдерінде: жаңа материалды түсіндірген кезде, материалды бекіту және менгеру деңгейін бағалау кезінде, өз бетімен оқу, орындау және өз-өзін бағалау, оқу үдерісін кез-келген формада ұйымдастыру барысында қолданыла алады.

ЦББР-ны білім беру үдерісінде пайдалану рөлі мен мүмкіндіктері туралы ғалымдардың пікірінше, ауқымды оқу материалын алуан түрлі етіп жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл өз кезегінде, қабылдаудың әртүрлі болуы

есебінен артық күш жұмсау қауіпін болдырмай, білім алушылардың назарын білім беру пәніне барынша ұзақ шоғырландыруға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, ассоциативтік есте сақтау теориясына сәйкес әртүрлі сенсорлық жолдар арқылы берілген ақпарат (мысалы мәтін, бейне, графика, дыбыс және т.б.) жақсы игеріледі және ұзақ уақыт есте сақталады [54].

Әдебиет көздеріне жүргізілген талдау геометрияны оқытуда цифрлық технологиялардың беретін бірқатар мүмкіндіктері бар екендігін көрсетті, оларға:

- көрнекілік – білім алушылардың қызығушылығы мен ынтасын арттыруға ықпал етеді;
- бақылау, автоматты түрде тексеру – мұғалімнің тексеруге кететін уақытын ұнемдеуге, үйден бақылау жүргізуге мүмкіндік береді;
- мультимедиа – оқулыққа дыбысты, бейнені енгізу мүмкіндігі, бұл материалды жақсы есте сақтауға көмектеседі. Мультимедиалық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ны нақты бір пән не бағыты бойынша топтастыруға мүмкіндік береді;
- интерактивтілік – топтағы барлық білім алушыларды бір уақытта белсенді жұмысқа қосылуын туындастып, пәнге деген қызығушылықтарын арттырады;
- жоба бойынша топтың ынтымақтастыры – құжаттарды, презентацияларды, интеллект карталарын және т.б. бірлесіп құру мүмкіндігі, білім алушылардың ғылыми тобын құруға ықпал етеді;
- қателік статистикасы – сөздікпен жұмыс кезінде білім алушылармен қателіктерді талдау, бұл мұғалімнің уақытын ұнемдейді;
- вариативтілік, дараландыру – бір типтегі жаттығулардың үлкен, тіпті шексіз санын тез жасау мүмкіндігі. Мақсаты мұғалімнің уақытын ұнемдеу, оқушының білім сапасын арттыруға алып келеді [55].

Оқу үдерісінде қолдануға бағытталған ЦБР-ны жобалау, құру кезінде сақталуы тиіс негізгі талапқа – студенттің оқу материалдарымен өзара жеңіл әрекеттесе алуы жатады. Ресурстарға қойылатын мұндаиды сипаттамалар мен талаптар әдетте HCI (Human-Computer-Interface – адам-компьютер-интерфейс) деп қысқартылады, ол «диалогы адамға бағытталған компьютерлік бағдарламалар» деп түсіндіріледі.

Ұлттық ақпараттандыру орталығы әзірлеген жалпы орта білім беру мекемелеріндегі электрондық оқыту жүйесі үшін цифрлық білім беру ресурстарын дайындау стандартында жалпы және педагогикалық талаптар ұсынылған.

#### *Жалпы талаптар:*

- Қазақстандық білім беру мазмұнын анықтайтын мемлекеттік құжаттарға сәйкестігі;
- оқыту үдерісінің зандылықтары мен қағидаларын есепке алу;
- пәндік білім беру саласындағы білімдеріндегі педагогика ғылымының жетістіктерін есепке алу;
- ЦБР-ның мазмұнын даярлауда ұлттық дәстүрлердің ескерілуі.

*Цифрлық білім беру ресурстарға қойылатын жалпы педагогикалық талаптар:*

*Ғылымилық қагидасы бойынша:*

- оқу материалының мазмұнын баяндаудың ғылыми дұрыстығы;
- пайдаланылатын терминологиялардың қазіргі заманғы түсіндірмелерге сәйкестігі;
- оқу материалын баяндау түсінікті, нақты, толық және қайшылықсыз болуы тиіс.

*Түсініктілік қагидасы бойынша:*

- оқу материалын білім алушылардың нақты жас ерекшеліктеріне бейімді түрде ұсыну;
- білім алушыларда парасаттық, адамгершілік құндылықтардың болуы;
- физикалық артық жүктемелердің болмауы.

*Көрнекілік қагидасы бойынша:*

- оқу материалын қабылдауға және қайта өндеуге сезім мүшелерін мақсатқа лайықты қатыстыру;
- оқу материалын барынша көрнекі ету.

*Жүйелілік қагидасы бойынша:*

- ЦББР-ның оқу үдерісінің белгілі бір құрылымдық құрамдас бөлігіне сәйкестігі: құлшыныстық-мақсаттық; мағыналы-мазмұндық; операциялық-іс-әрекеттік немесе бағалаушылық-нәтижелік.

*Саналылық және белсенділік қагидасы бойынша:*

- пайдаланушылар үшін оқу міндеттерінің айқын қойылымы;
- білім алушылардың мұддесін негізге ала отырып, оқуға деген мотивтерін қалыптастыру;
- білім алушылардың белсенді ақыл-ой іс-әрекетін ұйымдастыру;
- шынайы уақыт режимінде өзара әрекеттестікті және кері байланыстарды ұйымдастыру.

*Теорияның практикамен байланыс қагидасы бойынша:*

- оқу материалының практикалық бағдарлануы;
- ЦББР-ның қоғам мен экономиканың қазіргі заманғы даму процесіне бағдарлануы [56].

Осыған байланысты болашақ математика мұғалімдері ЦББР-ны оқу үдерісінде қолдану барысында жоғарыдағы негізгі талаптар мен қафидаларды ескергені жөн.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қарашадағы № 456 «Білім беру саласындағы ақпараттандыру объектілеріне қойылатын ең төменгі талаптарды бекіту туралы» бұйрығында ЦББР-ға келесідей анықтама береді: цифрлық білім беру ресурсы – оқытуды интерактивті нысанда қамтамасыз ететін оқытылатын бағыттар және (немесе) модульдер бойынша дидактикалық материалдар: фотосуреттер, бейнефрагменттер, статикалық және динамикалық модельдер, виртуалды шындық және интерактивті модельдеу объектілері, дыбыс жазбалары және өзге де цифрлық оқу материалдары. Сондай-ақ, осы бұйрықта цифрлық

білім беру ресурсында олардың функционалдығы бойынша келесі минималды талаптар көрсетілген:

1) негізгі интернет-браузерлерде web (веб) - интерфейс арқылы толыққанды жұмысты қолдау;

2) навигацияға арналған интерфейстің болуы;

3) пайдалануышының электрондық пошта немесе SMS - хабарламалар арқылы қажетті ақпаратпен хабардар ету, сондай-ақ ақпаратты интернет-ресурста орналастыру;

4) пайдаланушыға электрондық пошта арқылы немесе телефон байланысы арқылы ЦБР-мен жұмыс істеу бойынша сұрақтар қоюға мүмкіндік беру үшін кері байланыс жүргізу;

5) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің ведомстволық бағынысты ұйымдарының цифрлық және электрондық ресурстары бар интернет-ресурстарына сілтемелерінің болуы [57].

Денсаулық сақтау министрлігінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптарының» санитарлық қағидаларына сәйкес, сабак уақытында мектепалды сыныптарда және мектептерде тікелей бейнетерминалмен, дербес компьютермен, планшетті дербес компьютермен және ноутбуктермен сабактардың үздіксіз ұзақтығы көрсетілген:

1) мектепалды, мектепке дейінгі топтарда (сыныптарда) және 1 сыныптарда – 15 минуттан аспайды;

2) 2-3 сыныптарда – 20 минуттан аспайды;

3) 4-5 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;

4) 6-8 сыныптарда – 25 минуттан аспайды;

5) 9-11 (12) сыныптарда – 30 минуттан аспайды [58].

Оқыту үдерісінде компьютерлік білім беру құралдарын қолданудың логикалық және психологиялық негіздері мәслесі В.В.Рубцов, В.Н.Каптелинин, В.А.Львовский, В.К.Мульдаров және т.б. еңбектерінде қарастырылған [59].

Психолог В.В.Рубцовтың еңбегінде оқу үдерісінде компьютерді пайдалану оқытуды жетілдірудің алғышарты ғана емес, сонымен қатар бірқатар келеңсіздіктердің көзі болып табылады делінген. Атап айтқанда, компьютерді пайдалану «мұғалім-сынып» толыққанды іс-әрекет жүйесінің күйреп, іс-әрекетін мұғалім басқаратын «білім алушы-компьютер» сияқты жекелеген элементтерге бөлініп кетуі мүмкін. Сондықтан да компьютерлік оқыту технологияларын жобалаудың негізгі мақсаты – мұғалім мен білім алушылардың арасындағы қарым-қатынас пен ынтымақтастықты ұйымдастыру жолдарын табу болып табылады. Мұндай әдістерді өзірлеу келесі бағыттар бойынша жүзеге асырылуы тиіс: білім алушылар мен мұғалімнің компьютерді қолданумен жүргізілетін оқу ынтымақтастығына жағдай жасау; топтың өзара және топ құрамындағылардың компьютермен әрекеттесуін талап ететін ұжымдық «жобаларды» ұйымдастыру; оқытудың

компьютермен және компьютерсіз жүргізілетін түрлерінің тиімді арақатынасын анықтау.

Сонымен қатар компьютерлік оқыту жағдайында оку үдерісін ұйымдастырудың тұтастығы үш негізгі аспектілер арқылы жүзеге асады: жекелеген білім алушылардың танымдық іс-әрекетін басқару; оку іс-әрекетін «мұғалім-компьютер-білім алушы» ретінде басқару; мұғалім мен білім алушылардың және олардың өздерінің арасындағы өзара әрекеттестік пен ынтымақтастықты басқару.

Осы бақылау түрлерінің әрқайсысының психологиялық заңдылықтарына сүйену, білім беру мақсатындағы адам-машина жүйесін құрудың қажетті шарты болып табылады [60].

Ш.Б.Нұрғожаевтың диссертациясында математиканы оқытуда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды кешенді қолданудың принциптерін ұсынған: психологиялық жайлыштық принципі, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды жүйелі қолдану принципі, білім алушының өзіндік оку іс-әрекетін жандандыру принципі, көрнекілік принципі, танымдық ақыл-ой мен шығармашылық принципі, өзара байланыс принципі, ойын жағдайларын біріктіру принципі. Сонымен қатар ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдана отырып оқыту принциптері жүйесі жасалған, ол құрылған принциптер жүйесі әртүрлі жағдайларда және оның әртүрлі кезеңдерінде білім беруді құру үшін, оқытудың барлық сатыларында: бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, жоғары білім беруде сабактастықта отандық білім берудің қазіргі заманғы идеологиясын іске асыруға бағытталған [61].

Болашақ математика мұғалімдері ЦББР-ны таңдау және пайдалану кезінде өте мұқият болуы қажет, өйткені оны оку үдерісінде дұрыс, жүйелі, тиімді пайдаланбау және шамадан көп қолдану әрқашан қажетті нәтиже бермеуі мүмкін.

Осылай, болашақ математика мұғалімдері оку үдерісінде геометрияны оқытуға арналған ЦББР-ны қолдануда оларға қойылатын педагогикалық-эргономикалық ұсынымдар мен талаптарды ескере отырып таңдау қажет деп есептейміз.

Е.Т.Конюхова ЦББР-ны қолдану білім алушылардың жеке дара оку іс-әрекетін жүзеге асыру үшін жағдайлар құруға, өз бетінше оку, өз бетінше даму, өзін жетілдіру, өздігінен білім алу дағдысын қалыптастыруға мүмкіндік береді деп тұжырымдайды [62].

ЦББР әлемде туындалап отырған білім берудің жаңа парадигмасын: мектеп оқушыларына интернет-технологияларды қолдана отырып білімді өз бетімен алуға үйретіп, білімнің жоғары сапасы мен қол жетімділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік жасайды. Ал мұғалім оқушылардың іс-әрекетін бағыттап, түзететін тыотор ретінде әрекет етеді [63].

В.В.Каплан және К.А.Павлюткин ЦББР-ны «пайдалану» білім алушының жеке тұлғасының жетілуі үшін, ақпараттық қоғам талаптарына өз бетінше дайындалуға қолайлы жағдай тудырады деп есептейді [64].

Шетелдік ғалымдардың H.Stein, I.Gurevich, D.Gorev жүргізген зерттеулерінде цифрлық технологияларды ендіру барысында болашақ математика мұғалімінің бойында менгеруі тиіс цифрлық құзыреттіліктерін қалыптастырығанда, олардың психологиялық, дидактикалық және техникалық кедергілердің женуге мүмкіндік беріп, сондай-ақ өздеріне деген сенімділіктерінің артқандығы туралы айтылған [65].

Елімізде білімді ақпараттандырудың ерекшеліктері, орта білімді ақпараттандырудың жалпы сұрақтары, білімді ақпараттандыру құралдарын пайдаланудың мақсатқа лайықтылығы мен тиімділігі, олардың қызметінің техникалық қырларын зерттеумен айналысқан Е.Ы.Бидайбековтің еңбектерінде ақпараттандыру әдістері мен құралдарының көмегі арқылы болашақ маман қандай ақпараттық ресурстар барлығы, олардың қайда орналасқандығы, оған қалай қолжеткізуге болатындығы және оларды өз кәсіби іс-әрекетінің тиімділігін арттыру мақсатында қалай пайдалану қажеттігі туралы сұрақтарға жауап алуды қажет екендігін атап көрсетеді [66].

Сонымен бірге, Ү.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Республикалық оқу-әдістемелік кеңесі ЖОО-лармен тығыз өзара қарым-қатынаста еліміздің барлық оқу-әдістемелік қызметтерінің, пән мұғалімдері қауымдастырының қызметін біріктіретін және үйлестіретін әдістемелік инновациялардың орталығына айналуда. Онда ЦББР-ны қолданудағы әдістемелік ерекшеліктердің сипаттамасы, электрондық оқыту жобасы аясында жасалған ЦББР-ның мазмұны мен құрылымын талдау, оқыту үдерісінде қолдану бойынша ұсынымдар жасалған және жалпы білім беру пәндері бойынша ЦББР-лар қоры жасақталуда [53, б.4].

Қазақстанда 2021 жылдан бастап Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің ғалымдары У.М.Абдигаппарова, Н.Б.Жиенбаева «Болашақ мұғалімнің студентке орталықтандырылған оқытуын цифрлық орта жағдайында трансформациялау» ғылыми жобасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылған. Жоба «цифрлық педагог» мемлекеттік жобасының талаптарына сәйкес орындалған [67].

Цифрлық технологияларды қолдану қоғам өмірінің әр саласында, соның ішінде білім беруде де әдеттегі құбылысқа айналды. Жалпы, бұл осындағы бағдарламалар дұрыс қолданылған жағдайда кез-келген мамандық үшін оқу үдерісін жеңілдетіп, жылдамдататындығымен байланысты. Алайда, нақты ғылымдар, атап айтқанда, геометрияда, мұндай оқу пәндерінде цифрлық ресурстарды қолдану алдыңғы қатарда тұрады, тіпті олар осы ғылым бойынша сапалы білім алу үшін қажетті элемент болып табылады. Цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне ендіру тек оқу қызметінің вариативтілік мүмкіндіктерін ашып қана қоймай, оны даралау мен саралау арқылы, сондай-ақ оқытуудың барлық субъектілері, яғни студенттер мен оқытушылар арасындағы өзара әрекеттестікті жаңаша ұйымдастырады, сонымен қатар, білім алушыны білім беру қызметінің белсенді және

теңқүқылы қатысушысы ретінде көрсететін тұтас білім беру жүйесін құрайды [68].

Р.І.Қадірбаевың зерттеулерінде ЦБР-ны сабакта қолданудың негізгі жеті әдісінен қарастырылған:

1) Жаңа материалды түсіндіргендеге немесе жана сабакты бекіткенде қолдану әдісі. Бұл жағдайда анимациялық, бейне үзінділер, дыбыстық файлдар, графикалық кескіндерді көрсету сияқты ЦБР-ны пайдаланған дұрыс.

2) Оқушының өзіндік оқу іс-әрекетін ұйымдастырғанда. Бұл жағдайда оқу кешенінің барлық материалдары пайдалы болуы мүмкін.

3) ЦБР-ны әртүрлі бақылауларды (кіріс, ағымдық, аралық, қорытынды) ұйымдастырғанда. Мұнда бақылау-диагностикасы оқушылардың компьютерлік тестіленуі.

4) Мультимедиялық құралдарды пайдалану арқылы ЦБР-ны нақты бір пән не бағыт бойынша топтастыруға мүмкіндік беретін әдіс.

5) ЦБР-ның артықшылығы лабораториялық жұмыстарды орындау кезінде қолдануы өте үлкен және қымбат құрылғылардан тұратын оқу кластары мен лабораторияларды алмастыруға мүмкіндік береді.

6) Жаратылыстану ғылыми циклінің пәндері мен информатика және АКТ үшін интерактивті ЦБР-ны жаттықтыруши ретінде қолдану әдісін айтуда болады.

7) Оқушыларға мұғалімнің қатысуының өздеріне ыңғайлы уақытта, өз темпінде теориялық материалдармен танысуға, лабораториялық жұмыстар мен тестік тапсырмаларды орындауга мүмкіндік беретін қашықтықтан оқытууды ұйымдастыру әдісін айтуда болады [69].

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ЦБР-ны оқу үдерісінде қолдану бойынша әдістемелік ұсынымында жаратылыстану-математика бағытындағы пәндер бойынша ЦБР-ны қолдану кезіндегі жүзеге асатын ақпараттық-білім беру саласының ерекше белгілері:

- сабак бойы әр оқушының мақсатты бағытталған оқу әрекетін ұйымдастыру;
- оқыту обьектісі рөлінен оқытуудың белсенді қатысушы рөліне ауысуы;
- тәжірибелер мен эксперименттерді қауіпсіз өткізу;
- мұғалімнің негізгі дереккөз рөлінен оқушылардың оқу іс-әрекетін бақылау мен түзетуді іске асыратын жеке кеңес беруші рөліне ауысуы, яғни ақпарат беруші міндетінен консультациялық-үйлестіруші міндетіне ауысуы.

Педагог әрекетінің өзгерісі нәтижесінде сабакқа деген дайындық та өзгереді: енді мұғалім жаңа тақырыпты түсіндірудің тиімді тәсілін ізdemей, оқушы әрекетін басқарудың жаңа тәсілін іздейді [53, б.18].

Мысалы, мектепте геометрияны оқыту келесі мақсаттарға бағытталады:

- оқушылардың математикалық білім, іскерлік пен дағды жүйесін менгеруі;
- оқушылардың болмысты танудың математикалық әдісін менгеруі, практикалық есептерді шешу кезінде өз білімін қолдана білуі;

- математикалық интуицияның, логикалық ойлауының дамуы;
- оқушылардың кеңістіктік түсініктері мен кеңістіктік елестетуін дамыту;
- батылдық, мақсаттылық, дербестік, жауапкершілік, сын тұрғысынан ойлау сияқты қасиеттерді дамыту;
- оқушылардың танымдық қызығушылықтарын және байқағыштық, елес, жады, ойлау, математикалық тілді меңгеру сияқты қабілеттерін дамыту;
- метапәндік жан-жақты оқу әрекеттерін қалыптастыру және дамыту (оқу іскерлігі), маңызды заттарды белгілеу, абстракты ойлау, талдау іскерлігі.

*Осыланысты ұсынылады:*

*Логикалық ойлауды дамыту үшін.* Теоремаларды дәлелдеу және анықтау кезінде ЦБР-ны интерактивті компонентпен бірге қолдануға болады. Осылайша, оқушылар сызбаны ЦБР негізінде жасай отырып, сәйкес қасиеттер тұрақты екеніне көздерін жеткізеді. Бұл оқушыларға сәйкес пайымдаудың болмысын жақсырақ түсінуге мүмкіндік береді.

Анимациялық дәлелдер тым көрнекі болып келеді, сонымен қатар оларда өте маңызды сәттерге көңіл бөлінеді. Бұл сабак уақытын ұнемдеуге мүмкіндік беріп, сабакты қызықты етіп көрсетеді.

Көптеген өзекті тапсырмалар автоматты түрде тексеру мүмкіндігі бар интерактивті модульдер ретінде орындалады. Осыдан оларды сабак үстінде, сонымен қатар бақылау және өзіндік жұмыстарын құрастыру кезінде қолдануға болады.

*Кеңістік формаларды зерттеу және кеңістіктік елестетуді дамыту үшін.* Геометриялық, кеңістіктік елестету кейбір балаларға тән, бірақ ондай балалар көп емес. Көптеген оқушыларға стандарттық стереометриялық нысандарды елестету және кескіндеу іскерліктерін дамыту үшін көмек көрсету қажет, яғни оларды геометриялық кеңістіктік елестетуге үйрету керек. Анимациялық модельдер түріндегі ЦБР-ның кең шоғыры мұғалімге сабак үстінде үш өлшемді фигуralарды ұсынуға, олардың қылышысын, комбинацияларын және т.б., денені айналдыруды орындауға немесе айналдыру бойынша фигураны құрастыруға мүмкіндік береді.

Интерактивті өзара әрекет әдісі – пайдаланушы құралдарды басқару арқылы екі жақты байланысты алуға мүмкіндік алады. Интерактивті әдістердің мәндік ерекшелігі, сипаттамасы – бұл субъектілердің өзара әрекеттестігінің бір бағыттағы белсенділігінің жоғарылығы, қатысушылардың өзара әрекеттестігі, эмоционалдық, рухани бірігуі. Үш өлшемді модель – объекттің үш өлшемді бейнесі мен пайдаланушыға кеңістіктегі берілген объекттің орнын өзгертуге мүмкіндік беретін құралдарды басқару жиынтығын ұсынатын ақпараттық объекттің типі.

Оқушылардың кеңістіктік елестетуін дамыту үшін келесі тиімді тәсілдер пайдаланылады: фигуralарды көрсету, геометриялық фигуralардың орналасу орнын бір-бірімен салыстыру, модельдеу, фигуralардың сауатты түрде кескінделуі, сызбаны оқу. Бұл тәсілдер жүйелі әрі кешенді түрде қолданылған кезде жақсы нәтиже береді.

Оқушылардың кеңістіктік елестетуін қалыптастыруда интерактивті тапсырмалар мен үш өлшемді модельдер ерекше рөл атқарады.

Бірінші кезеңде геометриялық есептің берілген шартымен танысу – бұл берілген геометриялық фигураны және оның элементтерін кеңістікте елестету, екінші кезеңде – есеп шартына сәйкес жазықтықта жазық немесе кеңістік фигураның көрнекі кескінін салу. Осы екі кезеңдегі тапсырмалар неғұрлым дұрыс орындалса, соғұрлым есепті шығарудың келесі кезеңдері дұрыс орындалатын болады. Дұрыс сыйбаны салу – оның шешімін табу жолын түсіндіру деген сөз, сонымен бірге кеңістіктік елестету және жалпы сыйбаны «көру» іскерлігі қалыптасады.

Үш өлшемді модельдермен жұмыс істеген кезде, ЦБР-ның ерекшелігі кез-келген уақытта геометриялық фигура кескінінің орналасу ракурсын өзгертуге болады. Бұл оның басты маңызды белгісі болып табылады. Эрине, осында ортада жұмыс істеген кезде, білім алушының кеңістіктік елестеуі өте жақсы дамиды. Кеңістіктегі салуға немесе кескіндеуге берілген есептерді жаңаша қойып шешуге мүмкіндік туады, сонымен қатар шығарудың дұрыстығын тексеру, геометриялық нысанға түрлі жақтардан қарау арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

*Тәжірибелік дағдыларды дамыту үшін.* Стереометрия курсын оқып үйрену барысындағы нақты есептерді шешу – бұл мақсаттың өзі болып табылмайды. Негізгі мақсат – есептегі ұсынылған геометриялық нысанды талдау іскерлігін қалыптастыру, бөлшектерін, қасиеттерін танып-білу болып табылады. Базалық деңгейде есептерді шешу іскерлігі – кез келген деңгейдегі геометрияны менгеру үшін міндетті шарт.

ЦБР-ға геометрия және стереометрия бойынша көптеген ақпараттық нысандардың типтері енеді. Мұнда конструктивтік дағдыны дамытуға байланысты тренажерлер, елестету, жағдаяттарды модельдеуді және т.б. қалыптастырудың мүмкіндік беретін дайын сыйбалар, анимациялары бар тапсырмаларға арналған иллюстрациялар берілген [53, б.20].

Қазіргі таңда «динамикалық геометрия» немесе интерактивті геометриялық жүйелер идеясынан бастау алатын бағдарламалық орталар жоғары бағаланады. Бұл қатардағы бағдарламалар ақпараттық технологиялар арқылы геометрияны оқытудың ең тиімді құралы ретінде бүкіл әлемде кеңінен танылған. Егер жалпы динамикалық геометрияның бағдарламалары туралы айтатын болсақ, онда «бұл динамикалық сыйбаларды, яғни компьютерлік геометриялық сыйба-модельдерді жасауға мүмкіндік беретін орта, ондағы барлық сыйба алгоритмін сақтай отырып бастапқы деректерді өзгертуге, арасында қайта қарауға, олармен жұмыс жүргізуге болады» [70].

Шетелде студенттерге геометрияны оқыту үдерісінде цифрлық білім беру ресурстарын қолдануда динамикалық геометрия жүйелері (DGS – dynamic geometry software) үлкен танымалдыққа ие. Шетелдік ғалымдардың жасап шығарған динамикалық геометрия бағдарламалық өнімдері оқу құралы ретінде де, оқыту құралы ретінде де қолданылуда.

Ең алғаш 1986 жылы Jean-Marie Laborde мен Franck Bellemain бастаған Франция ғалымдары Гренобль информатика және қолданбалы математика институтының Joseph Fourier зертханасында Cabri Geometry бағдарламалық жасақтамасын жасап шығарған болатын. Cabri Geometry-дің дамуымен қатар 1989 жылы Nicholas Jackiw бастаған АҚШ ғалымдары The Geometr's Sketchpad бағдарламалық жасақтамасын әзірледі.

Осы бағдарламалық өнімдермен жұмыс істейтін және оларды оқу үдерісінде қолданатын ғалымдар тобы арасында өзара бәсекелестік пайда бола бастады. Бұл бәсекелестік барысында бағдарламалық өнімдердің өзі де, оларды пайдалану әдістері де үнемі қазірге дейін жетілдірілуде.

Сонымен қатар, бірқатар шетелдік ғалымдардың пікірінше, динамикалық геометрия жүйесінің пайда болуы математикалық білім беру саласындағы зерттеушілерге осы нақты ортада, білім алушылардың геометрияны түсіну деңгейінің өсуін қамтитын әдіс тәсілдерді әлі де әзірлеуді қажет етеді [71].

Динамикалық геометрия жүйелері ең алдымен мектеп геометрия курсының есептерін шешуге арналған: онда нұкте, вектор, кесінді, түзулердің барлық түрлерін салуға болады; тендеудің құрамындағы кейбір параметрлерін (немесе бірнеше параметрлерін) динамикалық түрде өзгертуге болатын элементар функциялардың графиқтерін салу; берілген түзуге перпендикуляр және параллель түзулер мен кесінділерді, бұрыштардың биссектрисаларын салу; кесінділердің ұзындықтарын, көпбұрыштардың аудандарын және т.б. анықтау. Сонымен қатар, кейбір динамикалық геометрия жүйелерінде нұктелердің координаталарын объектілер панелінде қолмен, ал қисық сзызықтар мен олардың жанамаларының тендеуін енгізу жолында сәйкес командаларды пайдалана отырып ендіруге болады. Динамикалық геометрия жүйесі студентке түсіну қыын соғатын, проективтік геометрия және дифференциалдық геометрия бөлімдерімен де тиімді жұмыс жүргізуге мүмкіндік береді [72].

М.В.Шабанованаң пікірінше динамикалық геометрия жүйесі (DGS – dynamic geometry software) – бұл ғылыми және білім беру бағытындағы бағдарламалық өнім, математикалық объектілердің динамикалық бейнесін құруға және ол бейнелерді олардың қасиеттерін зерттеуге, қолдануға мүмкіндік береді [73].

В.Р. Майер, Т.В. Апакина, А.А. Ворошилова және т.б. ғалымдардың көп жылдық зерттеулері мен динамикалық геометрия жүйесіндегі ұзақ уақыт жүргізілген жұмыстарына сүйенсек, компьютерлік бағдарламаларды қолдану геометрияны оқытуда қыыншылық тудыратын бірқатар мәселелерді шешуге, кейде тіпті оларды толық жоюға мүмкіндік береді [74].

Динамикалық геометрияға арналған бағдарламалық қамтамасыз ету отыз жылдан астам уақыт бойы жұмыс істеп келеді, ол бүкіл әлем елдерінде кеңінен қолданылып, қазір математикалық білім берудің таптырмас құрамдас бөлігі болып отыр. Осы уақытқа дейін динамикалық геометрия құралдары бір орталық сценарий бойынша құрастырылып келген: пайдаланушы бірнеше

(еркін) нүктелерді таңдалап алып олардан басқа нүктелер немесе басқа геометриялық объектілерді құрастырады. Содан кейін пайдаланушы таңдалған бос нүктені жылжыта отырып («сүйреп апарады») және құрастырылған нүктелер мен басқа салынған нысандардың қалай өзгеретінін зерттей алатын болған. Ал M. Selakovich, V. Marinkovich, P. Janikich және т.б. ғалымдар тобының қосқан жаңалығы бойынша, DGS-тың жаңа мүмкіндігі пайда болды, онда: пайдаланушы салынған нүктелерді жылжытып, бос нүктелер мен салынған нысандардың сәйкесінше қалай өзгеретінін зерттей алады. Бұл сценарийдің ерекшелігі сол, мұнда геометриялық салу есептерін шығаруға пайдалануға болады. Ғалымдар DGS-тың бұл мүмкіндігін сенсорлық құрылғыларға арналған Touch&Drag құралының прототипіне енгізген. Ұсынылған функцияны басқа DGS құралдарында да іске асыруға болады [75].

R.Ziatdinov, V.M.Rakuta динамикалық геометрия жүйелерінің қазіргі математикалық білім беру жүйесіндегі компьютерлік модельдеу қуралы ретінде жүргізген зерттеулерінде университетте геометрияны, сондай-ақ оның тиімділігін арттыру мақсатында мектеп геометриясын оқытуда компьютерлік модельдерді қолданумен байланысты бірқатар мәселелер қарастырылған. Қазіргі кездегі геометриялық білім беруде бірқатар есептерді шешудің тиімді жолдарының бірі – динамикалық геометриялық орта GeoGebra-ны пайдалану екенін көрсете білген. Сондай-ақ GeoGebra көмегімен жасалған компьютерлік үлгілердің кейбір мысалдарын көлтірген. GeoGebra көмегімен жасалған компьютерлік модельдерді пайдалану аналитикалық және проективтік геометрияларды, сонымен қатар мектеп математика курсын оқудың тиімділігін одан әрі арттыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Компьютерлік модельдермен алмасу үшін веб-қызметтерді құру және дамыту оларды пайдаланудың тиімділігі мен жүйелілігін арттыру жолындағы қажетті, уақытылы және маңызды қадам болып табылады. Дегенмен, ЖОО-лардың және жалпы орта оқу орындарының оқу үдерісіне компьютерлік модельдерді енгізу мәселелері осы салада әрі қарай зерттеуді талап етеді. Атап айтқанда, геометриядан мектеп бағдарламасының жекелеген тақырыптары мен тарауларын оқу барысында әдістемелік ұсыныстарға сәйкес келетін дайын үлгілер жинағын, оқушыларға арналған жаттығулар мен тапсырмалар жүйесін құру қажеттілігі туындастырылығын анықтаған [76].

Қазіргі уақытта көптеген динамикалық геометрия жүйелері бар, олардың көпшілігі тегін және қол жетімді, оларға:

- екі өлшемді (2D) геометриялық объектілермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтамалар: The Geometer's Sketchpad, GeoGebra, Cabri Geometry, C.a.R., Cinderella 1.4, Cinderella 2.0, Geometrix, Geometry Explorer, GeoNext, Kig, KSEG, Live Geometry және т.б.
- үш өлшемді (3D) геометриялық объектілермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтамалар: Cabri 3D, GeoGebra (5.0 Beta нұсқасынан бастап), Geometria, Mathematic, GeomSpace, GeomView,

Archimedes Geo3D, GEUP 3D, Yenka 3D Shapes, WIRIS және т.б. iPhone/iPod Touch, Windows, GNU/Linux және Mac OS X, Android сияқты платформаларында жұмыс істеуге болады [77].

1 – кестеде геометрияны оқытуда кеңінен қолданылатын динамикалық геометрия жүйелері мен олардың функционалдық мүмкіндіктеріне салыстырмалы талдау жасалды.

Кесте 1 – Динамикалық геометрия жүйелерінің салыстырмалы талдау нәтижесі

Динамикалық геометрия жүйелері	Cabri Geometry	GeoGebra	The Geometr's Sketchpad	Математический конструктор	GeoNext
Өндіруші ел	Франция	Австрия	АҚШ	Ресей	Германия
Лицензия	Ақылы	Тегін	Ақылы	Тегін	Тегін
Тілі	француз, ағылшын, орыс және т.б.	қазақ, орыс, ағылшын және т.б.	ағылшын, испан, орыс және т.б.	орыс, ағылшын, және т.б.	неміс, ағылшын, испан, орыс және т.б.
Платформасы	Windows, Mac OS X	Windows, Linux, Mac OS X	Linux, Windows, Mac OS X (Java)	Windows, Linux, MacOS	Windows, Linux, Mac OS X
Функционалдық мүмкіндіктері:					
Өлшеу және есептеу	+	+	+	+	+
Геометриялық нүктелердің орналасуы	–	+	+	+	–
Анимация	+	+	+	+	+
Тексеру	–	+	–	+	–
Тригонометриялық функциялар	+	+	+	+	+
Арифметикалық өрнектер	+	+	+	+	+
Теоремаларды дәлелдеу	–	+	–	–	–
Графиканы әртүрлі кескін пішіміне экспорттау мүмкіндігі	PNG+ Jpg+ GIF– Pdf–	PNG+ Jpg+ GIF– Pdf+	PNG+ Jpg+ GIF– Pdf–	PNG+ Jpg– Pdf– Svg+	PNG+ Jpg+ GIF– Pdf–

Осылайша зерттеу жұмыстарын жүргізуге динамикалық геометрия жүйелерінің интерфейстерін, функционалдық мүмкіндіктерін ескере отырып, пайдалануы тегін, әрі қазақ тіліндегі аудармасы бар бірден бір

математикалық бағдарлама екенін ескере келе GeoGebra динамикалық геометрия жүйесіне кеңірек тоқталайық.

«GeoGebra» – бұл геометрия мен алгебраны, кестелерді, графиктерді, статистика және математикалық анализді бір ортаға әкелетін, білім берудің барлық деңгейіне арналған интерактивті компьютерлік бағдарлама. Ол бүгінде ғылым, технология, инженерия және математиканы үйренуге арналған алдыңғы қатардағы интерактивті бағдарламаға айналып келеді. Бағдарламаны Markus Hohenwarter Java тілінде жазған. Қазіргі уақытта бағдарлама қырық шақты тілге аударылып, белсенді қолданылу үстінде.

GeoGebra-ның стереометрия режимі 3D нысандарымен жұмыс істеуге арналған. Экран екі бөлімге бөлінген: алгебралық және графикалық көріністер. Құралдар тақтасы тікелей графикалық көрініс терезесінен 3D нысандарын жасауға арналған құралдардың кең ауқымын ұсынады. Онда тек геометриялық есептерді ғана емес, сонымен қатар алгебра және математикалық талдау есептерін шешуге мүмкіндік беретін көптеген құралдар мен командалары бар.

Zoltan Kovacs, Tomas Recio, M. Pilar Velez және т.б. ғалымдар тобы GeoGebra-ның дамуына қомақты үлес қосуда. Бұл ғалымдар тобы GeoGebra-ның мүмкіндіктерін жылдан жылға жетілдіріп, түрлі құрделі командаларды орындаған алғашқы жағдайға жеткізді. Мысалы, жақында геометриялық теңсіздіктерді автоматты түрде дәлелдейтін немесе анықтай алғашын GeoGebra Discovery пакетін пайдаланушыларға ұсынған болатын [78].

Соңғы жылдары әлемде ЦББР-ны оның ішінде виртуалды және толықтырылған шынайылық технологияларын (VR/AR) білім алушыларды геометрия курсын оқыту үдерісінде қолдану мүмкіндіктері қарастырылада.

Осы орайда геометрияны оқытуға арналған ЦББР-ны талдау жасай келе жалпы виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологиясы және оның геометрияны оқыту үдерісінде қолданылуы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың еңбектерін қарастырамыз.

VR/AR технологиясы заманауи ақпараттық технологиялардың жетекші тенденциясы болып табылады, олар барлық салаларда қолданыла бастады және осы технологияларды қолданудың өсу перспективалары өте жоғары. 2020 жылдан бастап І.Алтынсарин атындығы Ұлттық Білім академиясында, «Жалпы білім беретін мектептің оқу үдерісінде виртуалды және толықтырылған шындықты қолданудың әдістемелік, психологиялық, педагогикалық және технологиялық аспектілері» ғылыми жобасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2020-2022 жылдарға арналған гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырылған [79].

1990 жылдардың соңынан бастап VR технологияларды зерттеумен айналысып келген Стэнфорд университетінің коммуникация профессоры Jeremy Bailenson пікірі бойынша, VR технологиялар сабактарды алмастыра алмайды, тек білім беру барысында қосымша құрал ретінде пайдалануға тиімді. «VR технологияларды сабак барысында қолдану күнделікті дәстүрлі білім беру жүйесіне аздаған өзгерістер енгізуі қажет етеді. Дегенмен,

виртуалды әлемге саяхат жасау оқушыларға пайдалы болар еді», деп есептейді. Профессордың айтуы бойынша, VR технологияларды кез келген сабак барысында пайдалану мүмкін емес. «Мысалы, етістіктер туралы сабак барысында мұндай технологияны пайдалана алмаймыз. Ол үшін сыныпта тақтаның болуы жеткілікті. Ал басқа жерге бармай-ақ көрсетуге тұрарлық дүниелер болса, ол үшін, әрине, виртуалды шынайылық технологиясы қажет», – деп есептейді профессор [80].

М.В.Дербуштың пікірінше AR технологиясы олардың үстіне қойылған виртуалды кескіндермен біріктірілген нақты объектілерді көруге мүмкіндік береді, бұл қолданушының алынған объектімен бір шынайылықта жүргендей әсер тудырады. Берілген технология негізінде жасалған арнайы бағдарламалар мен қосымшаларды геометрияны оқыту үдерісінде, атап айтқанда, стереометрияны (оның ішінде 5-6 сыныптарда пропедевтикалық кезеңде де) оқытуда қолдану айтартылғанда үлес қоса алады. Стереометрияны оқытуда ақпараттық технология құралдары бұрыннан сабактың негізгі қажетті құралы болып табылады. Мұғалімдер оқушыларға оқытылатын геометриялық фигуралар мен оның элементтерін жан-жақты, әсіресе динамикада көрсету үшін әртүрлі мүмкіндіктерді іздейді. Себебі, стереометрия курсы оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамытуды жүзеге асыратын бірден-бір курс болып табылады. Ол үшін «Live Geometry», «Maple», «Stereoconstructor» және т.б. сияқты танымал бағдарламаларды пайдалану ұсынылады [81].

Л.Н.Гумилев атындағы Евразия ұлттық университетінің ғалымдары З.К.Калкабаева, Н.Т.Шындалиев оқу үдерісінде қолданысқа енгізілген VR/AR қосымшаларын цифрлық ресурс ретінде сабакта пайдаланудың тиімділігін анықтаған. Цифрлық ресурстар арқылы оқу материалдарын менгеруде білім алушының есте сақтау қабілетінің арта түсетінін бақылап, зерттеу жұмыстарында Vuforia және Unity 3D бағдарламалық жабдықтарын пайдаланудың тиімділігі туралы айттылған. Сонымен қатар, ғалымдардың жүргізген сауалнама нәтижелері бойынша білім алушылардың VR/AR құрылғыларын сабакта қолданғысы келетіндігін, VR/AR қосымшаларын құруды үйренуге деген қызығушылықтарының артқандығы туралы кеңінен сипаттама берілген [82].

Е.Р.Садыкова, О.В.Разумованаң еңбектерінде «Жазықтықтағы және кеңістіктең геометриялық конструкциялар» курсының аясында оқытылатын тақырыптар бойынша: мультимедиялық сабактар, уақыт таспасы, QR-кодтар, интеллект карталар, инфографика, үш өлшемді графика, VR/AR сияқты визуализация құралдары пайдаланыла отырып құрастырылған. Сабакта визуализация құралдарын қолдана отырып оқытудың белсенді формаларын пайдалану, жобалық және зерттеу жұмыстарын жүргізу, оқу тапсырмаларын сәтті орындауға, танымдылық белсенділіктері мен өз бетінше жұмыс жасау қабілеттіліктерін дамытуға ықпал еткендігі айттылған [83].

H. Kaufmann, D. Schmalstieg зерттеулерінде геометрия саласындағы AR технологиясын қолданудың жарқын мысалына Construct3D қосымшасы

жатады, ол үш өлшемді геометриялық объектілерді салуға арналған құрал болып табылады. Бұл қолданба басына орнатылған стереоскопиялық дисплейлер мен жеке интерактивті панельдерді пайдаланады. Construct3D қосымшасы бірнеше адамға бір кеңістікте жұмыс істеуге және нақты әлемге салынған әртүрлі геометриялық модельдерді құруға мүмкіндік береді [84].

AR технологиясының дамуы стереометриялық объектілерді зерттеудің жаңа бейнесін ашады. О.П.Белова мен А.А.Казнин стереометриялық объектілерді визуализациялау үшін Construct3D қосымшасын қолданудың мүмкіндіктері туралы айтып, оқушылардың кеңістіктік ойлауын дамыту үшін бұл конструктордың ерекше маңыздылығын атап көрсетеді [85].

S.A. Becker, M. Brown, E. Dahlstrom және т.б. ғалымдар тобының зерттеулерінде AR технологиясы геометрияны оқытуда кеңінен қолданылады, бірақ геометриялық объектілерді қарапайым визуализациялаумен шектелмейді, ол оқушының нақты ортада виртуалды объектілермен әрекеттесуіне жағдай жасайды. AR технологиясы виртуалды және аралас шынайылық технологияларын «таяу онжылдықтың негізгі білім беру технологиялары» деп атайды [86].

Л.В. Шелевердің пікірі бойынша AR технологиясын математикаға енгізудің өзектілігі мынада: мұндай инновациялық құралды пайдалану білім алушылардың стереометрияны оқып-үйренуге деген ынтасын, сонымен қатар ақпаратты көрсетудің әртүрлі формаларын синтездеу арқылы менгеру деңгейін арттыруға ықпал етеді. AR технологиясын стереометрияда қолданудың үлкен артықшылығы оның анықтығы, ақпараттың толықтығы мен интерактивтілігі болып табылады, бұл студенттердің бейнелі ойлауын және кеңістіктік түсініктері мен елестетуін дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, математиканы оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – оқушылардың абстрактілі ойлауын дамыту болғандықтан, бұл мақсат көрнекі құралдарды пайдалану арқылы айтарлықтай жеңілдетіледі. Сондықтан стереометрияны оқытуда заманауи виртуалды оқыту құралдарын пайдалану білім алушылардың кеңістіктік елестетуін дамытудың негізгі шарттарының бірі болып табылады, ол 3D модельдеудің интерактивтілігі мен толықтырылған шынайылық әсерін қолданудан тұрады. Қолымызда қағаз бетіне басылған кескін ұлғілері жинағы болатын болса ғалымның айтудың, біз кез келген уақытта оқу нысанының тек көлемін ғана емес, сонымен қатар онымен бірқатар манипуляцияларды жасай аламыз, яғни оған «бүйірден» немесе «жоғарыдан» қарай аламыз [87].

Ю.В.Корнилов, М.У.Мукашева, С.М.Сарсымбаеваның VR/AR технологияларын қандай пәндерді (бірнеше таңдау мүмкіндігі бар сұрақ) оқытуда қолданған дұрыс болатындығы туралы білім алушылардың пікірін білу барысында жүргізген зерттеулерінде, респонденттердің 93%-дан астамы жаратылыстану-ғылыми пәндерін оқытуда, жартысы математикалық және гуманитарлық пәндерді оқуды қалайтынын айтса, ал респонденттердің тек 10% ғана VR/AR технологияларын пайдалана отырып дene шынықтырумен айналысқысы келетіндіктерін айтқан, бұны ғалымдар ең алдымен, виртуалды

орта жағдайында физикалық белсенділік кезінде жарақат алу қаупімен және спортпен шұғылданғандағы толықтырылған шынайылықтың тиімділігінің төмендігімен түсіндіреді [88].

Сонымен қатар S. Cai, E. Liu, Y. Yang, JC. Liang ғалымдар тобының зерттеулерінде толықтырылған шынайылықты математика сабағында қолдану студенттердің визуализация, сынни ойлау дағдылары мен есептерді шешу және қарым-қатынас дағдыларын жақсартуға көмектесетінін көрсететін қарастырған [89].

AR технологиясын геометрияны оқыту үдерісінде қолдануды зерттеулерге арналған мақалаларға шолу С.Игнатьев, З.Третьякованың еңбектерінде кеңінен келтірілген [90].

Осылайша, толықтырылған шынайылық білім алушыны геометриялық фигура және денелермен әрекеттесу ортасына енуге мүмкіндік беріп, олардың ынтасы мен қызығушылықтарын арттырады, бірақ AR технологиясы тәжірибе жүргізу кезіндегі қурделі математикалық абстракцияларды менгеруде мұғалім мен білім алушының күш-жігерін бірлескен түрде үйлестіруге бағытталғанын түсіну маңызды.

Математикалық білім беру саласындағы ізденуші-ғалым ретінде, біз, кеңістіктік елестетуді дамыту – толықтырылған шынайылықты дұрыс пайдаланған жағдайда пайда болатын маңызды нәтиже деп санаймыз. Геометрияны оқу барысында білім алушылардың ішкі визуализациялау үдерісін ынталандыру үшін AR анимацияларын жасау өте пайдалы. Өйткені геометрия жақсы дамыған кеңістікті визуализациялау қабілетін талап етеді [91].

Қазіргі таңда қоғамда жасанды интеллектіні (AI) математикада пайдалану күн сайын адам қызметінің түрлі салаларында әсіресе экономика, инженерия және т.б. есептерді шешу кезінде бірге жүруде. Әрине, математикалық есептерді жасанды интеллект тұрғысынан қарастыру және математикадан дәрістер мен практикалық сабактарда әрбір студенттің мұндай білім ағынын түсіну және игеру қабілеті туралы мәселе туындаиды.

ҚР Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбек елордада жоғары білім және ғылым форумында еліміздің жоғарғы оқу орындарының оқыту бағдарламасына жасанды интеллект бойынша міндетті курс енгізілетіндігі туралы айтты. «Келешекте жасанды интеллектіні менгерген мамандар сұранысқа ие болады, ал игермегендер – жұмыс орындарынан айырылады. Сондықтан, естерінізде болса бірінші стратегияны цифрлық сауаттылық ұғымынан бастаған едік. Барлық жерде цифрлық сауаттылық болуы керегін айттық. Өздеріңіз көргендей, бір жылда әлемде үлкен өзгерістер болды, біз енді цифрлық емес, жасанды интеллект саласында сауатты болу керегін айттып жатырмыз. Біз қазір Google компаниясымен бірлесіп, жасанды интеллект сауаттылығы жөніндегі курсы пысықтап жатырмыз», – деді Саясат Нұрбек [92].

Әлемде жасанды интеллектіні компьютердің көмегімен пәнді оқытуудың жолдары мен әдістері ретінде түсінеді. Оның көмегімен

математикалық функциялар басқарылады, сонымен қатар компьютермен басқарылатын роботтың көмегімен түрлі математикалық есептерді шешу жолдары да қарастырылады.

Математика – білім алушылардың көпшілігі меңгеруі қажет негізгі пән, бірақ математикалық есептерді түсіну және шешу қын болуы мүмкін. Жасанды интеллектпен жұмыс істейтін математикалық бағдарламалар білім алушыларға жұмыстарын тексеруге, әр қадам сайын түсініктемелер алуға және математикалық есептерге жылдам жауап алуға көмектесетін құрал ретінде танымал болуда.

Жасанды интеллект қолданатын және білім алушыларға қолжетімді болатын математикалық есептерді шешуге арналған кейбір қосымшаларды қарастырайық. Бұл қолданбалардың құралдары қазіргі заманғы алгоритмдерді пайдаланады, ықтималдықтар теориясы, математикалық талдау, геометрия және т.б. сияқты бірқатар математикалық пәндерді өндейді. Бұл құралдар интерактивті тақтаны бейнелейді және соның арқасында математикалық есептерді шешудегі қыындықтар артта қалады.

ChatGPT – бұл ғаламтордан алынған кең мәліметтерден дайындалған жасанды интеллект. Ол адам ретінде диалог жүргізеді, сұрақтарға жауап береді, алдыңғы хат-хабарларды ескереді, бірнеше тілде қарым-қатынасты қолдайды, бағдарламалау тілдерінің синтаксисін біледі. ChatGPT-ді оқу мақсатында пайдалану білімді кеңейту, түсініктеме алу және әртүрлі тақырыптар бойынша сұрақтар қою үшін пайдалы болуы мүмкін.

Smodin Omni жасанды интеллект негізіндегі математикалық есептер шешуші – күрделі математикалық есептердің жетілдірілген шешімін құрайды. Күрделі алгоритмдік тәсілді қолдану арқылы әзірленген ол нақты шешімдерді дәйекті түрде жеткізу арқылы уақытты айтарлықтай үнемдейді және академиялық нәтижелерді жақсартады.

Photomath – жасанды интеллектпен жұмыс істейтін қолданба математикалық есептерді шешудің жаңа тәсілін ұсынады. Ол пайдаланушыларға математикалық есепті суретке түсіріп, содан кейін қолданба бірден қадамдық шешімді ұсынады.

Google компаниясы ұсынған Socratic қосымшасы – үй тапсырмасы бойынша көмекті қажет ететін студенттерге арналған платформа. Қолданбаның мықтылығы, негізгі арифметикадан кеңейтілген есептеулерге дейінгі математикалық есептерді тақырыптар бойынша біртіндеп түсіндіруінде. Оған қоса, онда бейнежазбалар, анықтамалар және пайдалы сілтемелер бар, ол мәселелерді шешіп қана қоймай, сонымен қатар студенттерге процесті түсінуге көмектесетін жан-жақты білім беру құралын ұсынады.


Wolfram Alpha – көптеген пәндердегі, соның ішінде математикадағы фактілік сұрауларды шешу үшін жасанды интеллектті пайдаланатын кешенді білім жүйесі. Ол студенттерге негізгі ұғымдарды түсінуге көмектесетін қадамдық шешімдерді ұсыну арқылы күрделі математикалық есептерді және графикалық функцияларды шешу қабілетімен ерекшеленеді. Математикалық түсініктер, формулалар мен теңдеулердің кең қоймасына қол жеткізе отырып,

Wolfram Alpha – оқуда ұздік болғысы келетін кез келген математика студенті үшін баға жетпес құрал болып табылады [93].

AlphaGeometry – бұл жасанды интеллект жүйесі ашық бастапқы жүйе болып табылады және стандартты белгіленген уақыт шегінде олимпиаданың 25 геометриялық есебін шешу арқылы бұрынғы осыған ұқсас жүйелерден асып түсті. DeepMind мәлімдемесі бойынша AlphaGeometry геометриялық теоремаларды дәлелдеу, сондай-ақ есептерді шешудің онтайлы қадамдарын таңдау және дәлелдеу мүмкіндігі бар. DeepMind – Google компаниясының жасанды интеллект саласындағығының-зерттеу зертханасы.

Осылайша, геометрияны оқытуда жасанды интеллектті қолдану бүгінгі таңда өзекті деп айта аламыз. Жасанды интеллект білім алушыларға құрделі есептерді шешуге, геометриялық терминдерді жақсырақ түсінуге және геометриялық лекциялар мен зертханалық сабактарда жоғары жетістіктерге жетуге көмектеседі.

Жоғарыда келтірілген геометрияны оқытуға арналған ЦБР-ларға талдаулар оку үдерісінде компьютерлік бағдарламалар мен қосымшаларды қолдану маңызды екенін көрсетті. Осыған орай мектеп геометрия курсын оқытуда қолданылуға тиімді бағдарламалар және қосымшаларының жіктемесі жасалды (1-сурет).



Сурет 1 – Геометрияны оқытуда қолданылатын бағдарламалар және қосымшалар жіктемесі

Жүргізілген зерттеулерге жасалған сараптаулар мектеп геометрия курсын оқытуға арналған ЦББР, оқыту мен білім беруді жақсарту үшін кең мүмкіндіктер ұсынатындығын көрсетті. Сонымен геометрия курсын оқытудағы әдістерді ЦББР-ны қолдану арқылы қол жеткізілетін негізгі мүмкіндіктер қатары мынадай болатындығын анықтадық (2-сурет):



Сурет 2 – ЦББР-ны қолдану арқылы қамтамасыз етілетін негізгі мүмкіндіктер

1. Интерактивті оқыту: цифрлық ресурстар интерактивті оқытуға мүмкіндік береді. Студенттер интерактивті модельдеу, виртуалды манипуляциялар және белсенді қатысу мен зерттеуді ынталандыратын динамикалық мазмұнмен айналыса алады.

2. Визуализация және модельдеу: визуализация және модельдеу күралдары білім алушыларға абстрактілі математикалық ұғымдарды түсінуге көмектеседі. Геометриялық түрлендірүдерді түсіну немесе есептеу тұжырымдамаларын үйрену болсын, визуализация курделі идеяларды қол жетімді етеді.

3. Жеке-дара оқыту: бейімделген оқыту платформалары мазмұнды, білім алушының жеке қажеттіліктеріне бейімдейді. Бұл ресурстарда білім

алушының қарқыны мен өнімділігіне негізделген жеке жаттығулар, түзетулер немесе курделі тапсырмалар болуы мүмкін.

4. Накты қолданбалар: цифрлық ресурстар оқытушыларға нақты әлемдегі қолданбаларды геометрия сабактарына ендіруге мүмкіндік береді. Бұл теориялық ұфымдар мен олардың практикалық қолданылуы арасындағы алшақтықты жояды, геометрияны студенттер үшін өзекті және қызықты етеді.

5. Жедел кері байланыс: онлайн бағалаулар мен викториналар студенттерге жылдам кері байланыс береді. Бұл қате түсініктерді анықтауға көмектеседі, дер кезінде араласуға мүмкіндік береді және қайталанатын оқу үдерісіне ықпал етеді.

6. Бірлесе отырып оқыту: цифрлық платформалар бірлескен оқуды женілдетеді. Студенттер геометриялық есептерді шешу үшін бірлесіп жұмыс істей алады, виртуалды пікірталастарға қатысады және оқу үдерісінде қоғамдастық сезімін оята отырып, өз идеяларымен бөлісе алады.

7. Әртүрлі оқу материалдарына қол жеткізу: ғаламтор геометрияға арналған цифрлық ресурстардың кең ауқымын ұсынады: бейнелекциялардан интерактивті ойындарға дейін. Бұл әртүрлілік түрлі оқу стильдерін қамтамасыз етеді және студенттерге әртүрлі ақпарат құралдары арқылы геометриялық түсініктерді үйренуге мүмкіндік береді.

8. Қашықтан оқыту мүмкіндіктері: цифрлық ресурстар студенттерге геометриялық материалдарға кез келген жерден қол жеткізуге мүмкіндік беру арқылы қашықтықтан оқытууды қолдайды. Қашықтықтан оқыту шалғайдағы немесе жету қыын жерлерде, сондай-ақ денсаулығы немесе ұтқырлығы бойынша шектеулері бар студенттерге қол жеткізуге мүмкіндік береді.

9. Ойын негізінде оқыту: геометриялық ресурстардағы геймификация элементтері оқуды қызықты етіп, белсенді қатысуға ынталандырады. Оқыту ойындары мен тапсырмалары геометрияны тартымды тәжірибеле айналдырып, ондағы тапсырмалар: жетістіктер, ұпайлар және көшбасшылар тақтасы және т.б. студенттердің тапсырмаларды орындауға деген қызығушылығын арттырады.

10. Студенттердің біліктілігін арттыру: цифрлық ресурстар студенттердің ұздіксіз білім алуына көптеген мүмкіндіктер ұсынады. Студенттер геометриялық білім берудегі озық тәжірибелер мен жаңа әдістемелерден хабардар болу үшін онлайн курстарға, конференцияларға, вебинарларға және ынтымақтастық платформаларына қол жеткізе алады.

11. Деректерге негізделген шешім қабылдау: цифрлық платформалар арқылы жасалған аналитика студенттердің үлгерімі туралы құнды ақпарат береді. Оқытушылар тенденцияларды анықтау, оқыту әдістерінің тиімділігін бағалау және оқу нәтижелерін жақсарту үшін негізделген шешімдер қабылдау үшін деректерді жылдам, әрі оңай талдай алады.

12. Қолжетімділік және инклузивтілік: цифрлық құралдар әртүрлі оқу қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жасалуы мүмкін. Мәтінді сөйлеуге ауыстырып, бапталатын қаріптер және интерактивті элементтер сияқты

мүмкіндіктер қол жетімділікті жақсартып, геометриялық білімді барлық білім алушылар үшін инклузивті ете алады [94].

ЦББР-ның мұндай мүмкіндіктерін геометрия сабактарында ұтымды пайдалану студенттерге анағұрлым серпінді, тартымды және инклузивті оқу ортасын қамтамасыз ету арқылы дәстүрлі геометриялық білім беруді өзгерту мүмкіндігіне ие бола алады деп есептейміз.

Жоғарыда ұсынылған ЦББР-ның мүмкіндіктері, геометриялық білім беруде қолданылатын бағдарламалар жіктемесі тұрғысынан қарастыру зерттеудің қазіргі жағдайына талдау жасауды қажет етеді.

## **1.2 Математикалық білім берудегі геометрияны оқытудың және цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың қазіргі жай-күйі мен жетілдіру мәселелері**

Қазақстан Республикасы жоғары білім беру мемлекеттік стандарттарының тұжырымдамасында: «Жоғары оқу орындарын бітірушілердің дайындық деңгейіне қойылатын талаптар түрінде белгіленген қоғамымыздың жаңа әлеуметтік тапсырыстары, өз кезегінде оқыту бағдарламаларын өзгертуді сондай-ақ, студенттердің алатын білім сапасын көтеріп, бүгінгі күнге сай кәсіптік дағдыларды игеруге бағытталған оқытудың жаңа технологияларын енгізуі көздейді», – деп көрсетілген [95].

ЖОО-ларда қоғамның әлеуметтік тапсырыс талаптарына сай білім беруді жаңа сапалық деңгейге жеткізуде ЦББР-ны тиімді пайдалану болашақ математика мұғалімдерінің білім алуда өздігінен ізденуге, білімді игеруге даярлау қажеттігін туындаратады.

Жоғары оқу орындарында компьютерді ғылыми-педагогикалық іс-әрекет процесінде геометрия курсы бойынша білім беру құралы ретінде пайдалану мәселесімен В.Р.Майер [96], С.В.Ларин [97], М.А. Кейв [98], В.В.Абдулкин [99], О.П.Одинцова [100] және т.б. зерттеушілер тобы айналысқан. Бұл ғалымдар тобы қызметінің екі бағытын бөліп көрсетуге болады: оқу үдерісінде қолданылатын компьютерлік геометриялық модельдеу технологияларына бағдарлану және ғылым мен оқу зерттеулерінде қолданылатын арнайы пакеттерге, атап айтқанда, математикалық және символдық есептеу пакеттеріне бағытталады. Ғалымдар, математика пәні мұғалімдерін геометриялық даярлауда компьютерлік-бағдарлау әдісінің кейбір аспектілерін оқу үдерісіне әзірлеп, енгізген. Бұл әдістеменің негізгі стратегиялық принциптерінің бірі геометрияны оқытуда компьютерлік графика мен геометриялық модельдеу технологияларының ерекше рөліне негізделген. Бұл заманауи математика мен жаратылыстану ғылымында бейнелер мен абстракцияларды визуализациялаудың озық әдістерін кеңінен енгізумен байланысты. Математикалық модельдеудің бағдарламалық пакеттері мен автоматтандырылған жобалау жүйелері және электрондық оқулықтарда объектілік модельдерді, геометриялық абстракцияларды (ғылыми, анимациялық, мультиплексиялық компьютерлік графика) визуализациялау

міндетті бөлікке айналды. Студенттің геометриялық кеңістік және оларды зерттеу әдістері туралы білімінің өзіндік моделін құруда компьютерлік графика құралдарын қолдану, оны мектеп геометриясын оқытуға заманауи технологиялармен қаруландыру, математика мұғалімін геометриялық даярлауда өзекті мәселе екендігін дәлелдеген.

Мысалы, О.П.Одинцовның ұсынған геометрия курсында компьютерлік графика технологиясын қолдану әдісінің мәні, оның көп деңгейлігінде. Геометрия курсында компьютерлік графика технологияларын қолдану келесі әдістемелік деңгейлерге негізделген: жоғары деңгейлі тілдерде бағдарламалау; құралдық графикалық ортада модельдеу; белгілі бір графикалық жүйеде бағдарламалау (ішкі ресурстарды пайдалану). Автор жоғары оқу орнының геометрия курсының жекелеген тақырыптарын оқыту (сфера, полярлық координаттардағы сзықтар) мысалында бағдарламалау тілдерінің графикалық құралдарын (бірінші әдістемелік деңгей) пайдаланудың кейбір мәселелерін қарастырады. Жобалық әдіс аясында бағдарламалаудың таным құралы ретінде қолданылуын көрсететін, оқу жобаларының бірнеше әзірлемесі ұсынылған. Аспаптық ортада жұмыс істеу әдістемесі (екінші және үшінші әдістемелік деңгейлер) AutoCAD компьютерлік жобалау жүйесімен жұмыс істеу мысалында егжей-тегжейлі сипатталған. Бұл жүйені геометрия курсында: симметрия, сплайн, бетті модельдеу және көпжақтарды салуда қолдану бойынша әдістемелік ұсыныстар берілген [101].

В.Р.Майер, С.В.Ларин, М.А. Кейв, В.В.Абдулкин, О.П. Одинцова және т.б. ғалымдарының зерттеу бағыты оқу үдерісінде жоғарыда аталған бағдарламалық өнімдердің барлығын (жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдері, жалпы және арнайы мақсаттағы пакеттер, мәліметтер базасы, тесттер және т.б.) ең алдымен геометриялық объектілерді, процестерді және абстракцияларды визуализациялауды пайдаланумен байланысты, мысалы: жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерінің графикалық құралдары, символдық есептеу пакеттерінің графикалық құралдары (Derive, Maple), математикалық пакеттер (Mathcad, Geometr's Sketchpad, Cabri Geometry), компьютерлік дизайн жүйелері (AutoCAD, TurboCAD) және жоғарыда аталған пакеттер мен жүйелердің ішкі бағдарламалау тілдерінің графикалық құралдары (AutoLISP, Maple). Сонымен қатар, ғалымдар тобының әдістемесі студенттердің әр түрлі оқу жобаларын жүзеге асыру алгоритмдерін өз бетінше әзірлеу және жоғары деңгейлі тілде сәйкес бағдарламаларды құрастыруды қамтиды.

В.П.Дьяконов [102], И.В.Абраменкова [103] және т.б зерттеулерінде болашақ математика мұғалімдерін дайындауда математика курстарын компьютерлендірудің басым бағыты ретінде оқу үдерісінде жалпы және арнайы мақсаттағы пакеттерді пайдалануға көп көңіл бөлгендігін көруге болады. Ғалымдардың әзірлеген әдістемесі бойынша математика факультетінің студенттерін бірінші курстан бастап оқу үдерісінде, атап айтқанда геометрияда символдық есептеу жүйелерін, математикалық

пакеттерді, яғни компьютерді білімді қалыптастыру құралы ретінде пайдалануға үйретеді. Бірінші кезеңде студенттер арнайы бағдарламалау дағдыларын қажет етпейтін қарапайым жүйелермен жұмыс істеу дағдыларын игереді. Бұл жүйелер білім алушыларға қарапайым символдық түрлендірулерді орындаپ қана қоймай, сонымен қатар геометриялық объектілерді бейнелеуге де көмектеседі. Келесі кезеңде студенттер күрделірек математикалық пакеттерді мысалы, Mathcad әмбебап математикалық жүйесін немесе Maple сияқты символдық есептеу жүйелерін игереді. Бұл жүйелердің тамаша графикалық мүмкіндіктері бар, бірақ оларды пайдалану үшін жүйенің тілдерінде арнайы бағдарламалау дағдылары, сырттан қосылатын модуль кітапханаларымен жұмыс жасай білу және т.б. болуы керек.

П.И.Совертковтың зерттеу жұмыстарын қарайтын болсақ, болашақ математика мұғалімінің геометриялық дайындығында компьютерді қолдану бойынша үлкен әдістемелік және үйымдастырушылық жұмыс жүргізген. П.И.Совертков еңбектері студенттерді компьютерлік оқыту технологияларын шығармашылық іс-әрекеттерінде пайдалануға дайындау, элементар математика пәні бойынша мамандандыру пәндері арқылы жастар шығармашылығының әдістемесі аясында жүзеге асырылған. П.И.Совертковтың әдістемесінің танымдық құрал ретінде жоғары деңгейдегі бағдарламалау тілдерінің графикалық құралдарын қолдануға байланысты айқын көрінетін бағыттылығы бар [104, 105]. Бұл әдіске сәйкес, зерттеу сипатындағы тапсырмаларды орындастырып студенттер компьютерлік модельдерді, геометриялық абстракцияларды жасау үшін жиі қажетті формулаларды (көбінесе анықтамалық және оку әдебиетінде күрделі формулалар берілмейді) шығаруға мәжбүр болады. Осылайша, ұсынылып отырған әдістеме студенттердің тек геометриялық қана емес, сонымен қатар ақпараттық дайындығын жетілдіруге бағытталған.

Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда жаңа ақпараттық технологияларды қолдану бойынша нәтижелер Н.И.Зильбербергтің жетекшілігімен зерттелген. Оның әдістемесі компьютерді таным құралы ретінде пайдалануға бағытталған. Мұндай құрал ретінде жалпы және арнайы мақсаттағы пакеттер алынған. Студенттерді дайындаудың барлық кезеңі шартты түрде үш кезеңге бөлінген. Алғашқы екі курста (бірінші кезең) математикалық пәндерді оқу кезінде студенттерге арнайы сараптамалық жүйелерді пайдалану ұсынылады. Оларға әртүрлі мәліметтер базасымен жұмыс істеуге арналған тапсырмалар беріледі, математикадан әртүрлі тесттер дайындауга қатысуға шақырады. Екінші кезеңде (үшінші және төртінші курста) ақпараттық технологиялар студенттерді элементар математика пәнінен дайындауда қолданылады. Бұл кезеңде компьютерді қолдану мынаған бағытталған: әртүрлі педагогикалық технологияларды жүзеге асыру; есептерді шешудің жалпы әдістерін әдістемелік өндөу; оқу сипатындағы ғылыми зерттеулер жүргізу және т.б. Қорытынды кезеңде (бесінші курс) студенттерге ақпараттық технологияларды пайдалануға

бағытталған арнайы тапсырмаларды орындау ұсынылады. Математика мұғалімінің кәсіби дайындығының барлық кезендерінде ақпараттық технологияларды қолдануды қамтамасыз ету үшін студенттермен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық құралдар пакеті құрылған. Бұл пакетті тек студенттермен ғана емес, сонымен қатар мектеп оқушыларымен сабактарда да қолдануға болатындығын сипаттайды [106, 107].

М.Н. Марюковтың ұсынған тәсілінің негізінде геометриялық зерттеулерде қолданылатын компьютердің үш маңызды функциясы бар:

- компьютер геометриялық есептерді шешудің қуатты құралы ретінде;
- компьютер геометриялық ақпаратты сақтау және өндөу құралы ретінде;
- компьютер геометриялық бейнелерді модельдеу мен олардың қасиеттерін зерттеу құралы ретінде.

Дәстүрлі геометрия курсын оқытудағы компьютерлік тәсілдің негізгі принципі мынада: геометрия курсының аналитикалық әдіс негізгі болып табылатын бөлімдерінде компьютерлік тәсіл сәтті жүзеге асырылады. Бірінші кезекте – «Жазықтық пен кеңістіктегі аналитикалық геометрия». Автор мұны негізгі курстың маңызды бөлімдеріне жатқызады және оны зерттеуде жаңа ақпараттық технологияларды тиімді пайдалануға болады деп есептейді. Бұл ең алдымен геометриялық есептерді шешудің тиімді алгоритмдерін жасауға мүмкіндік беретін координаталық әдіске негізделген аналитикалық геометрияның ерекшелігіне байланысты. Құрылған алгоритмдер жоғары деңгейлі бағдарламалау тілдерінің бірінде сипатталғаннан кейін дербес компьютердің көмегімен онай және женіл түрде жүзеге асырылады [108].

Практикалық сабактарда окуға берілген уақыттың көп бөлігі түзу мен жазықтық, екінші ретті сыйық пен беттердің тендеулерін құруға кететіні белгілі. Осылайша, аналитикалық геометрияның маңызды геометриялық есептерін шығаруға аз уақыт қалады. Бұл кемшілікті жою мен түрлі геометриялық есептерді шешудің әр түрлі алгоритмдерін құру мен іздеуге көп уақыт бөлудің бір жолы ретінде М.Н.Марюковтың пікірі бойынша оның ұсынған аналитикалық геометрия курсын оқытуға арналған компьютерлік тәсілі көмектеседі. Оның пікірі бойынша мұндай көзқарас аналитикалық геометрияның мәніне де, геометрия мен геометриялық білім берудің даму тенденцияларына да сәйкес келеді. Автор анағұрлым маңызды деген алгоритмдерге келесі тапсырмаларды шешуді жатқызады: базистегі вектордың координаталарын анықтау; түзу мен жазықтықтың жалпы тендеуінің коэффициенттерін есептеу; түзулер мен жазықтықтардың өзара орналасуын зерттеу; сыйықтың түрі мен екінші ретті беттерді олардың жалпы тендеуі бойынша анықтау. М.Н.Марюковтың әзірлеген геометрияны зерттеудің компьютерлік тәсілі – бағдарламалау тілінің есептеу мүмкіндіктерін таным құралы ретінде пайдалануды көздейді [109].

А.Е.Әбілқасымова, Б.Р.Қасқатаева, Е.А.Тұяқов, А.А.Бажи, А.Н.Умиралханов ғалымдар тобының «Қазақстандағы орта мектеп пен педагогикалық жоғары оку орындарында математиканы оқытудың

сабактастық мәселелері» атты ғылыми еңбектерінде орта мектеп пен педагогикалық жоғары оқу орындары арасындағы математиканы оқытуудың сабактастығын іске асырудың мынадай негізгі шарттарын анықтаған:

а) педагогикалық жоғары оқу орындарында математикалық білім берудің мазмұны оның бөлімдерімен және әдістемелік пәндерді оқытумен өзара байланыста үздіксіздік принциппен (қағидат) оқытылуға тиіс;

ә) жалпы білім беретін мектептердің математика мұғалімдері оқушылардың жоғары оқу орындарында оқуды жалғастыруға дайындығын мақсатты түрде күштейтіп, орта білім беру үйымының педагогикалық жоғары оқу орындарымен ынтымақтастығының бірнеше түрлерін пайдалана отырып, мектеп пен жоғары оқу орнының математикалық білім беруі арасындағы сабактастықты іске асыруы тиіс;

б) «Алгебра және анализ бастамасы» курсында оқушылардың назарын «Дифференциалдық және интегралдық есептеу» үғымдарының, ал геометрия курсында «Аналитикалық геометрия» үғымдарының толық берілмегендігіне назар аудару қажет;

в) элективті курста математика бойынша бұрын алған білімдерін нақтыладап, жүйелеу керек;

г) педагогикалық жоғары оқу орындарында екінші ретті қисықтар мен координаталар әдісін оқыту кезінде мектепте қарастырылған үғымдардың шектеулілігін көрсететін мәселе қою керек;

д) таңдау курсы студенттердің «Аналитикалық геометрия» бойынша білімі терендеуіне және «Математикалық анализ» бел «Аналитикалық геометрия» арасындағы пәнаралық байланыстарды жүзеге асыруға ықпал етеді [110].

Сондай-ақ, Академик А.Е.Әбілқасымова «Цифрлық білім беруді білім алушылардың интеллекті мен ұлттық бірегейлігі негізінде жаңғырту туралы» еңбегінде білім беру үйимдары білім алушыларға өзін оқушы, мұғалім және оқу орны әкімшілігі тарапынан белгілі бір үмітке «лайықты» деп бірегейлендіруге мүмкіндік беретін норма мен құндылық «үлгілері» бар білім берудің әмбебап үдерісіне әлеуметтік-білім беру ассимиляция саясатын дербес әзірлеуі тиіс деген тұжырымға келеді. Аталған саясатқа оқытушылардың интерактивті коммуникацияның белгілі бір ережелерін қолдауға мүмкіндік тудыратын білім алушылармен өзара қарым-қатынасы мен ақпараттық ықпал ету арқылы әлеуметтік ықпалдастыру әдістерін енгізуі тиістігін алға тартады [111].

Математиканы оқытуда оқушылардың логикалық-әдіснамалық білімдерін жетілдіру, геометрияны оқытуудың әдістемесі, геометрияны оқытуда стереометриялық салу есептерін шығару негізінде оқушылардың кеңістіктік түсініктерін дамыту әдістерін зерттеуден бастау алған Д.Рахымбектің ғылыми мектебі соңғы кездері Н.К.Мадияровтың жетекшілігімен жоғары оқу орындарында геометрияны цифрлық технологиялар арқылы оқыту әдістерін зерттеумен айналысада [112].

Н.К.Мадияровтың еңбегінде жоғары оқу орындарында болашақ математика мұғалімдерін даярлау үдерісінде АҚТ құралдарын қолданып геометриялық салу есептерін оқытууды жетілдіру мәселесі қарастырылады. Автор геометрия курсын оқытуда қолдануға арналған ақпараттық-компьютерлік технологиялар мен бағдарламаларға талдау жасап, геометриялық салу есептерін шығаруда «Жанды геометрия» (Живая геометрия) бағдарламасын пайдаланудың тиімділігін көрсеткен. Тақырыпты оқып-үйрену кезінде бағдарламадағы құрал-саймандар көмегімен фигурандарды салуға және осы суреттерді есептерді шығаруда қолдануға, геометриялық фигурандардың қасиеттерін тұжырымдау, геометриялық денелерді модельдеуге қолдана білу дағыларын қалыптастыруға ықпал етеді деп түсіндереді [113].

Зерттеу барысында болашақ математика мұғалімдерін даярлайтын жоғары оқу орындарындағы білім беру бағдарламаларының оқу жоспарындағы геометрияны оқыту әдістемесі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялары пәндеріне талдау жасалды.

Қазіргі танда еліміздің жоғары оқу орындарына оқу үдерісін ұйымдастыруға академиялық еркіндіктің берілуіне байланысты «Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламаларының оқу жоспарларына талдау жүргізу маңызды деп есептейміз. Мұндай талдау жоғары оқу орындарындағы мектеп геометрия курсын ЦББР-ны қолданып оқытуудың қазіргі жағдайын сипаттауға мүмкіндік береді.

2-кестеде болашақ метемматика мұғалімдерін даярлайтын бірнеше жоғары оқу орындарындағы 2020-2024 жылғы төрт жылға жоспарланған математиканы, геометрияны оқыту әдістемесі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялары пәндері, жалпы кредит көлемі, академиялық сағат саны, қай семестрге жоспарлағандығы туралы ақпарат көрсетілген.

Кесте 2 – Жоғары оқу орындарында математиканы, геометрияны оқыту әдістемесі және ақпараттық-коммуникациялық технологиялары пәндері бойынша ақпарат

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті				
1	2	3	4	5
№	Компонент атауы	Кредит саны	Академиялық сағат саны	Семестр
1	Аналитикалық геометрия	5	150	1
2	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	150	2
3	Планиметриялық есептерді шығару практикумы	4	120	4
4	Стереометриялық есептерді шығару практикумы	4	120	5

2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
5	Математиканы оқыту әдістемесі	5	150	5
6	Геометриялық салу есептері	5	150	7
<i>Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті</i>				
1	Сызықты алгебра және аналитикалық геометрия	7	210	1
2	Геометриялық салу есептері	5	150	7
3	Геометрия негіздері	5	150	6
4	Элементар геометрияның қосымша тараулары	5	150	7
5	Жоғары геометрия	5	150	7
6	Математикада ақпараттық технологияларды қолдану (Maple)	6	180	7
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиилар	5	150	3
8	Математиканы оқыту әдістемесі	5	150	7
<i>Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университеті</i>				
1	Аналитикалық және проективті геометрия	5	150	1
2	Геометрия негіздері және дифференциалдық геометрия	5	150	2
3	Математикалық есептер шығару практикумы (геометрия)	5	150	7
4	Математиканы оқыту әдістемесі	5	150	7
5	Математиканы оқытудағы қолданбалы бағдарламалар пакеті	6	180	6
6	Математикадан сандық білім беру ресурстарын әзірлеу	6	180	7
7	Жазықтықтағы және кеңістіктегі салулар	6	180	7
8	Ақпараттық-коммуникациялық технологиилар	5	150	3
<i>Орталық Азия Инновациялық университеті</i>				
1	Ақпараттық-коммуникациялық технологиилар	5	150	2
2	Аналитикалық геометрия	5	150	3
3	Дифференциалдық геометрия және топология	3	90	3
4	Геометрия тарихы	3	90	3
5	Математиканы оқыту әдістемесі	6	180	4
6	Геометрия негіздері	3	90	7

## 2 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5
7	Геометриялық есептерді шығару әдістері	4	120	7
8	Геометриялық салу есептері	4	120	7
<i>Ж.Ташенев атындағы университеті</i>				
1	Аналитикалық геометрия	5	150	1
2	Дифференциалдық геометрия	5	150	6
3	Геометрия негіздері	6	180	6
4	Геометриялық есептерді шығару әдістері	5	150	2
5	Топология	5	150	7
6	Математиканы оқыту әдістемесі	5	150	4
7	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	5	150	3

2 – кестедегі «Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерді даярлайтын ЖОО-лардың оқу жұмысы жоспарларындағы пәндер мазмұнына жүргізілген талдау, геометрия курсын оқыту әдістемесі пәнін оқытуда ЦББР-ны қолдану бойынша арнайы пәндер енгізу қажеттілігі туындады. Осыған байланысты ЖОО-ларда геометрия курсын оқыту әдістемесін әр түрлі ЦББР: динамикалық геометрия жүйелерін (DGS), виртуалды және толықтырылған шынайылық технологияларын (VR/AR), жасанды интеллект (AI) технологияларын және т.б. қолдануға негізделген ЦББР-ны жүйелі қолдану студенттердің геометриялық-әдістемелік дайындығы деңгейін арттыруда үлкен рөл атқарады деп тұжырымдауға болады.

Еліміздің математика мұғалімдерін дайындаудын ЖОО-лардың білім беру бағдарламаларының геометриялық пәндер модульдері мен орта мектептегі геометрия курсының мазмұны арасындағы сабактастықты жүзеге асыру мақсатында жалпы білім беретін мектептегі геометриялық білім берудің қазіргі жағдайына талдау жасалды.

Себебі, ЖОО-да «Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасымен дайындалатын мамандар орта мектепке бағытталған. Сонымен бірге, болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлауда, олардың мектептен алып келетін геометриялық білімі мен оқу үлгерімі де маңызды рөл атқарады.

Бүгінгі таңда Қазақстандық білім беру жүйесінің алдында білім сапасының бәсекелестігін арттыру, шынайы өмірлік кезеңдерге бейімделу мәселелері түр, ойткені адам қоғамда түрлі өмірлік мәселелерге байланысты дұрыс шешімдер қабылдау үшін жоғары кәсіптілік және интеллектуалдық әрекеттерді қажет ететін жағдайларда заман талабына сай өмір сүріп, қызмет

етуде. Қазіргі таңда еліміздің оқушыларының білім жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін Қазақстан PISA және TIMSS халықаралық зерттеуіне қатысада.

TIMSS-ке қатысушы елдердің құрамы алуан түрлі, олар экономикалық дамуы, географиялық жағдайы, халқының саны жағынан бір-бірінен ерекшеленеді. Бірақ олардың бәрі білім беру ұйымдарының жүйесін, оку бағдарламалары мен оқыту әдістерін оқушылардың жетістіктері арқылы салыстыру, білім беру саласында тиімді курстар өзірлеуге арналған құнды ақпарат жинақтауға көмектеседі [114].

PISA зерттеуіндегі оқушылардың математикалық сауаттылығы бойынша білім деңгейін көтеруде геометрия пәнінің ықпалы зор. Осыған орай, жаңартылған білім мазмұнындағы геометриялық білім берудің негізгі міндеті – еліміздегі мектептердегі геометриялық білім беруге сүйене отырып, геометрияны оқытуды заманауи және қызықты түрде, оқушылардың жеке қабілеттері мен икемділіктеріне сәйкес әрбір оқушының математикалық мәдениетін қалыптастыруға, интелектуалдығын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға, математиканың қазіргі замандағы алатын орны мен рөлі туралы түсінігін қалыптастыруға бағыттап ұйымдастыру болып табылады. Мектеп бітіруші түлектер геометриялық есептерді шыгарып, теоремаларды дәлелдей білумен қатар, алған білімдерін практикада және құнделікті өмірде қолдана білуі тиіс [115].

PISA-ға қатысу елдерге күшті және әлсіз жақтарын аша отырып, білім беру жүйесінің жағдайы туралы объективті баға береді. Тапсырмалардың мазмұнын таңдал алуда математиканың дәстүрлі мектеп курсының негізгі тақырыптары ескерілген: арифметика, алгебра, геометрия, ықтималдық, статистика. Сонымен қатар, PISA халықаралық зерттеуінің тапсырмаларына сәйкес іс-жүзінде жоғары маңыздылығы бар бірқатар сұрақтарға едәуір көңіл бөлінеді. Атап айтқанда, геометриялық шамаларды өлшеуге, бағалау, пайыз, масштаб, нақты тәуелділіктерге берілген диаграммалар мен графиктер, ықтималдық, статистикалық көрсеткіштерге және т.б. [116].

Ол оқушылардың ой-өрісін дамытуға, логикалық ойлауға, сынни көзқарас қалыптастыра отырып, функционалдық сауаттылыққа баулу құзыреттіліктерін қалыптастыруды міндеттейді. Бұл әсіресе мұғалімдердің жауапкершілігін, міндеттерін күшейтеді.

PISA-2018 қорытындылары бойынша Andreas Schleicher: «Оқушылардың нәтижесі мұғалімнің дайындығы мен біліктілігіне тікелей байланысты деген қорытынды жасауға болады. Білім сапасының көшбасшылары – АҚШ, Корея, Сингапур және Канада елдері. Швецияда жоғары деңгейлі мұғалімдер жұмыс жасайды», – деп, пікір білдірді [117].

Осы орайда жоғары оқу орындарының алдында бәсекеге қабілетті кәсіби болашақ математика мұғалімдерін даярлауға қойылатын талап күн сайын күшейіп келеді.

В.А. Далингер, Н.А. Бакланова, С.Д. Симонженков, М.В. Дербуш және т.б. ғалымдар тобының зерттеулері мектепте геометрияны оқытуда ЦББР-ны пайдаланудың әртүрлі мүмкіндіктерін қарастырып, олардың оқушылардың

оку және ғылыми-зерттеу жұмыстарын үйымдастыруда қолданылуы көрсетілген.

В.А. Далингердің еңбектерінде ЦББР арқылы геометрияны оқыту әдістемесі, көп функциялы математикалық-бағдарламалық қамтамасыз етулері бар бағдарламалық құралдардың мүмкіндіктері көрсетіледі. Әсіресе геометрияны оқытудағы компьютердің дидактикалық мүмкіндіктеріне – геометриялық модельдерді зерттеуге көп көңіл бөлінген. Сонымен қатар, геометрияны оқытудағы компьютердің дидактикалық функциясы: компьютер экранында геометриялық фигураны шығару, ұлғінің ішкі және сыртқы сипаттарының өзгеруіне қарай суреттің өзгеруін зерттеу, геометриялық фигураның компьютерлік моделінде бөліктегі ерекшелеп белгілеу мен олардың модельдің ішкі және сыртқы сипаттамалары өзгергенде қалай өзгеретіндігі т.б. көптеген функциялары келтірілген. Галым жүргізген зерттеулерінде компьютердің көмегімен фракталдарды құруға арналған шығармашылық тапсырмалар оку іс-әрекетін ынталандыратын бірден-бір тиімді дидактикалық құралы болып табылатындығын дәлелдеп келтірген [118].

В.А.Далингердің пікірі бойынша геометрияны оқыту үдерісінде компьютерді пайдалану мәселесін шешу барысында: компьютердің тек функционалдық мүмкіндіктері мен оны қолдануға деген ынтаны ғана емес, сонымен бірге геометрияны оқытудың әдістемелік жүйесін, тек компьютердің көмегімен қандай оку тапсырмалары орындала алтындығын немесе басқа дидактикалық құралдар тиімсіз болып, қолданыла алмайтын жағдайларын көрсететін салыстырмалы талдау нәтижесін ескеру қажет.

Галымның жүргізген зерттеулерінде ақпаратты ұсынудың графикалық түрі игерген білімді сақтау, беру және бекіту мен танымдық белсенделікті қалыптастырудың ықпал ететіндігін айтады. Графика оқушының қабылдану сезіне алмаған объектілерін жақсы түсінуге, абстрактілі ұғымдарға бейнелі негіз береді деп есептейді. Графикалық іс-әрекет дәстүрлі оқытудың иллюстративті-монологиялық әдісін, яғни суреттерді көрсетумен, қайталаумен шектелмеуі керек. Керісінше ол білім алушының танымдық әрекетін ынталандырудың көмектесуі керек.

Қисықтарды математикалық кестелеу оқушылардың шығармашылық жұмысы болып табылады. Мұндай зерттеулерді білім алушылар орындаған алады және математика мен информатикаға қызығушылықтарын арттыратындығын айта отырып, компьютер көмегімен орындаған алуға болатын көптеген фигуralардың мысалдарын келтірген [119].

Елімізде мектеп геометрия курсын оқытудың әдістемесі бойынша ғылыми-әдістемелік еңбектер, оқулықтар жазып, геометрияны оқытудың әдістемесі ғылыминың дамуына зор үлес қосқан, болашақ мұғалімдерге мектеп геометрия курсын оқыту әдістемесін ұсынған әдіскер ғалымдардың еңбектерін атап өту қажет. Геометрияны оқытудың әдістемесі Қ.Жұбаев [120], Мектеп геометрия (планиметрия) курсын оқыту әдістемесі Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш [121], Мектеп геометрия (стереометрия) курсын

оқыту әдістемесі Д.Рахымбек, Ж.Бейсеков, Н.К.Мадияров [122], Орта мектептегі геометриялық білім беру мазмұнының аспектілері А.Е.Әблқасымова [123], Геометриялық фигуralарды кескіндеудің теориясы мен әдістемесі Н.К.Мадияров [124], Жалпы білім беретін мектептің геометрия пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы бойынша оқытуға арналған әдістемелік құралдар және дидактикалық материалдар В.Смирнов, Е.Тұяқов [125], жалпы білім беретін мектептің геометрия пәнін оқытуға арналған оқулықтар В.Гусев, Ж.Қайдасов, Ә.Қағазбаева [126] және т.б. өз еңбектерінде қарастырған.

Р.С.Шуақбаева «Жоғары сынып оқушыларын көпжактарға берілген есептерді компьютер көмегімен шығаруға үйрету әдістемесі» атты диссертациялық жұмысында, егер көпжактарға берілген есептерді шығаруға үйрету барысында компьютердің мүмкіндіктерін тиімді пайдалану әдістемесі жасалынса, онда оқушыларды есептер шығаруға үйретудің сапасы артады, өйткені бұл жағдайда оқушылардың кеңістікті елестету қабілеттері мен дағдысы қалыптасып, көпжактар элементтерінің арасындағы байланыстарды өз дәрежесінде сапалы игеретінін анықтаған [127].

Е.Ж. Төребектің [43, б.122] диссертациялық жұмысында мектеп геометриясын оқыту үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданудың танымдық-дидактикалық мүмкіндіктері, мазмұндық-құрылымдық ерекшеліктері анықталып, оқушыларға геометрияны оқыту үдерісінде білім берудің компьютерлік ресурстарын қолданудың әдістемесі ұсынылған. Сонымен қатар, мектеп геометриясын білім берудің компьютерлік ресурстарын қолдану арқылы оқыту, мектеп оқушыларының оқу материалын менгеру сапасы мен деңгейіне айттарлықтай он әсер ететіндігін және геометриялық білімін арттыруға бағытталған компьютерлік ресурстарды қолдануға арналған оқыту әдістемесінің тиімділігін анықтаған.

Математикалық білім беруде мектеп геометрия курсы ерекше орын алады. Мектепте оқытылатын бүкіл математика курсының үштен бір бөлігі геометрияны оқытуға жұмысалады және бірінші сыныптан бітіруші сыныпқа дейін үзбей оқытылады.

Геометрияны оқытуудың басты мақсаты – геометрия ғылыминың негіздерін оқушыға менгерту және оларды практикада қолдану дағдыларын қалыптастыру. Оқушылардың кеңістіктік түсінігі мен кеңістікті елестетуін қалыптастыру, логикалық ойлауды дамыту, тұжырымды ойқортуды мен дәлелдеу қабілетін жетілдіру, ойды дәл және анық жеткізе алу, қоршаған ортаны геометриялық тұрғыдан көре білу және т.б. мәселелер геометрияны оқытуудың маңызды міндеттері болып табылады [121, б.5].

Қазіргі уақытта еліміздің жалпы білім беретін мектептері мектеп геометрия курсын жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты [128], негізгі орта білім беру деңгейінің 7-9-сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы [129], жоғары сыныптарда екі бағыт бойынша: жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математика және қоғамдық-гуманитарлық бағытындағы 10-

11 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасы [130,131] негізінде оқытылууда.

7-9 және 10-11 сыныптарына арналған «Геометрия» оқу пәні бойынша үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын талдай келе мектеп геометрия курсының мазмұны мен ЖОО-дағы болашақ математика мұғалімдерін геометриялық-әдістемелік дайындаудағы білім беру бағдарламаларының мазмұны арасында сабактастықтың болуы қажет деп есептейміз.

Жалпы білім беретін мектептердің оқу үдерісінде жана сапалы оқулықтарды ендіру білім беру саласының маңызды бағыттарының біріне жатады.

Мұндай оқулықтарды геометрияны оқытуда қолдану геометриялық материалды көрнекі түрде көрсетуіне байланысты кеңістіктік ойлаудың қалыптасуы мен дамуына оң әсер етіп қана қоймай, сонымен қатар білім алушылардың визуалды ақпаратты жобалау, құрастыру және басқа да көрнекілік ақпаратты өңдеу сияқты ары қарайғы кәсіби қызметінде қолданылатын түсініктерді қалыптастырады.

Жалпы білім беретін мектептердегі геометрия пәнін оқыту үдерісі Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 22 мамырдағы № 216 бұйрығымен бекітілген орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, оның ішінде электрондық нысандағы оқулықтар арқылы жүзеге асырылады [132].

Геометрия пәні бойынша мектеп оқулықтарына шолу жасайтын болсақ:

7 сынып, Геометрия, Ә. Шыныбеков, Д. Шыныбеков;

7 сынып, Геометрия, В. Смирнов, Е. Тұяқов;

8, 9, 10 сынып, Геометрия, Ә. Шыныбеков, Д. Шыныбеков, Р.Жұмабаев;

8, 9, 10, 11 сынып, Геометрия. В.Смирнов, Е.Тұяқов;

11 сынып, Геометрия. Ә.Шыныбеков, Д.Шыныбеков, Р.Жұмабаев, С.Маделханов;

11 сынып, Геометрия. Қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттар бойынша Г.Солтан, А.Солтан, А.Жумадилова.

Жоғарыдағы негізгі оқулықтарға қосымша жалпы білім беретін мектептің 7, 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларына арналған геометрия пәнінен электронды оқулықтармен қамтамасыз етіліп, <http://keleshek-2030.kz/portal.php>, <http://e-booksgkn.kz>, <http://oqulyqtar.kz> web-платформаларына орналастырылған.

Оған қоса, нұсқаулықта бекітілген геометрия пәні бойынша оқулықтар, оқу-әдістемелік кешендер, электронды оқулықтар, дидактикалық материалдар, әдістемелік құралдар, есептер жинағы, жаттықтырғыштар, есептер мен тест тапсырмалар жинағы және т.б. материалдар Қазақстандағы мектептер пайдаланып отырған цифрлық білім беру платформаларына орналастырылған.

ЖОО-ны бітірген болашақ мұғалім алдағы уақытта көпшілігінің мектепке баратындығын ескерсек еліміздегі мектептер пайдаланып отырған

цифрлық білім беру платформаларын ондағы орналастырылған ЦББР-ларды тиімді пайдалана білуі қажет. Олардың ішіндегі алдыңғы қатарлы, кеңінен қолданылатындарын салыстырмалы форматта қарастырақ:

*imekter.kz* - мұнда бастауыш мектеп бағдарламасын толық қамтитын, мектептің барлық пәндерін қамтитын танымдық анимациялық сабактар мен оны бекітуге көмектесетін жүздеген ойын түріндегі тапсырмалар орналасқан.

*Bilimland* – мұнда 42 пәннен 5 700 сабак пен 140 мыңдан астам тапсырма әзірленген. Компания мәліметінше, күн сайын 1,5 млн бірегей қолданушы кіріп, сайт 30 млн рет қаралады. 3500 мектеппен платформаны пайдалану туралы келісімшарт жасалған. Онда орта білім беруге арналған жаңартылған бағдарламаға сәйкес әзірленген мектеп пәндерінің интерактивті сабактары орналастырылған. Сондай ақ, бақылау, тест тапсырмалары, виртуалды зертхана, анимациялық сабактар мен мұғалімге арналған педагогтер қауымдастыры, видео, вебинарлар, сабак жоспарлары берілген. Пандемия кезінде платформаны қолдану уақытша тегін жүргізілді.

*Daryn.Online* - платформасына 2,7 млн астам оқушы мен 200-ден аса мұғалім тіркелген. Мұнда күн сайын 700 мыңдан астам оқушы білім алады. Күніне 60-тан астам арнайы бейнесабактар түсіріледі. Оқушыларға республикалық физика-математика және Назарбаев Зияткерлік мектептерінің, сондай-ақ орта мектептердің үздік мұғалімдері сабак береді. Оффлайн сабактарға арналған мобиЛЬДІ қосымшасы да әзірленген.

*Kundelik.kz* - 2016 жылы 1 қыркүйекте Қазақстан мектептері Kundelik электронды журналын қолдана бастады. Бұл жерде мұғалімдер баға қойып қана қоймай, оқушыларға тапсырма беріп, кері байланыс орната алады. Білім және ғылым министрлігінің мәліметінше, электронды қунделікке күніне 700 мың баға қойылып, 1 млн тапсырма беріледі. Оқушылар мен ата-аналарға арналған Kundelik.kz мобиЛЬДІ қосымшасының жаңа нұсқасы іске қосылған. Бұл платформаға тіркелген мектептерде қолдану тегін жүргізіледі.

Ерекше қажеттіліктері бар балалар оқытын кейбір мектептерде қашықтан оқуда қолданылатын Қазақстандық онлайн білім беру платформаларының саны артып келеді. Олардан бөлек, шетелдік WhatsApp, Telegram мессенджерлері, Zoom видеоконференциясы, Microsoft Teams, Google Classroom платформалары қосымша қолданыста [5, б.108].

Жүргізілген зерттеудің әлеуметтік алғы шарттарын талдау, қоғамда білім беруді цифрландыру жүзеге асырылып қана қоймай, сонымен қатар айтартықтай жоғары қарқынмен жүріп жатыр деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Елімізде, шетелде жетекші ғалымдардың көптеген еңбектері білім беру саласында жаңа ақпараттық технологияларды пайдалануға арналған. Алайда, олардың көпшілігінде мектептегі білім беру жүйесін ақпараттандыруға мән беріледі. Ал бұл жағдайды түсінуге болады, себебі мектепке деген бағдар қоғамның әлеуметтік тапсырысына сәйкес келеді. Себебі, тек орта білім беру жүйесі арқылы ғана мемлекет қоғамның барлық мүшелерінің дерлік ақпараттық мәдениет деңгейін көтеруге нақты мүмкіндігі бар.

Жоғарыда атап өткеніміздей жоғары мектеп педагогикасы тек жоғары ғана емес, сонымен қатар орта білім беру жүйесіндегі білім беруді цифrlандыру мәселелерімен де белсенді түрде айналысады, онда математикалық цикл курсарын компьютерлендіру мәселесі жетекші орынға ие. Дегенмен, математика пәні мұғалімдерін геометрияны оқытуда ЦБР-ны пайдалану мәселесіне арналған бірнеше зерттеулерде ғана оны жан-жақты талдауға тырысқан. Жұмыстардың көпшілігінде геометрия курсының белгілі бір тақырыбын менгерудегі жаңа цифрлық технологияларды қолдану тәжірибесі сипатталып, жалпыланады, элективті пәндер жүйесі, таңдау пәндері, курстық жұмыс, дипломдық жұмыста тек компьютерді қолдану бойынша ұсыныстар келтіріледі. Халықаралық деңгейдегі конференциялардың материалдарында жекелеген зерттеушілер мен шағын ұжымдардың осы бағыттағы қызметі туралы ақпарат беретін көптеген тезистері бар. Мұндай жұмыстың қажеттілігі мен маңыздылығы қарсылық тудырмайды, алайда ол зерттелетін мәселенің жекелеген жақтарын ғана көрсетіп, оны тек бір жақты қарастырады.

Ғылыми пән ретінде геометрия курсына цифрлық технологияның енуіне байланысты өзгерістер болып жатқандықтан, геометрияның оку бағдарламасында да біз қаласақ та, қаламасақ та осыған ұқсас үдерістер жүруде және жалғаса бермек. Бұған біз жоғарыда қарастырған жекелеген мектептердегі математика мұғалімдерінің, кейбір жоғары оку орындарындағы математика және геометрия кафедраларының оқытушыларының тәжірибелері және алдыңғы қатарлы Батыс елдерінде жүргізілген зерттеулері дәлел бола алады. Жоғары оку орындарында болашақ математика пәні мұғалімдерін мектеп оқушыларын геометриядан дайындау үдерісінде цифрлық технологияларды пайдалану оларды геометриялық білім беруде ғана емес, цифрлық технологияны өз іс-әрекеттерінде, сонымен қатар болашақ кәсіби мамандығында пайдалануға идеялық, моральдық-психологиялық түрғыда дайындаиды.

Мектеп геометрия курсын оқытудың өзіндік қындықтары бар. Әсіресе, стереометрияның алғашқы сабактарынан бастап кездесетін қындықтар жоғарғы сыныптарда сабак беретін әрбір математика мұғаліміне таныс. Стереометрия аксиомаларымен таныстыру кезінде оқушылардың кеңістіктік түсініктерінің әлі де нашар дамыған болуына байланысты, стереометрияның алғашқы ұғымдары туралы мәліметтер абстрактілі сипатқа ие болып, жаттанды білімдер қалыптасады. Соңықтан да, оқушылардың көпшілігі стереометрия курсын мектеп пәндерінің ішіндегі күрделі пәндердің бірі ретінде қабылдап, оған деген қызығушылықтары жойылады. Сол себепті геометрияны оқытуда оқытылып жатқан материалдың көрнекілігі және оның моделдеу немесе басқа да бейнелеу құралдарын пайдалану арқылы нақтылануы осындай қындықтарды жеңуде үлкен роль атқарады [124, 3.6].

Мектеп оқушылары геометрияның аксиоматикалық құрылымын түсінбеуінен пәнді оқытуда қындықтар туындаиды, өйткені оқушылар нақтылы және абстракттылы геометрияны шатастырады.

Оқушыларға қындықтар тұғызатын геометрияның келесідей ерекшеліктерін атауға болады:

- ойлаудың қатаандығын, тұжырымдаудың нақтылығын талап ететін дедуктивті әдіспен баяндаудағы күрделілік;
- абстракцияның жоғары дәрежесі;
- оқу үдерісінде аналитикалық және бейnelік ойлауға жауап беретін мидың екі жарты шарын да жұмысқа қосудың қажеттілігі;
- кеңістіктік елестетуді дамытудың қажеттілігі, геометриялық фигурандарды ойша елестету (қиял-елесте) және нақты (қағаз бетінде) кескіндеу біліктігі;
- айқын түрде көрсетуге болатын есептерді шығару алгоритмдер санының жеткіліксіздігі;
- интуицияның дамуын, болжамдарды айту біліктігін және оларды дәлелдеулерді талап ететін стандартты емес, типтік емес есептердің көп болуы [115, 6.53].

Көптеген зерттеулерді талдай келе оқушылардың мектеп геометрия курсын оқып-үйрену және оқу материалының игерілуі барысында кездесетін қындықтар айқындалды. Сонымен қатар анықталған қындықтарды ЦБР-ның көмегімен шешу мүмкіндіктері қарастырылды (3-кесте).

Кесте 3 – Мектеп геометрия курсын оқыту барысында кездесетін қындықтарды шешуде цифрлық білім беру ресурстарын қолданудың мүмкіндіктері

№	Қындықтар	Қындықтарды цифрлық білім беру ресурстары көмегімен шешу мүмкіндіктері
1	2	3
1	<i>Nегізгі геометриялық ұғымдардың абстрактілігі:</i> кейбір геометриялық ұғымдар абстрактілі және оқушылар үшін түсініксіз болуы мүмкін. Бұл геометриялық теоремалар мен ережелерді түсінуді және қолдануды қынданатады.	Кейбір геометриялық ұғымдарды елестету қын болуы мүмкін. Интерактивті демонстрациялар мен визуализациялар сияқты ЦБР оқушыларға абстрактілі ұғымдарды визуализациялауға және оларды жақсы түсінуге көмектеседі.
2	<i>Терминдер мен белгілер:</i> кейбір оқушыларға геометриялық терминдер мен белгілерді есте сақтау және түсіну қыннға соғады. Бұл геометрияны менгеруі үшін қосымша уақыт пен күш қажет болуы мүмкін.	ЦБР оқушыларға геометриялық терминдер мен белгілерді жақсы түсінуге көмектесу үшін онлайн сөздіктерге және терминдердің түсіндірмесіне қол жеткізуге мүмкіндік береді.

### 3 – кестенің жалғасы

1	2	3
3	<i>Кеңістіктік ойлау:</i> геометрия кеңістіктегі объектілерді визуализациялау және манипуляциялау мүмкіндігін талап етеді. Кеңістіктік түсінігі шектеулі оқушылар үш өлшемді пішіндерді және кеңістіктік қатынастарды түсінуде қындықтарға тап болуы мүмкін.	Кейбір оқушыларға үш өлшемді фигуралар мен кеңістіктік қатынастарды елестету қын болуы мүмкін. Динамикалық геометрия жүйелері (DGS), VR/AR технологиясы және 3D модельдеу сияқты цифрлық технологиялар студенттерге 3D нысандары мен кеңістіктік қатынастарды интерактивті түрде зерттеуге мүмкіндік береді.
4	<i>Теоремаларды дәлелдеу қындықтары:</i> мектеп геометрия курсы теоремалар мен тұжырымдамаларды дәлелдеуді қажет етеді. Бұл оқушылар үшін қын болуы мүмкін, әсіресе олардың логикалық ойлауы немесе ресми дәлелдеу тәжірибесі болмаса.	ЦБР дәлелдемелердің құрылымын түсіндіру үшін көрнекі мысалдар мен қадамдық нұсқаулар бере алады. ЦБР-ны пайдалану оқушыларға интерактивті материалдар мен құралдарға қол жеткізуді қамтамасыз ету арқылы геометриядың дәлелдемелерді түсіну мен менгеруді айтартықтай женілдетеді, бұл олардың ойлау және дәлелдеу дағдыларын дамытуға көмектеседі.
5	<i>Логикалық ойлау:</i> геометрия теоремалар мен тұжырымдарды дәлелдеу үшін логикалық ойлауды қажет етеді. Кейбір оқушылар үйлесімді логикалық аргументтерді құрастыруда қиналады немесе әртүрлі ұғымдар арасындағы байланысты көрмеуі мүмкін.	ЦБР оқушыларға әртүрлі геометриялық конструкциялармен және олардың қасиеттерімен тәжірибе жасауға мүмкіндік бере алады, бұл олардың логикалық ойлауы мен түсінігін дамытуға көмектеседі.
6	<i>Математикалық дағдылар:</i> геометрия көбінесе есептеу, формулалармен жұмыс істеу және алгебралық әдістерді қолдану сияқты математикалық дағдыларды пайдалануды талап етеді. Математикадан жақсы білімі жоқ оқушылар геометрияның бұл аспектілері бойынша қындықтарға тап болуы мүмкін.	ЦБР оқушыларға геометрия есептерін шешуге қажетті математикалық дағдыларды дамытуға көмектесетін интерактивті есептер мен жаттығуларды бере алады. Олар сонымен қатар қателерді түзетуге көмектесетін кері байланыс пен кеңестер үсіна алады.

### 3 – кестенің жалғасы

1	2	3
7	<p><i>Оқушылар мотивацияның арасында болмауы:</i> кейбір оқушылар геометрияның практикалық мәнін көрмеуі немесе оның күнделікті өміріне немесе болашақ мансабына (инженерия, сәулет, компьютерлік графика және дизайн) қалай қатысты екенін түсінбеуі мүмкін. Бұл студенттердің мотивациясының болмауына және нашар үлгерімге әкелуі мүмкін.</p>	Қызықты және интерактивті ЦББР оқушыларға әртүрлі тұжырымдамалар мен мәселелерді зерттеу және тәжірибе жасау мүмкіндігін беру арқылы геометрияны үйренуге ынталандыруға көмектеседі.

Мектеп геометрия курсын оқытуда кездесетін қындықтарды шешуге арналған көптеген зерттеулерге талдау жасай отырып, болашақ математика мұғалімдерін ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау мәселесі қолға алынды. Мектеп геометрия курсын оқытудағы қындықтарды шешу үшін осы бағытта болашақ мұғалімдерді даярлаудың маңызы ерекше.

### **1.3 Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлаудың мәні мен дидактикалық негіздері**

Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау мәселесі алдымен «кәсіби іс-әрекетке дайындығы, мұғалімнің педагогикалық іс-әрекетке дайындығы», «әдістемелік дайындығы» сияқты мәселелердің мәнін педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиет көздерінен талдауды талап етеді.

Болашақ маманды дайындау мәселесі қоғам дамуының барлық кезеңдерінде өзектілігін жойған емес. Себебі, адамзаттың дамуының әр сатысында қоғамның әлеуметтік-экономикалық міндеттері өзгеріп отырады да, мамандарды дайындау мәселесіне де жаңа талаптар туындалады. Болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының мазмұны мен құрылымын қарастыру үшін, алдымен «кәсібілік» ұғымының мәніне тоқталайық.

Психологиялық-педагогикалық әдебиеттерді зерттеу «мұғалімнің кәсібілік» ұғымының әр түрлі анықталатынын көрсетті. Оның себебі: кәсібіліктің деңгейлерінің әртүрлі болғандығынан деп ойлаймыз. Мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру, кәсібілік қалыптасу кезеңі (жоғары оку

орындарындағы студенттер), кәсібіліктің даму кезеңі (жас мұғалімдер), кәсібіліктің жетілу және өзін-өзі жетілдіру кезеңі.

Педагогикалық кәсібілік мұғалім мамандығымен байланысты. Олай болса, оны педагогикалық іс-әрекет, мұғалімге қойылатын талап және оның дайындығы аумағында қарастыруға болады.

О.А. Абдуллина [133], В.А. Сластенин [134] және Л.Ф. Спирин [135] «мұғалімнің кәсіби дайындығы – оның жалпы педагогикалық білім жүйесін менгеруі», – деп тұжырымдайды.

Демек, кәсіби дайындық эмоционалды жағымды фонды сақтауға, зейінді, есте сақтауды жақсартумен байланысты және тез ұтымды әрекеттерді жүзеге асыруға, білімді, тәжірибелі, жеке қасиеттерді дұрыс пайдалануға және кедергілер туындаған кезде әрекетті қайта құрылымдауға ықпал етеді [134, б. 62].

Материалды оқып-үйрену, менгеру, іскерлік пен дағдыны дамытумен бірге жүретін эмоционалдық фонның да маңызы зор.

В.А. Зебзеева «кәсіби дайындықты» мотивациялық, когнитивтік, операциялық, бағдарлық, ерікті, коммуникативті және гуманистік компоненттерінің құрылымы ретінде қарастырады [136].

В.А. Сластенин «дайындықты» субъектіде бейненің, белгілі бір әрекеттің құрылымының және оны жүзеге асыруға үнемі назар аударудың болуымен көрінетін жеке адамның ерекше психикалық күйі деп түсінеді. Оның ойынша, «дайындық» педагогикалық тапсырманы, ықтимал мінез-құлық үлгілерін түсінуге, әрекеттің арнайы әдістерін анықтауға, алдағы қыындықтарға және нәтижеге қажеттілікке байланысты өз мүмкіндіктерін бағалауға деген көзқарастың әртүрлі түрлерін қамтиды [137].

Басқа авторлар өз зерттеулерінде дайындық пен даярлықтың, кәсіби жарамдылық пен оқыту дағыларының арасындағы байланысты негіздеді. Педагогикалық іс-әрекетке дайындық пен даярлықтың арақатынасы мәселелеріне арналған зерттеулерінде Л.Г.Ахтариева дайындық өзінің мазмұны мен психологиялық сипаты бойынша даярлықпен бірдей деген қорытындыға келеді [138].

Н.Д. Хмель педагогикалық іс-әрекетке дайындық – бұл арнайы оқытуудың және өз іс-әрекетінің тәжірибесінің әсерінен қалыптасатын құрделі білім, сондай-ақ мұғалімнің кәсіби маңызды қасиеттерін, білім мен дағыларын қамтитын бірқатар элементтерден тұрады деп санайды [139].

Профессор С.И. Архангельский мұғалімнің дайындығы «өз пәнін жақсы, шебер оқыту, қол жетімді, оқу ақпаратын терең жеткізу, баурап алу қабілетінде көрінеді» деп санайды [140].

В.А. Сластенин «кәсіби дайындық» ұғымын зерттей отырып, педагогикалық іс-әрекеттің арнайы дағыларды игерудің бастапқы компоненті ретіндегі рөлін атап көрсетеді. Сонымен, кең мағынада «кәсіби дайындық» ұғымы жалпы өмірлік тәжірибеге, жаңа ортаға енуге, шығармашылық қызметте өзін-өзі жүзеге асыруға дайындық ретінде қарастырылады [141].

Қазіргі зерттеулерде ғалымдардың назарын педагогикалық іс-әрекетке жалпы дайындықты талдаудан оның жекелеген түрлеріне немесе мұғалімнің кәсіби дайындығының ерекше аспектілеріне аудару үрдісі байқалады.

Осы тенденцияға сәйкес болашақ математика мұғалімінің геометрияны оқытуда ЦББР-ны кәсіптік қызметінде пайдалануға дайындығын да мұғалім жұмысына жалпы дайындығының ерекше көрінісі ретінде қарастырамыз. Осыған орай, математика мұғалімінің кәсіби қызметінде ЦББР-ны пайдалануға дайындығы оның кәсіби педагогикалық іс-әрекетке дайындығының бір қыры деп айтуда негіз бар.

Болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлау мәселесі бойынша ғылыми әдістемелік зерттеулерге еліміздің бірқатар әдіскер-ғалымдары өз еңбектерін арнаған.

Академик А.Е.Әбілқасымова «Заманауи жағдайлар мектептегі білім беруге жаңа міндеттер қояды әсіресе математикалық білім беруде, әрбір білім алушыға қажетті деңгейде математикалық білім беру мүмкіндігін қамтамасыз ету міндеті тұр. Осыған байланысты мұғалімдер даярлайтын жоғары оқу орындарында математикалық білім беру мазмұны математика курсын оқудағы сабактастық принципін жүзеге асыруға бағытталуы керек, яғни ол математиканың бір-бірімен байланысты тараулары арқылы берілген, әдістемелік пәндермен кіркітілген түрде ұсынылуы тиіс, бұл болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби дайындығының сапасын айтартылғатай жақсартады» деп түсіндіреді [142].

Сонымен бірге, А.К.Қағазбаева [143] жоғары білім беру жүйесінде математика мұғалімдерінің кәсіби әдістемелік дайындығын қалыптастыруды, С.Д.Тыныбекова [144] техникалық жоғары оқу орындарында студенттерін математикалық кәсіби дайындау әдістемесін ұсынған.

Д.Б.Тойбазаровтың диссертациясында болашақ математика мұғалімдерін кәсіби даярлауда математикалық пәндерді оқытуда қолданбалы есептерді шешуді оқыту әдістемесінің мәселелері қарастырылған. Қолданбалы есептерді шығару ауқымды білім беру, оқыту және білім беру әлеуетіне ие деген тұжырым жасайды. Оны зерттеу ақыл-ой қабілеттерін дамытуға ықпал етеді, математиканың қолданбалы аспектісін күшайте алады, пәнге танымдық қызығушылыққа ықпал етеді және сайып келгенде оқушының функционалды сауаттылығын дамытады деп қарастырады [145].

Жоғары педагогикалық білім жүйесінде болашақ математика мұғалімінің әдістемелік дайындығы, болашақтағы педагогикалық жұмысының тиімділігін қамтамасыз ететін, оның кәсіби дайындығының ажырамас элементі ретінде қарастырылды.

Мұғалімді әдістемелік дайындау мәселелерін академиктер А.Н.Колмогоров, А.В.Погорелов және т.б., атақты математиктер мен әдіскерлер Л.С.Атанасян, Н.Я.Виленкин, В.А.Гусев, Г.Л.Луканкин, И.А.Новик, Л.Н.Стефанова және т.б. зерттеген.

В.А. Гусев математика мұғалімін әдістемелік дайындаудың төмендегідей негізгі компоненттерін атап көрсетті:

а) математиканы оқытудың міндеттерін, мектеп математика курсының бағдарламасын, оқулықтарды білу;

ә) математиканы оқытудың теориялық негіздерін және оны зерттеудің әдістерін білу, оқыту әдістемесін функционалды менгеру;

б) математиканы оқыту үдерісінде оқушыларды тәрбиелеу жолдарын білу [146].

Н.К.Кузьмина мұғалімнің кәсіби-педагогикалық дайындығы құрамында әдістемелік, әлеуметтік-педагогикалық, әлеуметтік-психологиялық, дифференциалды-психологиялық, аутопсихологиялық компоненттерін атап көрсеткен. Ол әдістемелік дайындықтың функциясына оқушылардың білім және біліктілігін қалыптастыруды жатқызады [147].

Н.В.Ипполитова болашақ мұғалімдердің кәсіби-педагогикалық дайындығының мазмұнын қарастырғанда, оның құрамдық компоненттері ретінде адамгершілік-психологиялық, әдіснамалық, теориялық, әдістемелік және технологиялық дайындықтарын алады. Мұнда ол «әдістемелік дайындық студенттердің білімді, ережелер мен фактілерді, оқыту және тәрбиелеудің қағидаларын, түрлерін, әдістерін менгерулерін қамтиды» [148].

В.А.Адольф «әдістемелік дайындықты» белгілі бір сабакты оқытуды жоспарлағанда, мұғалімнің кеңейтілген білім жүйесі деп түсіндіреді. Ол әдістемелік дайындық құрамына тұлғалық, шығармашылық, әрекеттік компоненттерді алады және әрекеттік компонентті, мұғалімнің өзіне тән жұмыс істеуінің жеке стилі деп түсінеді [149].

Т.Н.Гущина «әдістемелік дайындықты» тұлғаның кәсіби маңызды қасиеттерінің және кәсіби тәжірибесі негізіндегі мұғалімнің әдістемелік білім, білік және дағдыларының жиынтығы, – деп анықтайды [150].

М.П. Лапчик пен Н.В. Чекалева әдістемелік дайындық құрамына пәндік құзырлылық пен жалпы кәсіби құзырлылықты алған. Пәндік құзырлылық, пәндік дайындықтағы курсарды оқу үдерісінде қалыптасады. Оның қалыптасқандық деңгейі өз-бетімен білім алу және білімін жетілдіру қабілеттерінен анықталады. Жалпы-кәсіби дайындық жалпы гуманitarлық, әлеуметтік-экономикалық және жалпы кәсіби пәндерді оқу арқылы қалыптасады. Авторлар пәндік дайындықтың өзін базалық-пәндік, профильді бағытталған және зерттеушілік деп ұшке бөледі [151].

О.И.Сергеева «әдістемелік дайындық – болашақ мұғалімдерді әдістемелік практикалық іс-әрекетке мақсатты түрде қосу арқылы арнайы білім мен дағдыны менгеру процесі» деп тұжырымдайды [152].

Сонымен, зерттеушілер әдістемелік жұмысты педагогтардың кәсіби дайындығының маңызды бөлігі, әдістемелік дайындықтың пайда болуына жетелейтін негізгі фактор деп есептейді.

Әдебиеттерде болашақ математика мұғалімінің білім беруді цифrlандыру жағдайында әдістемелік дайындығына әртурлі жұмыстар жүргізілген.

Д.А. Сапаковтың «Интегралдық теңдеулер» таңдау курсын математика мамандығы студенттеріне оқытуда Maple компьютерлік математика жүйесін

қолдану тақырыбындағы диссертациясында интегралдық теңдеулерді шешуді Maple компьютерлік математика жүйесі арқылы оқытудың әдістәсілдерін ұсынған [153].

М.А.Абдуалиева диссертациясында болашақ математика мұғалімінің электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдануға әдіснамалық білімдерінің қалыптасуының негізгі белгілерін ұсынған:

- жаңа ақпараттық технологиялармен жұмыс іс-әрекеті, оларды қолданудың жаңа тәсілдерін менгеруі;
- электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану негізінде математикадан оқыту бағдарламаларын жасай алуы;
- жаңа педагогикалық шеберліктерді менгеруі және электронды кітапханалармен жұмыс жасай алуы;
- оқу үдерісінде электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды қолдану әдістерін менгеруі;
- электронды дидактикалық құрал-жабдықтарды пайдалануға қойылатын талаптарды білуі;
- электронды дидактикалық құрал-жабдықтардың жекелеген құрылғыларын қолдана білуі [154].

С.Р.Сакибаевтың ғылыми-зерттеу жұмысында мобильді қосымшаларды пайдалана отырып, болашақ математика мұғалімдерінің кәсіби құзыреттіліктерін қалыптастыру мәселесі қарастырылған [155].

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып, «геометриялық дайындық» сөзінің мәніне де тоқталайық. Геометриялық дайындық деп іргелі пәнндік білімдердің минималды мөлшерін қалыптастыру, абстрактілі сипаттағы білімді игеруден, нақты формалардың белгілі түріне өтуді қамтамасыз ете алатын іс-әрекеттерді (біліктер, дағдылар) жүзеге асырудың әдістері мен құралдарымен танысу - деп түсіндірген [39, б.130].

М.Н.Марюковтің зерттеулерінде геометрияны оқытуда компьютерлік технологияны пайдалануға көніл бөлінгендейгін көруге болады. Оның еңбектерінің негізгі нәтижелері мектеп геометриясының негізгі және факультативтік курстарын оқуда компьютерлік технологияларды пайдалану мәселесіне арналған. М.Н.Марюков ұсынған тәсіл компьютерді таным құралы ретінде пайдалануға бағытталған. Онда теориялық материалды дәстүрлі геометрия бағдарламасының шенберінде оқыта отырып, зертханалық және практикалық сабактар компьютердің мүмкіндіктерін көрсете отырып ұйымдастырылады. Бұл компьютерлік тәсіл педагогикалық университеттің оқу үдерісінде жүзеге асырылған [35, б.149].

В.Р.Майер өзінің докторлық диссертациясында жаңа ақпараттық технологиялар негізінде математика мұғалімінің геометриялық даярлығын қалыптастырудың әдістемелік жүйесін әзірлеген және ЖОО-дағы геометрия курсын оқыту мақсаттарына қарай, қолданылу топтарын ашып көрсеткен: [34, б.105].

- ғылыми дүниетанымды қалыптастыру. Геометрия курсы математика пәндерінің арасында студенттердің жоғары дәрежедегі ғылыми

дайындығын қамтамасыз етуі тиіс. Геометрияда қолданылатын әдістер, оның ішінде компьютерлік әдістер туралы нақты түсінік және ақпараттық технология құралдарын пайдаланатын ғылым ретінде геометрияға заманауи көзқарас қалыптасуы керек.

- *білім, білік және дағдыны қамтамасыз ету*. Университетте геометрия курсын оқыту оның фактілері, идеялары, әдістері мен құрылымын толық және терең түсінуге кепілдік беретін математикалық білім, білік және дағдылардың осындай деңгейін қамтамасыз етуі керек. Ол студенттерге геометриялық зерттеу жүргізуде компьютерлік құралдарды пайдалану үшін қажетті білім, білік және дағдыларымен, геометрияны танудың тиімді құралы ретінде компьютерді пайдалана отырып өз бетінше жұмыс істеу мүмкіндігін беруі қажет.

- *математикалық ойлауды қалыптастыру*. Университетте геометрия курсын оқыту студенттерді мынадай оның өзіне тән математикалық ойлауын қалыптастыруы тиіс: аргументтердің толықтығымен, пайымдаудың логикалық сыйбасының басымдылығы, ықшамдылығы, пайымдау барысын анық бөлшектеу, символиканың дәлдігі. Компьютердің кеңістіктік қиялды дамытудағы қолданылуына ерекше мән беру керек, онда кеңістіктік бейнелер теориялық түсінікпен, геометрия ғылымының фактілерін білумен түзетіледі. Студенттерді таным құралы ретінде компьютерді қолдану мәселелерімен таныстыру қажет.

- *геометрияга деген қызығушылықты тәрбиелеу*. Геометрия курсын ЖОО-да оқыту алдыңғы кезекте геометрияға тұрақты қызығушылық тудыруы тиіс, ең алдымен кеңістіктік формалар мен кеңістіктік түйсікті дамыту ғылымы ретінде. Студенттерді курстың логикалығымен, дәлелдемелердің әдемілігімен, күтілмеген шешімдермен, экранда геометриялық бейнелерді құрастырумен қызықтыру керек.

- *математикалық және ақпараттық мәдениетті қалыптастыру*. Университетте геометрия курсын оқыту болашақ маманың ақпараттық мәдениетін қамтамасыз етуі тиіс. Студенттерден негізгі анықтамалар мен теория заңын нақты тұжырымдап, өз ойын логикалық дұрыс, бірізді, сауатты жеткізуіне қол жеткізу қажет.

М.В.Махринова диссертациясында математикалық мамандықтар студенттерін геометриялық даярлауда ақпараттық технологияларды қолдану әдістемесін ұсынған. Студенттерді геометриялық даярлау үдерісінде ақпараттық технологияларды енгізу геометрияны оқытудың дәстүрлі көзқарастарын, оқу іс-әрекетінің құрылымы мен үйымдастырылуын едәуір толықтырады, пәнді зерттеуді қызықты, мазмұнды, көрнекі етеді, бұл университетте жаратылыстану пәндерін сәтті оқыту үшін өте маңызды деп есептейді [39, б.186].

Болашақ математика мұғалімдерін геометриялық дайындау бойынша отандық ғалымдардың еңбектеріне талдау жасалды.

Д.Рахымбек, Ә.С.Кенеш мектеп геометрия (планиметрия) курсын оқыту әдістемесі кітабында мектепте геометрия пәнін оқытуға математика

мұғалімдерінің әдістемелік дайындығын жетілдірудің маңыздылығы артқандығын атап өткен. Себебі математика мұғалімдерін дайындайтын жоғары оқу орындарында студенттердің геометриялық дайындығына жеткілікті назар аударылмайтындығын, мектеп математика мұғалімінің геометриялық-әдістемелік дайындығының жеткіліксіздігінің нәтижесінде мектеп оқушыларының геометриялық білімдерінің төмендігін баяндаған [121, б.311].

А.К.Ардабаеваның диссертациясында жалпы білім беретін мектептерде геометриялық дайындық деңгейінің төмендегенінің түрлі себептерін анықтаған. Ол негізгі себептері қатарына: жалпы әлеуметтік факторларды, оқу бағдарламаларының өзгеруіне байланысты арнайы ерекше факторларды (пәнді оқытудың оқу жүктемесінің қысқаруы, мектеп түлектері үшін геометриядан мемлекеттік емтиханның болмауы), мектеп оқулықтарындағы геометрия негіздерін баяндаудағы әртүрлі тәсілдердің болуын және болашақ мұғалімдердің жеткіліксіз дайындығын атап өткен [115, б.54].

Болашақ математика мұғалімдерін геометриялық дайындауда Н.К.Мадияров, Э.А.Тұрсынкулова, А.Ж.Ерданкулов студенттерді салу есептерін шығаруға оқытуда «деңгейлеп оқыту технологиясын» пайдалану негізінде, білім алушылардың шығармашылық және зерттеу қабілеттерін, өз бетімен жұмыс жасау, абстрактілі ойлау және т.б. дағдыларын дамыту арқылы әдістемелік даярлығын жетілдіру мәселелерін зерттеген. Салу есептерін оқытуда «Денгейлеп оқыту технологиясын» қолдану білім беруді нәтижелі, тиімді үйымдастыруға мүмкіндік беріп, болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік даярлығы көрсеткішінің артатындығын дәлелдеген [156].

И.В.Дробышеваның докторлық диссертациясында болашақ математика мұғалімінің кәсіби-педагогикалық дайындығына оқушыларды математиканы сарапап оқытуға дайындау соның аясында жүзеге асырылуы мүмкін және жүзеге асырылуы тиіс үш бағытты бөліп көрсеткен, бұл: психологиялық-педагогикалық дайындық, пәндік-математикалық дайындық және әдістемелік дайындық [157].

Л.В.Жук диссертациясында болашақ математика мұғалімдерінің геометрия саласы бойынша компьютерлік модельдеу құралдары арқылы ой әрекетін белсенедіру мәселесін қарастырған. Геометрия саласындағы ой әрекетінің құрылымы: мотивациялық, мазмұндық, операциялық, бақылау – бағалау сияқты негізгі базалық компоненттерді қамтитындығын ашып көрсетеді [158].

Е.В.Филимонованың зерттеу жұмысы ЦББР-ны құру кезінде информатика мұғалімдерін ақпараттық модельдеуге оқыту әдістемесі мәселесі зерттелген. Зерттеу барысында оқытудың соңғы нәтижесі ретінде ақпараттық-талдау қызметіне дайындығын, ЦББР-ны жасауда ақпараттық модельдеу контекстінде, мынадай негізгі компоненттерді: ғылыми-теориялық, операциялық-технологиялық және психологиялық, кәсіби мәселелерді шешу қабілеттін анықтайтын әсіресе цифрлық білім беру

ресурстарын құру деңгейінде қарастырған. Деңгейлерді анықтаудың тұжырымдалған критерийлері үшін оқытудың нәтижесін кешенді бағалау әдістемесі қолданылған, ақпараттық-талдау қызметіне операциялық-технологиялық, ғылыми-теориялық, психологиялық деңгейлерінің дайындық нәтижелері алынған [159].

Н.В.Барanova «Болашақ мұғалімдерді мектеп оқушыларын оқытуда ақпараттық білім беру ресурстарын тиімді пайдалануға дайындау» атты жұмысында математиканы оқытуда ЦББР-ны тиімді пайдаланудағы дайындық дегеніміз – күрделі, қарқынды дамып келе жатқан, біртұтас білім беру деп қарастырады.

Мектеп оқушыларын оқытуда ЦББР-ны тиімді пайдаланудың дайындық құрылымы келесі компоненттерді қамтиды:

- ақпараттық-технологиялық, ЦББР-ны қолдану технологиясын функционалдық дағдылар негізінде менгеруге бағытталған (қызықты оқу материалын таңдау);

- шығармашылық-ынталандыруши болашақ мұғалімнің ЦББР-ны оқытуда қолдану процесі мен әрекеті нәтижесіндегі, кәсіби құндылық-мағыналық ұстанымдары мен сенімдерінің жүйесін білдіреді.

- кәсіби-әдістемелік, педагогикалық теорияны танымдық іс-әрекет әдісіне айналдыруға бағыттылық; заманауи педагогиканың тұжырымдамалық-терминологиялық жүйесінде білім беруді ақпараттандыру тәжірибесін жаңғырту қажеттілігі [160].

Л.А.Кандыбович пен М.И.Дьяченко кәсіби қызметке дайындық құрылымын келесі компоненттер түрінде көрсетеді: мотивациялық, бағдарлық, операциялық, ерікті, бағалаушы немесе рефлексиялық [161]. Білім беруді ақпараттандыру үдерісінің күшеюіне байланысты ЦББР-ны тиімді пайдалануға дайындығы болашақ мұғалімнің кәсіби дайындығының ажырамас бөлігі болып табылады.

Е.А.Подвигинаның ақпараттық технологияларды пайдалана отырып, болашақ мұғалімнің инновациялық іс-әрекетке дайындығын қалыптастыру мәселесі бойынша зерттелген диссертациясында қарастырылған негізгі ұғымдар болашақ мұғалімнің ақпараттық технология құралдарын қолдану негізінде инновациялық ақпараттық қызметке дайындығын қалыптастыру моделі жасалған. Ұсынылған болашақ мұғалімнің дайындығын қалыптастыру моделі студенттердің инновациялық әрекетке дайындығын көрсететін компоненттерді ерекшелеге негізделген, оларға: мотивациялық-құндылық, танымдық, операциялық-атқарушылық, шығармашылық, сонымен қатар олардың қалыптасу критерийлері де қарастырылған [162].

А.А.Ляштың зерттеу жұмысында болашақ информатика мұғалімдерінің кәсіби қызметінде ақпараттық-білім беру жүйелерін қолдануға оқыту әдістемесі қарастырылған. Мұғалімнің кәсіби дайындығы – оның интеграцияланған жеке сипаттамаларының жиынтығын – тұлғалық қасиеттерін құрайды: қасиеттер, білім, білік пен дағдыны қолданатын тәжірибесінен тұрады. Оларды оқу үдерісіндегі заманауи ақпараттық-

коммуникациялық технологиялар және виртуализация технологияларын пайдалана отырып, кәсіби мәселелерді шеше білу қабілетін анықтайтын үш компоненттің жиынтығы ретінде көруге болады: операциялық-технологиялық, ғылыми-теориялық және психологиялық [163].

И.Ю.Коволеваның зерттеулерінде ғылыми-теориялық компонент мұғалімнің келесі қасиеттерін болжайды: оқыту әдістерінің негізі ретіндегі психологиялық, дидактикалық және пәндік білімдер жүйесінің болуы, кәсіби іс-әрекеттің мазмұнын таңдауға саналы көзқарас – әдістемелік жүйелерді анықтаудың әдістемелік критерийлерін есепке алу (болашағының болуы, толықтығы, даму сипаты, әдіснамалық жүйенің интенсивтілігі) [164].

Жоғарыдағы зерттеулерді саралай келе болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік дайындығы компоненттері айқындалды (4-кесте).

**Кесте 4 – Болашақ математика мұғалімінің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік дайындығы компоненттері**

Болашақ математика мұғалімінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік дайындығы компоненттері		Компоненттің мазмұны
1	2	
Мотивациялық	ЦБР-ны пайдаланудағы қызығушылықтар мен қажеттіліктерден, болашақ педагогикалық қызметте ЦБР-ны пайдалануда әдістемелік өзін-өзі жетілдіруге үмтүлумен туындаған ынталар.	
Ғылыми-теориялық	Мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану саласындағы жалпы және арнайы білімдерді кіріктіретін (интеграциялайтын) пәндік, әдістемелік және технологиялық білімдердің бірлігі.	
Ақпараттық-технологиялық	ЦБР көмегімен мектеп геометрия курсын оқытуды үйымдастыру дағдыларының кешені: ЦБР-ны қолдану көмегімен оку мақсаттарын қою; ЦБР-ны талдау; тиімді ЦБР-ны таңдау; ЦБР-ны пайдаланып оқыту бойынша сабак жоспарын жасау; ЦБР-ны пайдалана отырып білім алушылардың жеке, топтық және ұжымдық жұмысын үйымдастыру және т.б.	

#### 4 – кестенің жалғасы

1	2
Бағалаушы-рефлексиялық	Оқыту нәтижелері мен студенттердің көрі байланысы негізінде геометрияны оқыту үдерісінде ЦББР-ны қолдану тиімділігін әдістемелік бағалау мүмкіндігі. Цифрлық білім алу саласында өздігінен білім алу дайындығы. Болашақта ресурстарды пайдалануды онтайландыру үшін нәтижелерді талдау және оларға жауап беру.

Болашақ математика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің ерекшеліктеріне тоқтала отырып, ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығы компоненттерін сипаттайық.

Болашақ математика мұғалімінің кәсіби қызметінде ЦББР-ны қолдану дайындығының мотивациялық компонентінің мазмұны ЦББР-ны қолдануға деген қызығушылықтар мен қажеттіліктер, сондай-ақ ЦББР-ны болашақ оқу іс-әрекетіндегі қолдану кезінде кәсіби өзін-өзі жетілдіруге үмтүлу түрінде көрінген мотивтерді қамтиды. Мотивациялық дайындықтың ең маңызды элементіне студенттің ішкі ұстанымын, оның мақсатын, ынтасын, көзқарасын, алған білімін тереңдету мен жетілдіруге үмтүлсызын, оны оқу, әдістемелік және өмірлік іс-әрекетте іс жүзінде қолдану қажеттілігін анықтайтын мотивация болып табылады.

Л.С.Колмогорова оқу мотивациясын дамыту бірінші курс студенттерімен жұмыс істегендеге ерекше маңызды екенін атап өтеді [165]. Жетістікке жету ынтасының арқасында студент өз жетістіктерінің жоғары деңгейіне назар аударады, соған үмтүлады, нәтижесінде ЦББР-ны пайдалануға дайындықты қалыптастыру процесі әлдеқайда табысты және нәтижелі болады.

Студенттердің мотивациялық ортасында біз болашақ математика мұғалімдерін әртүрлі ақпарат түрлерімен және ЦББР-мен іс-әрекеттегі қызығушылықтарының тұрақтылығы; әртүрлі түрдегі ЦББР-мен жұмыс істеудегі студенттердің белсенділігі мен бастамасы; ЦББР-ны тиімді қолдану саласындағы шығармашылыққа қосылуын атап көрсетеміз.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны педагогикалық қызметінде қолдануға дайындығының ғылыми-теориялық компоненті мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдану саласындағы жалпы және арнайы білімдерді біріктірін пәндік, әдістемелік және технологиялық білімдер жиынтығы: мектеп геометрия курсын оқытуда тиімді болып табылатын ЦББР, ЦББР-ны қолдануға арналған бағдарламалық қамтамасыз етудің мүмкіндіктерін білу, ЦББР қойылатын талаптар, ЦББР пайдалана отырып оқу үдерісін ұйымдастырудың әдістемелік аспектілерін білу. Олардың құрылу

дәрежесі болашақ математика мұғалімінің цифрлық ресурстарды басқару арқылы әдістемелік мәселелерді шешуге теориялық дайындығын көрсетеді.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдану дайындығының *ақпараттық-технологиялық компоненті* әртүрлі ұйымдастыру техникаларымен жұмыс істей білу және әр түрлі ақпарат түрлерімен, соның ішінде ЦББР-ны пайдалану арқылы студенттердің оқу қызметін ұйымдастыру қабілетімен сипатталады. Ұйымдастыру техникаларымен жұмыс істеу үшін келесі дағдыларды атауға болады: Компьютерде жұмыс (презентациялармен, графикамен, геометрияны оқытуға арналған компьютерлік бағдарламалармен және т.б.); интерактивті тақтамен жұмыс істеу; (қосу, конфигурациялау, цифрлық материалдарды көрсету); виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR) технологиясы құралдарымен жұмыс жасау (виртуалды шындық көзілдірігі, джойстик, қозғалыс контроллері құралы және т.б.).

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға дайындығының *бағалауды-рефлексиялық компоненті* – мектеп геометрия курсын оқыту үдерісіне ЦББР-ны енгізудің тиімділігін бағалау, рефлексиялау және өзіндік талдау жасай алуы.

Жоғарыдағы ғалымдардың еңбектерін талдай келе болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға тиімді әдістемелік дайындауды жүзеге асыру мақсатында мынадай дидактикалық шарттар айқындалды (5-кесте).

Кесте 5 – Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығын жүзеге асырудың дидактикалық шарттары

№	Дидактикалық шарттар	Шарттың мазмұны	
		1	2
1	Оқытудың кешенді тәсілі	Студенттерге математикалық материалды да, ЦББР-мен жұмыс істеу дағдыларын да игеруге мүмкіндік беретін теория мен практиканы біріктіретін оқу курстарын әзірлеу. Болашақ мұғалімдерге технологияларды өз тәжірибелерінде сенімді пайдалануға көмектесетін ЦББР-ларды құру және қолдану үшін түрлі платформалар мен бағдарламаларды пайдалануға оқыту мазмұнын, әдістері мен формаларын құру.	3
2	Әдістемелік дайындық	Геометрияның әртүрлі тақырыптары үшін ЦББР-ны қолдану мысалдарын, сондай-ақ оларды сабакта қолдануға арналған қадамдық нұсқауларды қамтитын оқыту әдістемесін жасау.	1

## 5 – кестенің жалғасы

1	2	3
3	Практикалық және зертханалық сабактар	Студенттер іс жүзінде ЦББР-ны қолдана алатын, олардың тиімділігін талдай алатын және оларды қолдана отырып өз сабактарын дамыта алатын практикалық немесе зертханалық сабактар үйымдастыру.
4	Сыни ойлауды қалыптастыру	Студенттерді ЦББР-ның сапасын бағалауға, яғни тиісті ресурстарды қалай таңдауға, олардың мазмұнын талдауға және нақты білім беру міндеттеріне бейімдеуге үйрету.
5	Психологиялық-педагогикалық аспектілері	Болашақ мұғалімдер өздерінің тәсілдерін бейімдеп, оқушылардың дайындық деңгейіне сәйкес ЦББР-ны қолдана алатындей етіп оқушылардың ақпаратты қабылдау ерекшеліктерін ескеру.
6	Інтымақтастық және тәжірибе алмасу	Студенттерге бір-бірінен үйренуге және өздерінің әдістемелік тәсілдерін байытуға мүмкіндік беретін топтық жұмыстарды, талқылауларды және материалдарды бірлесіп әзірлеуді ынталандыру.
7	Нәтижелерді бағалау	Студенттерге өз іс-әрекеттерін талдауға және жақсартулар енгізуға мүмкіндік беретін оқу үдерісінде ЦББР-ны пайдалану тиімділігін бағалау және кері байланыс жүйесін енгізу.

Бұл дидактикалық шарттар геометрияны оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын тиімді қолдана алатын, оқушылардың пәнге деген қызығушылығы мен түсінігін дамытуға ықпал ететін болашақ мұғалімдерді даярлауға берік негіз болады деп есептейміз.

Болашақ математика мұғалімі үшін, біздің ойымызша, ЦББР-ны пайдалана отырып, оқушыларды оқытуды үйымдастыру дағдыларының кешенін дамыту ерекше маңызға ие: ЦББР-ны оқу үдерісінде тиімді пайдалану; ЦББР-ны пайдалана отырып оқу мақсаттарын қою; ЦББР-ны талдау; білім алушының нақты оқу іс-әрекетіне және оқу материалын зерделеуге он мотивациясын тудыруға мүмкіндік беретін оқу материалының мазмұнын, нақты ЦББР мен технологияларын (әдістерін, тәсілдерін) таңдау; ЦББР-ны пайдалана отырып, сабактардың, оқу сабактарының, сыныптан тыс іс-шаралардың жоспарын жасау; оқушылардың жеке, топтық және ұжымдық жұмысын ЦББР-ны қолдануын үйымдастыру, ЦББР-ның кейбір түрлерін күру және т.б.

Қазіргі уақытта білім беру жүйесінде қоғам талабына сай әдістемелік жұмыстардың жаңа бағыттары мен түрлері және білім беру орындарының

сұранысына байланысты әдістемелік іс-әрекеттің мазмұны өзгеріп, жаңа вариативтік, әр түрлі деңгейлілік тенденциялары пайда болды.

Болашақ математика мұғалімінің әдістемелік дайындығы негізінің мазмұны оның кәсіби тұлғалық қасиеттерінен, білімдарлығынан және математиканы оқытуудың қазіргі жаңа технологияларын менгергендігінен және практикалық біліктіліктерден турады.

Практикалық біліктілікке: оқушылармен оқу-тәрбие жұмысын жүргізгенде ортақ тіл таба білушілік, педагогикалық әсер ете білу, педагогикалық такт, сөйлеу мәдениеті және жауаптылық, ұйымдастырылған, педагогикалық қарым-қатынас жасай білу, педагогикалық мәселелерді шеше білу, математиканы оқытуудың заманауи әдістерін, құралдарын, технологияларын менгергендік және оны практикада қолдану іскерлігі, әдістемелік жаңа іс-әрекетке өзірлігі жатады.

Қазіргі кезде оқытуудың дәстүрлі тәсілдері мен әдістері жоғары дәрежелі кәсіби маман дайындауға жеткіліксіз болып отыр. Осыған орай ақпараттық қофам даму үшін білім берудің жаңа сатысы – цифрлық технологияларды білім беруде қолдану қажеттігі туындалған отыр. Сондықтан, ЖОО-да болашақ математика мұғалімдерін әдістемелік даярлауда ЦБР-ны оқытуудың дәстүрлі түрлерімен байланыстыра отырып қолдану қажет.

*«Математика мұғалімінің ЦБР-ны қолдануға әдістемелік дайындығы – математиканы оқытуудың негізгі мақсаттары мен міндеттері аясында білім беруде теориялық және практикалық даярлығын үйлесімді қолдану, ЦБР-мен оқу материалын оқытуда әдістемелік жағынан тиімді үйлестіру және оны үздіксіз дамыта білу қабілеті»* – деп тұжырымдады.


Ғалымдар қазіргі кәсіби білім беру үрдісінде ЦБР-ны қолдануда мұғалімнің рөлі мен функциялары да өзгеріп жатқандығын айтуда.

Цифрлық білім беру үдерісіне көшу, кәсіби білім беру мен оқытудағы педагогикалық кадрлардың кәсіби қызметін айтартықтай өзгертерді. Бұл ретте цифрлық білім беру үдерісінде өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз ететін рөлдік позициялардың үш тобы жаңартылады:


1) оқытушы (маман) ↔ білім алушы (студенттер тобы): окуды үйымдастырушы және мотиваторы, жаттықтырушы, ойын технігі, жоба қызметінің маманы, топтық жобалық жұмыс ортасын әзірлеуші, оқу траекториясын әзірлеуші, жеке білім беру бағыттарын басқарушы (пәнаралық тыютор) және т.б. (3-сурет);

2) оқытушы (маман) ↔ ЦБР ↔ білім алушы (студенттер тобы): виртуалды және нақты әлем арасындағы интегратор-сарапшы, желілік оқытушы-куратор (онлайн платформасының кураторы), ғаламтордағы нұсқаушы навигатор, сандық іздерді талдаушы, веб-психолог және т.б. (4-сурет);


3) Оқытушы ↔ ЦБР: ЦБР-ның әдіскер-сәулетшісі, білім берудің цифрлық орталарын әзірлеуші, электрондық білім беру ресурстарын сараптау жөніндегі маман және т.б. (5-сурет).



Сурет 3 – Оқытушы мен студенттер арасындағы қарам-қатынас



Сурет 4 – Оқытушы, ЦБР және студенттер арасындағы қарым-қатынас



Сурет 5 – Оқытушы мен ЦБР арасындағы қарам-қатынас

Сонымен қатар, әртүрлі рөлдер бірде жеке өзі тұrsa, кейде біріктірілуі мүмкін немесе кейбір жағдайларда дәстүрлі педагогикалық мамандықтардың құрылымын өзгертіп, толықтырып тұруы мүмкін (мұғалім, өндірістік оқыту шебері, оқытушы-психолог), басқа жағдайда – цифрлық білім беру үдерісімен сұранысқа ие жаңа мамандықтарды қалыптастыруы мүмкін.

Жоғарыда аталған мәселелерді ескере отырып цифрландыру жағдайындағы болашақ математика пәні мұғалімінің жетекші функцияларына:

- оқытудың формасы, әдістерін, жұмыс материалдарын, сондай-ақ диагностикалық және қалыптастыруышы бағалау құралдарын жобалау және осы негізде даму мүмкіндіктерімен қаныққан нақты оқыту курсы үшін жергілікті білім беру ортасын құру;

- оқу іс-әрекетін ұйымдастырудың әртүрлі, динамикалық формаларына цифрлық және цифрлық емес технологияларды пайдаланудың оңтайлы бірізділігіне негізделген оқу сабактарының сценарийлерін жоспарын жобалау және құру;

- цифрлық білім беру ортасында студенттердің жеке және топтық (соның ішінде дербес, жобалық, бөлінген желі) іс-әрекетін ұйымдастыру;

- желілік коммуникацияны қоса алғанда, білім берудің маңызды коммуникация жағдайларын жобалау және ұйымдастыру;

- жеке маңызды тәжірибелі рефлексиялық талқылауды ұйымдастыру;

- цифрлық ортада ақпаратты іздеу және таңдау процесінде сынни ойлауды қалыптастыру және дамыту;

- білім алушылардың оқу мотивациясын басқару, оның ішінде топпен жұмыс кезінде, фасилитация (женілдету құралдарын пайдалану), сонымен қатар «табысты маман» рөлдік образдарын тасымалдаушы қызметі;

- нақты әлеуметтік және кәсіби әлемде білім алушының дамуын сүйемелдейтін цифрлық ұрпақтың әртүрлі өмірлік кеңістіктерін біріктіру - виртуалды және нақты;

- бір оқушымен жұмыс істейтін басқа мұғалімдермен тұрақты сындарлы өзара әрекеттесу (оқу тобы, жобалық топ және т.б.).

Сонымен қатар, қазіргі кезде цифрлық білім беру үдерісінде мұғалімнің көптеген дәстүрлі функциялары өз маңызын жоғалтуда: білімді жеткізуши, ақпарат беруші, түсіндіруші, бақылаушы, талаптарды орындағаны үшін айыптау және жазалаушы және т.б.

Ғалымдардың пікірінше алдағы уақытта цифрлық білім беруде, цифрлық экономиқаның көптеген басқа салаларындағы сияқты, көсалалы, «конвергентті» мамандарға сұраныс арта түседі. Әртүрлі әлеуметтік, өндірістік, бизнес-жобаларға қатысу тәжірибесі бар практиктер, кәсіби білім беру мен оқытудың цифрлық білім беру үдерісінде дәстүрлі «монокәсіптік» мұғалімдерге қарағанда көбірек сұранысқа ие болады деп болжауда [166].

Сондыктан да, жоғарыда аталған мәселелерге сүйене отырып, болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға даярлау былайша бағытталуы тиіс:

- студенттердің ЦББР-ны геометрия курсында қолдануға жоғары деңгейдегі теориялық дайындығын қалыптастыру;
- абстрактілі сипаттағы білімді менгеруден нақты алуан түрлі көрнекі модельдерге, сызбаларға, кескіндерге көшуді қамтамасыз ететін іс-әрекеттерді жүзеге асырудың әдістері мен құралдарымен таныстыру (білім, білік, дағды);
- кеңістіктік қабылдау, түсінік, елестету мен ойлау іс-әрекеттерін дамыту;
- кәсіби шығармашылықтың дамуына және жоғары кәсіби білімді менгеру бойынша дербес әрекет ету тәжірибесіне жағдай тудыру;
- адами қасиеттерді көрсететін, жеке тұлға қасиеттерін қалыптастыру: мотивациялық белсенділік, жауапкершілік, енбеккорлық, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мен оны сақтау және дамытуға үлес қоса білу.

ЦББР-ны пайдалану – математика мұғалімінің қазіргі кәсіби педагогикалық міндеті. Психологиялық-педагогикалық әдебиет көздерін талдау арқылы цифрлық ресурстарды геометриялық білім беруге ендіруге байланысты мынадай негізгі аспектілері анықталды (6-кесте).

**Кесте 6 – Болашақ математика мұғалімінің геометрияны оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын оқу үдерісіне ендірудің аспектілері**

№	Аспектілер	Мазмұны	
		2	3
1	Техникалық дайындық және цифрлық құралдармен танысу	Болашақ математика мұғалімдері мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны әдістемелік түрғыда сенімді қолданушылар болуы керек. Бұған: динамикалық геометрия жүйелері (DGS), VR/AR технологиялары, жасанды интеллект (AI) жүйелері, оқытудың техникалық құралдыры, оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған цифрлық құралдар мен ресурстарды игеру кіреді. Бұл кезеңде ресурстарды іс жүзінде қалай қолдану керектігін түсіну, әртүрлі тақырыптарға сәйкес құралдарды тандау және оларды білім алушылардың әртүрлі жас ерекшеліктеріне қарай бейімдей алу маңызды.	
2	ЦББР-ны қолдану кезіндегі этика мен жауапкершілікті қалыптастыру	ЦББР-мен жұмыс істеу этикалық және жауапкершілікті талап ететіндіктен, болашақ мұғалімдер ақпаратты дұрыс пайдалану, авторлық құқықтарды сақтау, білім алушылардың деректерін қорғау және қауіпсіз білім беру ортасын құрудың маңыздылығын түсінуі керек.	

## 6 – кестенің жалғасы

1	2	3
3	Педагогикалық сауаттылық және әдістемелік бейімдеу	ЦББР-ны енгізу заманауи технологиялардың геометрияны оқыту әдістемесін қалай жақсарта алатынын түсінуді талап етеді. Болашақ мұғалімдер курделі геометриялық ұфымдарды түсіндіру үшін интерактивті және көрнекі әдістерді қолдануға дайын болуы керек. Мысалы, интерактивті модельдерді қолдану геометрияның тақырыптарын жақсы түсінуге көмектеседі, сонымен қатар оқушылардың талдау және сынни ойлау қабілеттерін дамытады.
3	Оқу бағдарламасымен кіріктіру (интеграция)	Болашақ математика мұғалімдері ЦББР-ны негізгі оқу бағдарламаларына және мемлекеттік стандарттарға сай кіріктіре білуі керек. Бұл тапсырмаларды орындау, жобалар мен зертханалық жұмыстарды жүргізу, сондай-ақ білім деңгейін бағалау үшін ЦББР-ны қолдана отырып сабак жаспарларын құруды талап етеді. Тиімді кіріктіру оқу үдерісін біртұтас етіп, практикада қолданылуын қамтамасыз етеді.
4	Динамикалық геометрия жүйелерін (DGS) енгізу	Геометрия сабағына динамикалық геометриялық жүйелерді (DGS) енгізу болашақ математика мұғалімдеріне геометриялық түсініктерді зерттеу және визуализациялау үшін қуатты құралдармен қамтамасыз етеді. DGS оқытуды икемді және интерактивті етеді, болашақ мұғалімдерге цифрлық құралдармен тәжірибелі дағдыларды дамытуға көмектеседі, олар кейін оқушылардың геометрияға қызығушылығын арттыру және олардың курделі тақырыптарды түсінуін жөнілдету үшін пайдалана алады.
5	Виртуалды және толықтырылған шынайылықты енгізу (VR/AR)	Геометрияны оқытуға VR/AR технологияларын енгізу болашақ математика мұғалімдеріне кеңістіктік ұфымдарды түсінуді айтарлықтай жақсарта отырып, интерактивті және көрнекі түрде бай білім беру орталарын құруға мүмкіндік береді. Мұндағы технологиялар курделі геометриялық құрылымдарды модельдеуге, абстрактілі теоремаларды визуализациялауға және нақты уақытта өзгерістерді бақылай отырып, эксперименттер жүргізуге мүмкіндік береді. VR/AR технологияларын қолдану оқу үдерісін көрнекі, түсінікті және қызықты етеді.

## 6 – кестенің жалғасы

1	2	3
6	Жасанды интеллектіні (AI) енгізу	Болашақ математика мұғалімдерін дайындауға Жасанды интеллектіні (AI) енгізу техникалық дайындықты да, педагогикалық көзқарасты өзгертуді де талап етеді, оқытуда озық технологияларды сенімді түрде қолданатын мамандарды дайындауға септігін тигізеді. Сонымен қатар, AI геометрияны оқытуға енгізу болашақ математика мұғалімдеріне оқу үдерісін жетілдіруге бірегей мүмкіндіктер ашады. AI қолдану интерактивті тапсырмаларды, көрнекіліктерді және дағдыларды жетілдіру бойынша ұсыныстарды қамтамасыз ете отырып, оқу материалын оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге мүмкіндік береді.
7	Оқытудың икемді түрлерін, әсіресе қашықтан және аралас оқыту түрлерін дамыту	Болашақ математика мұғалімі толыққанды және икемді орта жасау үшін қашықтықтан немесе аралас оқытуда ЦББР-ны қолдана білуі керек. Онлайн платформалар (мысалы, Zoom, Google Classroom, Microsoft Teams және т.б.) қашықтықтан сабакты тиімді өткізуге және цифрлық арналар арқылы студенттермен тұрақты байланыс орнатуға мүмкіндік береді.
8	Өз бетінше білім алу және өзін-өзі бақылау дағдыларын қалыптастыру	Цифрлық білім беру ресурстарын пайдалану оқушылардың дербестігі мен жауапкершілігін дамытуға ықпал етеді. Болашақ мұғалім оқушыларды өз бетінше білім алуда цифрлық құралдарды пайдалануға ынталандыра білуі керек. Мысалы, тестілер мен бейімдеу тапсырмалары бар ресурстар оқушыларға білімдерін тексеруге және нығайтуға көмектеседі, ал мұғалімге үлгерімін қадағалап, оқу жоспарын түзетіп отыруға мүмкіндік береді.
9	Зерттеушілік дағдылары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту	Цифрлық білім беру ресурстары білім алушылардың алдында талдау, тәжірибе мен визуализациялауды қажет ететін зерттеу тапсырмаларын қоюға мүмкіндік береді. Болашақ математика мұғалімі оқушылар геометриялық фигураның моделін өздері жасап, цифрлық ресурстарды пайдалана отырып зерттеу жүргізе алатындей жобалау тапсырмаларын құруды үйренуі керек. Бұл оқушылардың бойында геометриялық тапсырмаларды орындауда зерттеушілік дағдылары мен шығармашылығын дамытуға көмектеседі.

Болашақ математика мұғалімдерін даярлауға арналған оқу үдерісіне ЦББР-ны енгізудің бірнеше негізгі аспектілерді айқындалды. Бұл аспектілер болашақ математика мұғалімдердің ЦББР-мен жұмыс істеуді менгеріп қана қоймай, оларды болашақта білім алушыларды оқытуда тиімді пайдалана алуды үшін маңызды. Жоғарыдағы айқындалған аспектілер болашақ математика мұғалімдерін дайындауға бағыт-бағдар береді отырып, оқытушылар олардың геометрия курсында ЦББР-ны тиімді пайдалануға дайындығына көз жеткізе алады, бұл студенттердің қызықты әрі тиімді оқуына ықпал етеді.

Математика пәнінің мұғалімі үшін тек сабак беру ісіне берілгендейдік қана емес, сонымен қатар оқыту жұмысының жоғары нәтижесін қамтамасыз ететін кәсіби білім, білік, дағдылардың болуы, осы жұмыстың нәтижесін өзін-өзі бағалау, одан әрі өзін-өзі жетілдіруге, біліктілігін арттыруға және кәсіби шеберлігін арттыруға арналған қажетті білімнің болуы маңызды деп есептейміз. ЖОО-ны бітірушінің әдістемелік дайындығы оның табысты, нәтижелі жұмысының кілті бола алады және кәсіби математика мұғалімі болу үшін негіз болады.

Осылан орай болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР қолдануға әдістемелік даярлау бойынша ұсыныстар екінші бөлімде қамтылған.

### **Бірінші бөлім бойынша тұжырым**

Диссертацияның бірінші бөлімінде психологиялық, педагогикалық, әдістемелік зерттеулер мен әдебиет көздеріне жүргізілген талдау геометриялық білім беруде оқыту үдерісін ЦББР-ны қолдана отырып жүзеге асыру студенттің жан-жақты дамуына жағымды ықпал етіп, ақыл-ойы, қабілеті, ерік-жігері мен интеллектуалдық іс-әрекетінде жаңаша көрініс табатындығын көрсетті.

1. Жүргізілген зерттеулерге жасалған талдаулар геометрияны оқытуда тиімді болып табылатын ЦББР, оқыту мен білім алуды жақсарту үшін кең мүмкіндіктер ұсынатындығын көрсетті. ЦББР-ны қолдану арқылы қамтамасыз етілетін негізгі мүмкіндіктер қатары анықталды, оларға: интерактивті оқыту, визуализация және модельдеу, жеке-дара оқыту, нақты қолданбалар, жедел кері байланыс, бірлесе отырып оқыту, әртүрлі оқу материалдарына қол жеткізу, қашықтан оқыту мүмкіндіктері, деректерге негізделген шешім қабылдау, ойын негізінде оқыту, қолжетімділік және инклюзивтілік.

Геометрияны оқыту үдерісінде үлкен танымалдылыққа ие болған динамикалық геометрия жүйелері (DGS), виртуалды және толықтырылған шынайылық (VR/AR), жасанды интеллект (AI) технологиялары және оларды геометрияны оқыту үдерісінде қолданылуы туралы отандық және шетелдік ғалымдардың бірқатар еңбектері сараланып, олардың функционалдық мүмкіндіктері көлтірілді.

2. Геометрия курсын мектепте және ЖОО-да оқыту мәселесі, геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдану бойынша жүргізілген ғылыми-әдістемелік зерттеулерге талдау жасалып, қазіргі жағдайы зерттелді. Болашақ математика мұғалімдерін даярлайтын ЖОО-лардың оқу жоспары, игерілетін оқу пәндерінің мазмұны, білім беру бағдарламалары мен т.б. құжаттарына; мектеп геометрия курсының оқу бағдарламалары мен оқулықтарына талдау жүргізді. Оқушылардың мектеп геометрия курсын оқып-үйрену және оқу материалын игеру барысында кездесетін қыындықтары мен оның себептері айқындалды. Анықталған қыындықтарды ЦББР-ның көмегімен шешу мүкіндіктері қарастырылды.

3. Педагогикалық-психологиялық, әдістемелік әдебиет көздерін талдау арқылы математика мұғалімінің «педагогикалық іс-әрекетке дайындығы», «әдістемелік дайындығы», «геометриялық дайындық» ұғымдарының мән-мағыналары талданды. Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсарында ЦББР-ны тиімді пайдалануға дайындау стратегиялық және кешенді тәсілді талап ететіндігі анықталды. Оларды дайындаудың негізгі бағыттары ашып көрсетілді. Болашақ мұғалімдерді әдістемелік даярлау бойынша көптеген зеттеулерді талдай келе студенттерді мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығы компоненттері: мотивациялық, ғылыми-теориялық, ақпараттық-технологиялық және бағалаушы-рефлексиялық деп негізделіп айқындалды. Сондай-ақ, болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлаудың дидактикалық шарттары анықталды.

4. Ұсынылған дидактикалық шарттарды жүзеге асыру мәселесін талдай отырып, кәсіби білім беру мен геометрияны оқытудың цифрлық білім беру үдерісінде мұғалімнің рөлі мен функциялары да өзгеретіндігін ондағы өзара әрекеттесудің әртүрлі деңгейлерін қамтамасыз ететін рөлдік позициялардың үш тобы жаңартылатындығын көрсетті: оқытушы (маман)  $\leftrightarrow$  білім алушы (студенттер тобы); оқытушы (маман)  $\leftrightarrow$  ЦББР  $\leftrightarrow$  білім алушы (студенттер тобы); маман  $\leftrightarrow$  ЦББР. Цифрландыру жағдайындағы болашақ математика пәні мұғалімінің жетекші функциялары көрсетілді.

Сонымен қатар, психологиялық-педагогикалық әдебиет көздерін талдау арқылы цифрлық ресурстарды геометриялық білім беруге ендіруге байланысты негізгі аспектілер анықталды.

## **2 БОЛАШАҚ МАТЕМАТИКА МҰҒАЛІМДЕРІН МЕКТЕП ГЕОМЕТРИЯ КУРСЫН ОҚЫТУДА ЦИФРЛЫҚ БІЛІМ БЕРУ РЕСУРСТАРЫН ҚОЛДАНУҒА ӘДІСТЕМЕЛІК ДАЯРЛАУДЫҢ ПРАКТИКАСЫ**

### **2.1 Студенттерді мектеп геометрия курсын цифрлық білім беру ресурстарын қолданып оқытуға даярлауды ұйымдастыру мазмұны, формасы, құралдары**

Алдыңғы тараудағы зерттеулер қазіргі таңда пән мұғалімдерінің өз пәндерін жетік менгеруден бөлек психологиялық-педагогикалық жағынан сауатты болуын, ЦББР-ны толық менгеруі тиіс екендігін көрсетті. Геометрияны оқытуда инновациялық, педагогикалық, ЦББР-ны пайдалана отырып, әр оқушыны өзінің қабілетіне, ыңғайына, бейімділігіне қарай оқыту, тәрбиелеу мұғалім мен оқушы арасындағы қарым-қатынасын жаңаша ұйымдастыру өмір талабынан туындайтын үдеріс.

Осылан орай, ЖОО-ларда болашақ математика мұғалімдерін әдіstemелік дайындауда оқу үдерісіне ЦББР-ны енгізу арқылы ұйымдастыру өзекті болып табылады.

Жоғары оқу орындарында мектеп геометрия курсын цифрлық білім беру ресурстарын қолданып оқыту «Математика мұғалімдерін даярлау» білім беру бағдарламасы бойынша болашақ мұғалімдерді даярлайтын М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Ж.Ташенев атындағы университеті, Орталық Азия Инновациялық университетінің студенттеріне ұйымдастырылды.

Студенттерді мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдіstemелік даярлау мақсатында «Математикадағы ақпараттық технологиялар» арнайы пәні оқу үдерісіне енгізілді (Қосымша А). Пәннің 15 аптаға жоспарланған дәріс, зертханалық және студенттердің өзіндік жұмыстары бойынша бөлінген сағат санымен мазмұны жасалды (7-кесте).

*Пәнді оқудың мақсаты* – студенттердің математикалық, геометриялық есептерді шешу, деректерді талдау және визуализациялау үшін заманауи цифрлық құралдар мен ЦББР-ны қолдану дағдыларын дамыту болып табылады. Бұл математикалық, геометриялық ұфымдарды тереңірек түсінуге ықпал етеді, сонымен қатар ғылыми-зерттеу және кәсіби қызметте цифрлық технологияларды қолдануға дайындаиды.

*Пәнді оқудың міндеттері* – студенттердің математиканы, геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдану дағдыларын қалыптастыру;

- пәнаралық құзыреттілігін қалыптастыру, ЦББР-ны математика және геометрияны оқыту әдіstemесі пәніндерінде қолдана алуы;
- кеңістіктік объектілерді және 3D модельдерді зерттеу үшін ЦББР-ны қолдану;
- оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған ЦББР қолдану дағдыларын қалыптастыру.

Кесте 7 – «Математикадағы ақпараттық технологиялар» арнағы пәнін оқытудың мазмұны

Апта	Тақырыптардың атандыру олардың негізгі мазмұны	Сағат саны				
		Дәріс	Зертханалық	Аралық БӘЖ	ОБАӨЖ	Ағымдағы БАОЖ
1	2	3	4	5	6	7
1	<p>Дәріс 1. ЦББР-ға кіріспе және олардың математиканы оқытудағы рөлі. ЦББР-ның анықтамасы және олардың түрлері. Қазіргі білім берудегі ЦББР-ның маңызы. Математиканы оқытуда ЦББР-ны қолданудың артықшылықтары</p> <p>Зертханалық сабак 1. Математиканы оқытуға арналған ЦББР-ны зерттеу.</p> <p>Графикалық бағдарламалар, виртуалды зертханалар, интерактивті оқулықтар және ойындар сияқты әртүрлі ЦББР-ларға шолу. Математиканы оқыту үдерісіндегі әр түрлі ЦББР-лардың артықшылықтары мен кемшіліктеріне салыстырмалы талдау.</p>	1	2	4	2	1
2	<p>Дәріс 2. Математиканы, геометрияны оқытуға арналған ЦББР түрлері. Графикалық бағдарламалар мен қосымшалар. Виртуалды зертханалар және үш өлшемді модельдер. Интерактивті оқулықтар мен онлайн курстар. Бейне сабактар мен вебинарлар.</p> <p>Зертханалық сабак 2. Математиканы, геометрияны оқытудағы графикалық бағдарламалар мен қосымшаларды зерттеу. Динамикалық геометрия жүйелері (DGS) қосымшалары: Geometer's Sketchpad, GeoGebra, Cabri Geometry, Математический конструктор, GeoNext және т.б.</p> <p>Жасанды интеллект (AI) жүйелері және қосымшалары: ChatGPT, Smodin Omni, Photomath, Socrative, Wolfram Alpha, AlphaGeometry және т.б. VR/AR технологиялары бағдарламалары және қосымшалары: VR Math, AR Ruler App, Construct3D, Geo-AR, 3D Calculator және т.б.</p>	1	2	4	2	1

7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
3	<p>Дәріс 3. Динамикалық геометрия жүйелеріне (DGS) кіріспе және олардың геометрияны оқытудағы рөлі. Динамикалық геометрия жүйелері (DGS) анықтамасы және олардың жұмысының негізгі принциптері. Қазіргі білім берудегі динамикалық геометрия жүйелерінің (DGS) маңызы. Геометрияны оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін (DGS) қолданудың артықшылықтары.</p> <p>Зертханалық сабак 3. DGS-пен танысу. DGS-ке кіріспе: анықтамасы, мақсаттары және жұмыс принциптері. Таңдалған DGS-тің интерфейсімен танысу. Негізгі құралдарды игеру: нұктелер, сызықтар, шеңберлер және басқа геометриялық объектілерді құру. DGS-тің көмегімен қарапайым геометриялық фигуralарды (сегменттер, ушбұрыштар, квадраттар) салу.</p>	1	2	4	2	1
4-5	<p>Дәріс 4,5. DGS-ті планиметриялық есептерді шешуде қолдану әдістері.</p> <p>Зертханалық сабак 4,5. Geogebra-ның көмегімен қарапайым геометриялық фигуralарды салу әдістері. Ушбұрыштар, параллель және перпендикуляр түзулер, шеңбер, үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлер, геометриялық салу есептерін шығару. Көпбұрыштар, жазық фигуralардың ауданын есептеу, векторлар жәрдемімен геометриялық есептер шығаруда DGS-тің мүмкіндіктері.</p>	2	4	4	2	1
6-7	<p>Дәріс 6,7. DGS-ті стереометриялық есептерді шешуде қолдану әдістері.</p> <p>Зертханалық сабак 6,7. Стереометрияның аксиомалары. Кеңістіктегі перпендикуляrlық. Кеңістіктегі тікбұрышты координаталар жүйесі және векторлар. Көпжақтар. Призмалар. Параллелепипед. Пирамида. Айналу денелері. Цилиндр. Конус. Шар. Сфера. Денелердің көлемдері. Денелер көлемдерінің жалпы қасиеттері тақырыптарын оқытуда DGS-тің мүмкіндіктері.</p>	2	4	4	2	1

## 7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
8	<p>Дәріс 8. VR/AR технологияларына кіріспе және олардың математиканы, геометрияны оқытудағы рөлі. VR/AR технологияларының анықтамасы және олардың жұмысының негізгі принциптері. Қазіргі білім берудегі VR/AR технологиясының маңызы. Математиканы, геометрияны оқытуда VR/AR технологиясын қолданудың артықшылықтары.</p> <p>Зертханалық сабак 8. VR/AR технологиялары бағдарламалары мен қосымшаларымен танысу. VR/AR қосымшаларының интерфейсі және негізгі құралдарымен (виртуалды шындық көзілдірігі, дулыға және т.б.) танысу. Виртуалды кеңістікте геометриялық объектілерді құру және манипуляциялау.</p>	1	2	4	2	1
9-10	<p>Дәріс 9,10. VR/AR технологиялары қосымшаларын стереометриялық есептерді визуализациялауда және шығаруда қолдану әдістері.</p> <p>Зертханалық сабак 9-10. Geo-AR, 3D Calculator қосымшалары көмегімен «Айналу денелері» және «Шарға іштей және сырттай сыйылған денелердің кескіндерін салу әдістері» тарауының есептерін шығару.</p>	2	4	4	2	1
11-12	<p>Дәріс 11,12. Жасанды интеллект (AI) қосымшалары туралы жалпы түсінік және оларды математиканы оқытуда қолдану мүмкіндіктері.</p> <p>Зертханалық сабак 11,12. ChatGPT , Smodin Omni, Photomath, Socratic, Wolfram Alpha, AlphaGeometry және т.б. жасанды интеллект (AI) жүйелерімен жұмыс жасау әдістері.</p>	2	4	4	2	1
13	<p>Дәріс 13. Жасанды интеллект (AI) қосымшалары көмегімен мектеп геометрия курсы есептерін шығаруда қолдану әдістері.</p> <p>Зертханалық сабак 13. Жасанды интеллект жүйелері көмегімен геометриялық есептердің дұрыстығын тексеру, геометриялық объекттердің қасиеттерін зерттеу, фигуralар салу, автоматты тексеру және кері байланыс жасау.</p>	1	2	4	2	1

## 7 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
14-15	<p>Дәріс 14,15. Математика сабағын цифрлық білім беру ресурстары және платформалар көмегімен үйымдастыру әдістері.</p> <p>Зертханалық сабак 14,15. Математика сабағының әртүрлі кезеңдерін үйымдастыруға арналған ЦБР және платформалар.</p> <p>Сабакты үйымдастыру кезеңінде: Google Classroom, Microsoft Times, Edmodo, Moodle және т.б.</p> <p>Студенттердің білімдерін өзектендіру кезеңінде: Google Forms, Classtime және т.б.</p> <p>Жаңа сабакты түсіндіру кезеңінде: PowerPoint, Google Slides, Keynote және т.б көмегімен интерактивті презентациялар және дидактикалық материалдар дайындау.</p> <p>Бағалау: Quizizz, Kahoot, OnlineTestPad және т.б.</p> <p>Үйге тапсырма: Google Drive, Mail.ru бұлты және т.б</p>	1	4	4	2	1
	Барлығы	15	30	60	30	15

«Математикадағы ақпараттық технологиялар» арнағы пәнінде болашақ математика мұғалімдерін мектеп математика (геометрия) курсын оқытуда ЦБР-ларды тиімді қолдану мүмкіндіктері оқытылды.

1.2 тарауда студенттерге мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлайтын пәндер қажет екендігі ұсынылған болатын.

Постреквизит пән ретінде болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда ЦБР-ны қолдануға әдістемелік даярлау мақсатында оқу үдерісіне «Геометрияны оқыту әдістемесінің тандаулы тараулары» атты арнағы пәні енгізілді (Қосымша А). Бұл тандау пәнінің мазмұны мектеп геометрия курсын оқытудың дербес әдістемесі бойынша құрастырылды. Сонымен қатар курсты оқыту барысында бақылау тобы студенттері дәстүрлі оқыту әдістері арқылы, ал эксперименттік топ студенттері дәріс және зертханалық сабактарын компьютерлік сыныпта және М.Әузев атындағы ОҚУ базасында VR/AR зертханасында ЦБР-ны қолданып оқытылды. Пәнді оқытудың мазмұны мектеп геометрия курсының тақырыптары негізінде жасалды (8-кесте).

*Пәнді оқудың мақсаты* – мектеп геометрия курсын оқытудың принциптерін, тәсілдері мен заманауи әдістерін терең зерттеу, сондай-ақ болашақ математика мұғалімдерінің геометриялық материалды тиімді оқыту үшін теориялық білім мен практикалық дағдыларын дамыту. Болашақ

математика мұғалімдерін жаңа әдістемелік тәсілдер мен цифрлық білім беру ресурстарын қолдана отырып, геометрияны тиімді оқытуға әдістемелік дайындау.

*Пәнді оқудың міндеттері:*

- студенттердің геометрияны оқытуда, оқушылардың пәнге қызығушылығын ояту, қабілеттерін қалыптастыру;
- геометриялық есептерді шығаруға қажетті білім, білік, дағдыларын қалыптастыра алуы;
- геометриялық есептерді шығару барысында ойды жүйелеп, оның пәрменділігін арттыруға қажетті әдістерді қолдана білуі;
- ойлау әрекетіне қажетті теориялық, практикалық мәселелерді менгеруі;
- сабак өткізудің практикалық дағдысына ие болуы, үй тапсырмасын тексеру әдістемесі, өзіндік жұмыс, жаңа материалды оқып үйрену әдістемесі;
- өтілетін сабакты жоспарлай білуі, оған сабак мазмұнына қарай дидактикалық материалдар мен ЦББР-ны қолдана білуі;
- динамикалық геометрия жүйелері қосымшалары: Geometer's Sketchpad, GeoGebra, Cabri Geometry, Математический конструктор, GeoNext және т.б. тақырыпқа сай таңдау және жұмыс істей білуі;
- VR/AR технологиясының бағдарламалары және қосымшалары: VR Math, ARRulerApp, Construct3D, Geo-AR, 3D Calculator және т.б. қолдана білуі;
- жасанды интеллект (AI) жүйелері және қосымшалары: ChatGPT, Smodin Omni, Photomath, Socratic, Wolfram Alpha және т.б. тиімді қолдана білуі;
- оқу-танымдық әрекетте өз бетінше білім алуды ұйымдастыру, жетілдіру қызметін дамыту мен қалыптастыра алуы тиіс.
- геометрия сабағын ұйымдастыру кезеңдеріне (жаңа сабакты өту, тақырыпты бекіту, тақырып бойынша есептер шығару, сабакты қорытындылау және т.с.с.) арналған цифрлық дидактикалық материалдар даярлау;
- әдістемелік сипаттағы зерттеу жұмыстары.

Оқу үдерісіне енгізілген арнайы пәндерін оқытуда тәмендегі техникалық құралдар қолданылды:

- VR/AR технологиялары құралдары (виртуалды шынайылық көзілдіргі, дұлыға, қозғалыс контроллері құралы және т.б.);
- оқытуудың техникалық құралдары: компьютерлер, ноутбуктар, планшеттер, интерактивті тақта және т.б.;
- оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған цифрлық құралдар мен ресурстар: Classroom, Microsoft Times, Edmodo, Moodle және т.б.

Геометрия курсын оқыту үдерісін тиімді ұйымдастыру үшін оқытушыларға сабактарды жоспарлауға, өткізуға және бағалауға, ал білім алушыларға материалды жақсы менгеруге көмектесетін әртүрлі құралдарды қолдану маңызды.

Кесте 8 – «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнағы пәнінің мазмұны

Апта	Тақырыптардың атапу олардың негізгі мазмұны	Сағат саны				
		Дәріс	Зертханалық	ОБАӘЖ	аралық БӘДЖ	ағымдық БӘӘЖ
<b>Модуль 1. Мектеп геометрия (планиметрия) курсын оқыту әдістемесі.</b>						
1	2	3	4	5	6	7
1	<p>1-дәріс. Орта мектепте геометрияны оқытуудың жалпы әдістемелік мәселелері. 1. Геометрияны оқыту мақсаттары және оны заманауи технологияларды қолданып жетілдіру жолдары. 2. Геометрияның алдын-ала дайындық курсын оқыту әдістемесі. 3. Жүйелі геометрия курсының алғашқы сабактары.</p> <p>Зертханалық сабактың 1-тақырыбы: Геометрияны оқыту мақсаттары және оны заманауи технологияларды қолданып жетілдіру жолдары. Зертханалық сабактың 2-тақырыбы: Геометрияның алдын-ала дайындық курсын оқыту әдістемесі.</p>	1	2	1		
2	<p>2-дәріс. Үшбұрыштар тақырыбын оқыту. 1. Үшбұрыш ұғымын енгізу. 2. Үшбұрыштардың теңдік белгілері. 3. Үшбұрыштың биіктігі, биссектрисасы және медианасы. 4. Тенбүйірлі үшбұрыштар. 5. Үшбұрыштың ішкі бұрыштарының қосындысы. 6. Фалес теоремасы. Үшбұрыштың орта сызығы. 7. Тік бұрышты үшбұрыш. 8. Үшбұрыштың тамаша нұктелері. Үшбұрышқа сырттай және іштей сызылған шеңберлер. 9. Пропорционал кесінділер туралы теорема. Пифагор теоремасы.</p> <p>Зертханалық сабактың 3-тақырыбы: Үшбұрыштың биіктігі, биссектрисасы және медианасы. Тенбүйірлі үшбұрыштар.</p> <p>Зертханалық сабактың 4-тақырыбы: Тік бұрышты үшбұрыш. Үшбұрыштың тамаша нұктелері. Пифагор теоремасы.</p>	1	2	1	1	5

## 8 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
3	3-дәріс. Төртбұрыштар тақырыбын оқыту. 1.Төртбұрыштар ұғымын енгізудің әртүрлі мүмкіндіктері. 2. Төртбұрыш. Параллелограмм, оның белгілері мен қасиеттері. 3. Трапеция. 4. Тіктөртбұрыш. 5. Ромб. Квадрат. Зертханалық сабактың 5-тақырыбы: Төртбұрыш. Параллелограмм. Зертханалық сабактың 6-тақырыбы: Трапеция. Тіктөртбұрыш. Ромб. Квадрат.	1	2	1		
4	4-дәріс. Көпбұрыштар. 1. Көпбұрыштар және оны оқыту ерекшеліктері. 2. Көпбұрыш ұғымы. 3. Дөңес көпбұрыштар. Дұрыс көпбұрыштар. 4. Дұрыс көпбұрыштарға іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары үшін формулалар. Зертханалық сабактың 7-тақырыбы: Көпбұрыштар және оны оқыту ерекшеліктері. Зертханалық сабактың 8-тақырыбы: Дұрыс көпбұрыштарға іштей және сырттай сызылған шеңберлердің радиустары үшін формулалар.	1	2	1	1	5
5	5-дәріс. Шеңбер. 1. Шеңбер және оның элементтері. 2. Түзу мен шеңбердің өзара орналасуы. 3. Шеңберлердің өзара орналасуы. 4. Шеңбер және бұрыштар. 5. Шеңбер және төртбұрыш. Зертханалық сабактың 9-тақырыбы: Шеңбер және оның элементтері. Зертханалық сабактың 10-тақырыбы: Шеңбер және төртбұрыш.	1	2	1		
6	6-дәріс. Фигуралар арасындағы метрикалық қатыстар. 1. Сүйір бұрыштың тригонометриялық функцияларын енгізу және тікбұрышты үшбұрыштарды шешуге үйрету. 2. Пифагор теоремасы және оны дәлелдеу. 3. Синустар теоремасын менгеру. 4. Косинустар теоремасын оқып үйрену. Зертханалық сабактың 11-тақырыбы: Сүйір бұрыштың тригонометриялық функцияларын енгізу және тікбұрышты үшбұрыштарды шешуге үйрету. Зертханалық сабактың 12-тақырыбы: Пифагор, синустар және косинустар теоремаларының қолданылуына есептер шыгару.	1	2	1	1	5

## 8 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
7	7-дәріс. Жазық фигуralардың ауданы. 1. Жазық фигуralардың ауданы ұғымы. 2. Квадраттың ауданы. 3. Тіктөртбұрыштың ауданы. 4. Параллограмның, үшбұрыштың және трапецияның аудандары. Зертханалық сабактың 13-тақырыбы: Квадраттың ауданы. Тіктөртбұрыштың ауданы. Зертханалық сабактың 14-тақырыбы: Параллограмның, үшбұрыштың және трапецияның аудандары.	1	2	1	1	5
Модуль 2. Мектеп геометрия (стереометрия) курсын оқыту әдістемесі.						
8	8-дәріс. Жазықтықтағы салу есептері. 1. Негізгі салу есептері және салу есептерін шешудің жалпы схемасы. 2. Салу есептерін шығарудың негізгі әдістері. 3. Салу есептерін геометриялық түрлendірuler жәрдемімен шешу. 4. Дұрыс көпбұрыштарды салу. Зертханалық сабактың 15-тақырыбы: Негізгі салу есептері және салу есептерін шешудің жалпы схемасы. Зертханалық сабактың 16-тақырыбы: Салу есептерін шығарудың негізгі әдістері.	1	2	1	1	5
9	9-дәріс. Стереометрия аксиомалары және олардан шығатын салдарлар. 1. Стереометрияның алғашқы ұғымдары. 2. Стереометрияның аксиомалары. 3. Стереометрия курсының алғашқы сабактарын өтудің әдістемесі. 4. «Кеңістіктең параллелдік» тақырыбын оқыту туралы жалпы әдістемелік нұсқау. 5. «Кеңістіктең перпендикулярлық» тақырыбын оқытудың әдістемесі. Зертханалық сабактың 17-тақырыбы: Стереометрия аксиомалары және олардан шығатын салдарлар. Зертханалық сабактың 18-тақырыбы: Кеңістіктең параллелдік және кеңістіктең перпендикулярлық тақырыбын оқыту.	1	2	1		
10	10-дәріс. Теорема және оның құрылымы. Теореманың түрлері. Кесімді және шартты теоремалар. Жай және құрама теоремалар Зертханалық сабактың 19-тақырыбы: Координаталар әдісі. Фигуралардың тендеуі. Зертханалық сабактың 20-тақырыбы: Қарсы жору арқылы дәлелдеу.	1	2	1	1	5

## 8 – кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
11	11-дәріс. Тура және кері теоремалар. Зертханалық сабактың 11-тақырыбы: Тура және кері теоремалар. Тураға және керіге қарама-қарсы теорема түрлерінің логикалық құрылымын талдау. Зертханалық сабактың 11-тақырыбы: Теорема түрлеріне байланысты дәлелдеу ерекшеліктерін оқып-үйрену.	1	2	1		
12	12-дәріс. Көпжақтар. 1. «Көпжақтар» тақырыбының баяндалу ерекшеліктері. 2. «Көпжақтар» тақырыбын оқып үйренудің әдістемесі. 3. Көпжақтарға анықтама беру. Көпжақ элементтері. Дөңес көпжақтар. 4. Призмалар. 5. Параллелепипед. Зертханалық сабактың 23-тақырыбы: Призмалар. Приzmanы кескіндеу. Приzmanың қимасын салу. Зертханалық сабактың 24-тақырыбы: Параллелепипед. Параллелепипед кескінін салу. Параллелепипедтің қимасын салу.	1	2	1	1	5
13	13-дәріс. Пирамида. 1. Пирамида. 2. Дұрыс көпжақтар. Зертханалық сабактың 25-тақырыбы: Тетраэдр, пирамида кескіндерін салу. Пирамида қимасын салу. Зертханалық сабактың 26-тақырыбы: Дұрыс көпжақтар. Дұрыс көпжақтарды кескіндеу.	1	2	1	1	5
14	14-дәріс. Айналу денелері 1. «Айналу денелері» тақырыбын оқытудың жалпы әдістемелік мәселелері. 2. Цилиндр. 3. Конус. Зертханалық сабактың 27-тақырыбы: Цилиндр. Цилиндр мен оның элементтерін кескіндеу. Есептер шығару. Зертханалық сабактың 28-тақырыбы: Конус.	1	2	1	1	5
15	15-дәріс. Шар. Сфера. 1. Сфера және шар. Сфера мен шардың қасиеттері. 2. Шар бетінің және оның бөліктерінің аудандары. 3. Шардың көлемі. Шар бөліктерінің көлемі. 4. Көпжақтар мен дөңгелек денелердің комбинациялары. Зертханалық сабактың 29-тақырыбы: Шар бетінің және оның бөліктерінің аудандары. Шардың көлемі. Шар бөліктерінің көлемі. Зертханалық сабактың 30-тақырыбы: Көпжақтар мен дөңгелек денелердің комбинациялары.	1	2	1	1	5
Барлығы		15	30	15	10	50

«Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәні дәріс сабактардан (15 дәріс), зертханалық сабактардан (30 сабак), ОБАӘЖ-ден (15 сабак), аралық және ағымдық БАӘЖ-ден тұрады. Дәріс сабактарда мектеп геометрия курсының таңдаулы тарауларын оқытудың әдістемелік мәселелері қарастырылды. Зертханалық сабактарды эксперименттік топ студенттері компьютерлік сыныпта пәннің тақырыптарына қарай ЦББР-ны қолдану арқылы орындалған зертханалық жұмыстардың сілтемелері мен QR коды 2.2 тарауда көрсетілген. Ал бақылау тобы студенттеріне зертханалық сабактар дәстүрлі оқыту әдістері арқылы үйымдастырып жүзеге асырылды.

Сонымен қатар эксперименттік топ студенттері өзіндік жұмыстарын оқу үдерісін үйымдастыруға арналған цифрлық ресурстары арқылы орындал оқытуышыға есеп ретінде тапсырып отырды.

ЦББР-ны пайдалана отырып мектеп геометрия курсын оқыту әдістемесі бойынша зертханалық жұмыстарды үйымдастыру студенттерге материалды интерактивті және көрнекі түрде менгеруге көмектесетін, геометрияны оқытуда қолдануға тиімді болып табылатын, диссертацияның 1.1. бөлімде ұсынылған бағдарламалар және қосымшалар жіктемесін пайдалануды қамтиды.

Зертханалық жұмыстың негізгі мақсаты – геометрияны оқытуда ЦББР-мен жұмыс істеудің практикалық дағдыларын қалыптастыру, болашақ математика мұғалімінің әдістемелік даярлығын дамыту.

Зертханалық сабакты үйымдастырудың негізгі кезендері мен аспектілері:

### *1. Мақсаттар мен міндеттерді анықтау*

Мақсаты: Студенттердің геометрия пәніне қызығушылықтарын арттыру, ЦББР-мен жұмыс істеу дағдыларын, кеңістіктік түсінігі, елестетуі мен кеңістіктік ойлау қабілеттерін дамыту және практикалық тапсырмалар арқылы геометриялық ұфымдар туралы түсініктерін тереңдешту.

Міндеттері: Практика арқылы теориялық білімдерін бекіту, сынни тұрғыдан ойлауды дамыту, геометриялық есептерді шығаруда ЦББР-ны пайдалана білу.

### *2. Тапсырманың жоспары мен мазмұнын хабарлау*

«Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәннің тақырыптық жоспарына сәйкес әр зертханалық сабак тақырыбына студенттерге жеке тапсырмалар ұсынылады (Қосымша Ә). Зертханалық сабактарда академиялық топтар екі топқа бөлініп оқытылды.

### *3. Цифрлық білім беру ресурстарын таңдау*

- динамикалық геометрия жүйелері (DGS) қосымшалары: Geometer's Sketchpad, GeoGebra, Cabri Geometry, Математический конструктор, GeoNext және т.б.

- VR/AR технологиялары бағдарламалары және қосымшалары: VR Math, ARRulerApp, Construct3D, Geo-AR, 3D Calculator және т.б.

- жасанды интеллект (AI) жүйелері және қосымшалары: Chatgpt, Smolin Omni, Photomath, Socrative, Wolfram Alpha және т.б.

- оқу үдерісін ұйымдастыруға арналған цифрлық ресурстары: Google Classroom, Microsoft Times, Google Forms, Online Test Pad, Quizizz, Google Forms, Direct Poll, Kahoot және т.б. Бұл цифрлық ресурстар студенттердің өзін-өзі бағалауына, сабакты рефлексиялауға, мұғаліммен кері байланыс орнатуға мүкіндік береді.

#### *4. Зертханалық жұмыстың барысы*

##### *4.1. Кіріспе бөлім*

###### *4.1.1. Мақсаттар мен міндеттерді қою*

Оқытушы зертханалық жұмыстың мақсатын және ЦББР-ны пайдалана отырып шешуді қажет ететін тапсырмаларды ұсынады.

Қандай дағдылар дамитындығы түсіндіріледі: геометриялық фигуralардың кескіндерін салуда және геометриялық есептерді шығаруда ЦББР-ны қолдану.

##### *4.2. Теориялық негізі*

Зертханалық жұмысты орындау үшін қажетті теориялық материалды қысқаша қайталау: мысалы, ауданның, көлемнің, фигуralардың координаталарын есептеу формулаларын және т.б. Қолданылатын формулалар, теоремалар, есептер шығару әдістерін еске түсіру.

ЦББР-мен жұмыс істеуге кіріспе: оқытушы салуға және есептеулерге арналған бағдарламаның негізгі құралдарын көрсетеді (мысалы, фигуralарды салу, бұрыштарды немесе ұзындықтарды өлшеу).

##### *4.3. Жұмысты орындау бойынша нұсқаулық*

Оқытушы жұмысты орындау үдерісін қалай ұйымдастыру керектігін түсіндіреді: қандай қадамдар маңызды, нәтижені қалай рәсімдеу керек, қандай құралдар немесе бағдарламалар қолданылады. Тапсырманың бір бөлігін орындау мысалы интерактивті тақтада демонстрацияланады.

##### *5. Дайындық кезеңі*

###### *5.1. Ішкі тапсырмаларға бөлу*

Студенттер тапсырманы талдайды, оны бірнеше бөлікке бөледі (мысалы, есепті талдау, сыйбаны дайындау, есептеулер, дәлелдеу, т.б.).

Тапсырманың бастапқы деректері мен шарттарын нақтылау.

###### *5.2. Әдістер мен ЦББР-ны таңдау, жұмыс жоспарын құру*

Есептерді шешудің қандай әдістері қолданылатынын анықтау (аналитикалық, сыйбалық, сандық). Сызу құралдарын (циркуль, сыйғыш, транспортир) және бағдарламалық құралдарды (мысалы, GeoGebra, Geo-AR, 3D Calculator және т.б.) дайындау.

##### *6. Негізгі кезең (зертханалық жұмысты орындау)*

###### *6.1 Геометриялық салуды орындау*

Тапсырма шартына сәйкес геометриялық салуларды қағазда және бағдарламада орындау. Пішіндерді, сыйықтарды, бұрыштарды салу, қылышуларды іздеу және т.б. Бағдарламалық құралдарды пайдалана отырып, геометриялық объектилерді: нұктелерді, сыйықтарды, шенберлерді,

көпбұрыштарды салу. Нүктө координаталарымен жұмыс: координаталық жазықтықта фигуralарды тұрғызу.

GeoGebra-дағы мысал: Шеңбер мен оған іштей сзылған дұрыс көпбұрыш (мысалы, бесбұрыш) салу. Студенттер «Шеңбер» және «Көпбұрыш» құралдарын таңдалап, шеңбердің радиусын белгілең, оны тең кесінділерге бөледі.

### *6.2. Есептеу және талдау*

Қажетті мәндерді есептеу: бұрыштар, ұзындықтар, аудандар немесе көлемдер. Геометриялық есептерді шешу үшін формуаларды қолдану (мысалы, ұшбұрыштың ауданын есептеуге арналған Герон формуласы немесе Пифагор теоремасы). Дәлелдеу әдістерін қолдану (мысалы, фигуralардың теңдігін, түзулердің параллелдігін немесе перпендикулярының дәлелдеу).

Фигуralардың аудандарын, ұзындығын, бұрыштарын, көлемін, радиустарын және басқа сипаттамаларын есептеу үшін бағдарлама функцияларын пайдалану. Бағдарлама фигураны құрастырғаннан кейін қажетті параметрлерді автоматты түрде есептейді (мысалы, GeoGebra-да ұшбұрыштың ауданын немесе шеңбердің ұзындығын өлшеуге болады).

### *6.3. Салулар мен есептеулердің дұрыстығын тексеру*

Нәтижені теориялық болжамдармен салыстыру. Шешім логикасын және есеп шарттарына сәйкестігін тексеру. Зертханалық жұмыс форматында қарастырылған жағдайда, оқытушы алынған нәтиженің дұрыстығын талдауга көмектесе алады.

### *6.4. Геометриялық түрлендірүлөр*

Түрлендірүлөрді қолдану: динамикалық геометрия жүйелерін қолдана отырып, қажетті фигураны параллель көшіру, бұру, симметриялы (осытік, центрлік) көшіру, ұқсас түрлендіру. Фигуralардың симметриялығын және олардың түрлендіру әсерінен өзгеруін зерттеу.

Мысал: GeoGebra-дағы сәйкес құралды пайдаланып симметрия осіне қатысты ұшбұрышты бейнелеу.

## *7. Корытынды кезең*

### *7.1. Нәтижелерді тіркеу*

Сызбалар мен есептердің нақты рәсімделуі: алынған кескіндердің дұрыстығы, сызбалардың толықтығы, барлық элементтердің (бұрыштар, қабырғалар, төбелер) анық көрінуі. Жұмыс барысында алынған қорытындыларды жазу: қорытынды формулалар, дәлелдеу, есептеу нәтижелері. Бағдарламалық құралдар арқылы жұмыс нәтижелерін сақтау және басып шығару.

### *7.2. Нәтижені талдау*

Сызбалар мен есептеулердің дұрыстығын тексеру. Нәтижелерді теориялық болжамдармен салыстыру. Бағдарламаның дұрыс нәтиже беруін және барлық салулардың тапсырма талаптарына сәйкес жүргізілуін қамтамасыз ету маңызды. Бағдарламада орындалған жұмыс нәтижелерін сақтау және басып шығару.

### *7.3. Өзін-өзі талдау және қорытынды жасау*

Оқытушымен немесе топта талқылау: жұмыстың мақсатына жетті ме, қандай қыындықтар туындағы, тапсырма дұрыс орындалды ма? Студенттер орындалған жұмыс туралы қорытындыларын қысқаша қорытындылай алады: қандай әдістер жұмыс істеді, не қын болып көрінді, қандай жаңа білім немесе дағдылар игерілді.

### *7.4. Нәтижелерді рәсімдеу*

Компьютерде орындалған сыйбаларды және есептеулерді файлда сақтау. Сыйбалар мен графиктерді кескінде (мысалы, PNG, JPG) немесе құжат пішімінде (мысалы, PDF) экспорттау. Егер тапсырма GeoGebra-да орындалса, жұмыстың сілтемесін немесе QR кодын жіберу арқылы оқытушыға есептің немесе сыйбаның дұрыстығын тексеруге болады. Жұмысты талапқа сай ресімдеу: суреттерге тақырыпшалар қосу, әр кезең бойынша түсініктемелер, тапсырманың орындалу барысы туралы сипаттама беру.

### *8. Бақылау және тексеру*


Оқытушы тапсырманың дұрыстығын: сыйбалардың дұрыстығын, бағдарламаның дұрыс қолданылуын, есептеулердің дұрыстығын, қабылданған шешімдердің дұрыстығын және теориялық білімге сәйкестігін тексереді. Студент есептерді шешу үшін бағдарламаның функцияларын қалай пайдаланғанын, сонымен қатар оның жұмысты аяқтау процесін түсінгенін Online Test Pad, Quizizz және т.б арқылы тексереді.

### *9. Бағалау*

Жұмысты қорытынды бағалау, ол бірнеше критерийлерге негізделуі мүмкін: шешімдердің дұрыстығы, сыйбалардың дәлдігі, әдістерді қолдану, есептерді шешу үшін ЦБР тиімді пайдалана білуі, жұмысты орындау сапасы, белсенділігі және т.б. Студенттерді бағалауда жеке жетістіктерді де, топпен жұмыс жасау қабілетін ескеру маңызды.

Нормативтік құжаттарға: оқу жоспарына, білім беру бағдарламасына сәйкес әзірленген «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерінің білім берудің белгілі бір мазмұны нақтыланып, оның негізінде оқу үдерісі ұйымдастырылды. Оқыту үдерісі дәстүрлі оқыту әдістерін негізге ала отырып, ЦБР-ны қолданып оқыту үдерісін ұйымдастыру құрылымы жасалды (6-сурет).

Оқу үдерісін ұйымдастырудың дәстүрлі және ЦБР-ны қолданып оқыту әдістері бір-біріне қарама-қайшы келмеуі керек деп есептейміз. Олардың әрқайсысының өзіндік еекешеліктері бар және олар ақылға қонымды үйлесімі жақсы нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. ЦБР-ны қолдану оқу мүмкіндіктерін кеңейтеді, оны икемді және көрнекі түрде байытады, ал дәстүрлі әдістер жеке өзара әрекеттесу мен тікелей қарым-қатынасты қамтамасыз етеді. Осылайша, білім беру үдерісін онтайландыру цифрлық технологияларды дәстүрлі оқытуға кіріктіруден тұрады, бұл студенттердің тиімді, заманауи және жан-жақты дамуына жағдай жасайды.



Сурет 6 – Оқу үдерісін ұйымдастыру құрылымы

Оқытудың жоғары өнімділігіне қол жеткізу үшін ЦББР-ның ерекшелігі мен мүмкіндіктерін ескере отырып, қазіргі заманғы геометрия сабағына ЦББР құралдарын ұтымды қолдану қажет. Біз оқу үдерісіне енгізілген арнайы пәндерін оқытуды ұйымдастырудың әртүрлі кезеңдеріне сәйкес ЦББР түрлерін қолданудың мүмкін нұсқасын ұсындық. 9,10 – кестеде дәріс және зертханалық сабактарды ұйымдастыруда ЦББР-ны қолданудың тиімді әдістері көрсетілген.

**Кесте 9 – Дәріс сабағының цифрлық білім беру ресурстарын қолдану арқылы ұйымдастыру үлгісі**

Сабактың кезеңдері	Жаңа цифрлық технологияларды қолдану
1	2
Ұйымдастыру кезеңі	Егер сабакты онлайн ұйымдастыру қажет болған жағдайда Google Classroom, Microsoft Times және т.б платформалар пайдаланылуы мүмкін.
Студенттердің білімдерін өзектендіру кезеңі	Білімді өзектендіру кезеңінде электрондық презентациямен жұмыс ұсынылуы мүмкін. Егер оқытылған материалды қайталау және оның игерілуін тексеру қарастырылса, онда Google Forms-те тест тапсыру және оның нәтижелерін талқылау студенттерді тез бағалауға мүмкіндік береді.
Жаңа сабак	<ul style="list-style-type: none"> <li>- динамикалық геометрия жүйелері (DGS) қосымшаларын пайдалану;</li> <li>- жасанды интеллект (AI) жүйелерін және қосымшаларын қолдану;</li> <li>- «Айналу денелері» тақырыбын өту барысында AR толықтылыштан шындық технологиясы арқылы Geo-AR мобилді қосымшасын пайдалану. Қосымша iOS және Android жүйелерінде қол жетімді.</li> </ul> <p>Негізгі ұфымдарды визуализациялау үшін жаңа материалды түсіндіргенде, презентацияларды, компьютерлік бағдарламаларды көрсету өте тиімді. Мысалы, проблемалық сұрақтар қою арқылы мәселені студенттермен бірге анықтауға болады, содан кейін цифрлық ресурстарды қараша арқылы студенттерге жауап алуға және сол арқылы олардың зерттеу дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі.</p>
Жаңа материалды бекіту	Оқытылған материалды бекіту үшін оқытушылар дербес әзірлеген немесе ғаламтор желісінде таңдалған ЦББР қосымша пайдаланылуы мүмкін.

## 9 – кестенің жалғасы

1	2
Бағалау	Quizizz – студенттерді бағалауға арналған интернет-құрал болып табылады; Kahoot – викториналар, дидактикалық ойындар, тесттер жасауға арналған бағдарлама; Online Test Pad – тест тапсырмаларын, кроссворд, сканворд, сауалнама, логикалық ойындар құрастыруға арналған тегін көпфункциялы веб-сервис.
Үйге тапсырма	Орындалған материалдарды қолдана отырып сабак өткізу үшін студенттерге тапсырмаларды орналастырудың ең ыңғайлы құралы – үй тапсырмасы модулі бар электронды күнделік. Материалдарды дискіге (Google Drive, Mail.ru бұлты және т.б.) орналастырып электрондық журналға сілтемені қоямыз.
Рефлексия	Сабак қажетті, қызықты, пайдалы, қызықсыз деген сияқты пікірлер қалдыруына болады. Google Forms, Direct Poll және т.б. бұл платформалар сабакты рефлексиялау үшін жеткілікті тиімді құрал болып табылады. Бұл платформалар сұрақтарға анонимді түрде жауап алуға мүмкіндік береді. Бұл студенттермен кері байланыс үшін өте пайдалы, өйткені студенттерден «Сабакта бәрі түсінікті болды ма?» деп сұрағанда әрдайым шынайы жауап бере бермейді.

Кесте 10 – Зертханалық жұмыстардың тапсырмаларын цифрлық білім беру ресурстары арқылы орындау және нәтижелерді рәсімдеу үлгісі

Сабактың кезеңдері	Жаңа цифрлық технологияларды қолдану
1	2
Ұйымдастыру кезеңі	Егер сабакты онлайн ұйымдастыру қажет болған жағдайда Google Classroom, Microsoft Times және т.б платформалар пайдаланылуы мүмкін.
Дәріс сабағында өтілген теориялық мәліметтерді қайталау	Дәріс сабағында өтілген материалды қайталау және оның игерілуін тексеру Google Forms-те тест тапсыру және оның нәтижелерін талқылау студенттерді тез бағалауға мүмкіндік береді.

## 10 – кестенің жалғасы

1	2
Зертханалық жұмыстың тапсырмаларын орындау және рәсімдеу	<ul style="list-style-type: none"> <li>- динамикалық геометрия жүйелері (DGS) қосымшаларын пайдалану;</li> <li>- жасанды интеллект (AI) жүйелерін және қосымшаларын қолдану;</li> <li>- «Айналу денелері» тақырыбын өту барысында AR толықтылыштық технологиясы арқылы Geo-AR мобиЛЬДІ қосымшасын пайдалану. Қосымша iOS және Android жүйелерінде қол жетімді.</li> </ul>
Жұмысты қорғауға дайындалу	Мысалы: GeoGebra online динамикалық геометрия жүйесін пайдалану. <a href="http://www.geogebra.org">www.geogebra.org</a> . Орындалған жұмыстың сілтемесін немесе QR кодын жіберу жеткілікті. Word мәтіндік редакторында есеп дайындау қажеттілігі туында Google Docs мәтіндік редакторында онлайн-режимде кез келген құрылғыдан есепті құрып, өндеп оқытушыға жіберуге болады.
Бағалау	Quizziz, Kahoot, Online Test Pad және т.б. арқылы зертханалық сабактардағы тақырыптар бойынша сұрақтар және тапсырмалар құрастырып, жылдам жауабын алуға мүмкіндік береді.
Рефлексия	Сабақ: қажетті, қызықты, пайдалы, қызықсыз деген сияқты пікірлер қалдыруына болады. Google Forms, Direct Poll және т.б. бұл платформалар сабакты рефлексиялау үшін жеткілікті, тиімді құрал болып табылады.

Жоғарыдағы 1.3 тарауда болашақ математика мұғалімдері үшін жасалынған әдістемелік ұсыным ЦББР-ны қолданудың алға қойған мақсаттарын кешенді түрде жүзеге асыруға, бір жағынан, пәнді тиімді менгеруге, қызығушылық пен мотивацияны арттыруға, ғылыми-теориялық, ақпараттық-технологиялық, бағалаушы-рефлексиялық компоненттерді нығайтуға, кеңістіктік түсініктерді дамытуға көмектеседі деп айта аламыз. Сондай ақ, логикалық ойлаумен қатар, екінші жағынан білім беру мен кәсіби қызметті одан әрі жалғастыру үшін қажетті электрондық ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын дамытады.

### **2.2 Болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға даярлау әдістемесі**

Мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны әдістемелік түрғыдан дұрыс және жүйелі қолдану білім алушылардың пәнге қызығушылығын

арттырады, оқу материалының қолжетімділігін, көрнекілігін, саналы игерілуін және т.б. қамтамасыз етеді. Ол білім алушылардың кеңістіктік түсінігі, елестетуі мен кеңістіктік ойлау қабілеттерінің дұрыс қалыптасуына оң әсер ете отырып, геометриялық білім сапасын арттырады.

Сонымен қатар, геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдану мүғалімге келесідей мүмкіндіктер береді: геометриялық объектілердің қасиеттерін кеңінен зерттей отырып, экранда динамикалық геометрия жүйелері негізінде үлгілерді қозғау арқылы әртүрлі қырынан көрсету, геометриялық фигуralарды беттестіру, қызыстыру және т.б.; экранда әртүрлі геометриялық фигуralарды, олардың кескіндерін, жазбаларын, қималарын және т.б. салу; оқу материалдарын көрнекі, қолжетімді ету. Оқу іс-әрекетінің құралы ретінде ЦББР-ны пайдалану геометрияның көптеген мәселелерін оқып-үйренудің ұйымдастырушылық тәсілдерін қайта қарауға, білім алушылардың эксперименттік және зерттеушілік іс-әрекеттерін қүштейтуге, оқу үдерісін нақты таным процесіне жақыннатуға мүмкіндік береді.

Геометрияны ЦББР-ны қолданып оқыту әдістемесінде қолданылатын негізгі әдістердің ішінде 1- бөлімде келтірілген виртуалды манипулятивтер, интерактивті сабак әдістерінің кезеңдеріне тоқталайық:

*1. Кіріспе:*

- сабақтың мақсаты: сабақтың мақсатын айтып, геометрияның қандай ұғымдары оқытылатынын түсіндіру.
- алдыңғы білімді белсендіру: студенттердің жаңа сабақ тақырыбын игеруге қажетті бұрынғы білімдерін қысқаша талқылау.

*2. Демонстрация:*

- интерактивті мысалдар: мысалдар көрсету және геометриялық фигуralарды кескіндеу үшін ЦББР-ны пайдалану.
- бағдарламалар арқылы визуализация: GeoGebra немесе басқа интерактивті құралдар сияқты бағдарламаларды пайдаланып геометриялық фигуralарды, олардың комбинацияларын, қималарын және т.с.с. принциптерін көрсету.

*3. Белсенеңді қатысу:*

- интерактивті жаттығулар: білім алушыларға тақтада, бағдарламада немесе интерактивті материалдарды пайдалана отырып шешу үшін интерактивті есептер беру.
- топтық талқылаулар: студенттер идеялармен және шешімдермен алмаса алатын топтық талқылауларды жүргізу.

*4. Тәжірибе:*

- өз бетінше жаттығулар: тәжірибелік есептерді шешу арқылы студенттерге жаңа білімді өз бетінше қолдану мүмкіндігін беру.
- ойындар мен сынақтар: оқуды қызықты ету үшін интерактивті ойындар мен тапсырмаларды қосу.

*5. Кері байланыс:*

- жеке кері байланыс: студенттерге берілген тапсырмалар бойынша кері байланыс жасау.

- шешімдерді талқылау: есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін талқылау және маңызды сәттерді белгілеу.

#### *6. Рефлексия:*

- оқытуды талқылау: студенттерден үйренгенін және жаңа білімді өмірде қалай қолдана алатынын сұрау.

- өзін-өзі бағалау: студенттердің түсіну деңгейін бағалап, жақсартулары қажет салаларын анықтау.

#### *7. Қорытынды:*

- қорытындылау: сабакты қорытындылау, негізгі ұғымдарды қайталау және студенттердің оқуы үшін қосымша ресурстармен қамтамасыз ету.

Геометриядағы интерактивті әдіс білім алушының белсенді қатысуына, түсініктерді визуализациялауға және материалды тереңірек түсінуге ықпал ететін ой алмасуға баса назар аударады.

Геометрияны оқытуда көрнекі құрал ретінде цифрлық ресурстарды тиімді пайдаланудың мысалдарына тоқталып өтсек:

*1-мысал.* GeoGebra цифрлық білім беру ресурсын пайдалана отырып мектеп геометрия курсының «Шеңбер, дөңгелек, олардың элементтері мен бөліктері» тақырыбын оқытуды қарастырамыз.

*Сабактың мақсаты:* ЦББР-ны пайдалана отырып, шеңбер мен дөңгелектің құрылымы мен қасиеттерін зерттеу.

#### *Сабактың кезеңдері:*

##### *1. Кіріспе және мәселенің мәлімдемесі:*

- тақтада немесе GeoGebra бағдарламасында «Радиусы 4 см шеңбер сал» деген тапсырма жазу.

##### *2. Интерактивті шеңбер салу:*

- GeoGebra көмегімен А белгілеп алып, центрі А нүктесінде және радиусы 4 см болатын шеңбер салу;

- Интерактивті радиусты өзгерту мүмкіндігін белгілеу.

##### *3. Шеңбердің қасиеттерін талқылау:*

- шеңбердің радиусы, диаметрі, центрлік бұрышы және доғасы сияқты негізгі элементтермен таныстыру және талқылау;

- студенттерден радиустың өзгеруі диаметр, доға мен центрлік бұрышқа қалай әсер ететінін сұрау.

##### *4. Интерактивті тәжірибелер:*

- студенттерге шеңбердің радиусын өзгерту, центрлік бұрыштардың шамасы мен доғаның ұзындықтарын өлшеу және т.б. өз бетінше тәжірибе жасау мүмкіндігін беру.

##### *5. Тәуелсіз шешуге арналған тапсырмалар:*

- студенттерге радиусы басқа шеңберді салып, доғаның ұзындығына, центрлік бұрышқа және басқа элементтерге байланысты сұрақтарға жауап беруін сұрау.

##### *6. Динамикалық олшемдер мен анимациялар:*


- шеңберді сипаттайтын элементтердегі өзгерістерді визуализациялау үшін бағдарламаның динамикалық өлшемдері мен анимацияларын пайдалану.

#### 7. Нәтижелерді салыстыру және талқылау:

- студенттерден өз нәтижелерін салыстыруды және радиустағы өзгерістер шеңбердің әртүрлі сипаттамаларына қалай әсер ететінін талқылауды сұрау.

#### 8. Қорытынды:

- қорытынды жасау, алған білімдерін қорытындылау және геометрияда көрнекілік пен тәжірибелі маңыздылығын атап өту.




Сурет 7 – Шеңбер.

Берілген тапсырманың сызбасын GeoGebra бағдарламасының мүмкіндіктерін қолданып, алдын-ала даярлаймыз. Студенттер тапсырманы онлайн платформаның сілтемесі арқылы немесе QR код арқылы көруіне болады (7-сурет). <https://www.geogebra.org/calculator/sg7zgq6a>

Бұл интерактивті әдіс студенттерге геометрияның теориялық аспектілерін түсініп қана қоймай, сонымен қатар визуализация мен эксперимент үшін цифрлық ресурстарды пайдалана отырып белсенді қолдануға көмектеседі.

**2-мысал.** «Шеңбер және салу есептері» тарауы бойынша есептер шығару.



Сурет 8 – Шеңбердің радиусы және бұрышы

«Шеңбер және салу есептері» тарауы бойынша есептер шығаруда

$$a=2$$

#### Слайдер

GeoGebra-ның жүгіртпе **батырмасын** пайдаланған тиімді. Жүгіртпені пайдалана отырып, шеңбердің радиусын, бұрышын және т.б. траекториялар бойымен жылжытуға және геометриялық түрлендірүлдерді визуализациялауга болады. Біз орындаған мысалда шеңберге екі жүгіртпе орнатылған, олардың біреуі радиусты, екіншісі центрлік бұрышын есептеуге арналған (8-сурет). <https://www.geogebra.org/m/jbcsvnup>

3-мысал. Виртуалды манипуляциялар әдісін пайдаланып GeoGebra бағдарламасында тік төртбұрыштың ауданын табу.

8 сыныптың геометриясының «Тік төртбұрыштың ауданы» тарауындағы 3,1 есепті қарастырайық.

Есеп. Қабырғалары  $a$ -ға және  $b$ -ға тең тік төртбұрыштың ауданын табындар: 1)  $a=3.4$  см,  $b=5.5$  см.

$$2) a=2 \text{ м}, b=7 \text{ м}.$$

Берілген тапсырманың сызбасын және есептің жауабын GeoGebra бағдарламасының онлайн платформасының сілтемесі арқылы немесе төмендегі QR код арқылы көруге болады (9-сурет). <https://www.geogebra.org/m/uzx9abym>.

Есептің жауабы: 1)  $18,7 \text{ см}^2$ ,  
2)  $14 \text{ м}^2$ .

← → C geogebra.org/m/uzx9abum


≡ GeoGebra

ASSIGN

### Тіктөртбұрыштардың ауданы

Author: Нургали Утеулиев

8 сыныптың геометриясының «Тіктөртбұрыштардың ауданы» тарауындағы 3,1 есебі




Сурет 9 – Тіктөртбұрыштардың ауданын табу

«Аудан» тақырыбын оқуға дайындық бірінші кезенде фигуralарды бірінің үстіне бірін қою арқылы салыстырылады. Жазық фигураның ауданы туралы түсініктерді қалыптастырудың келесі кезеңі әр фигура бөлінген бірлік квадраттардың санын есептеумен байланысты. Эрі қарай, әртүрлі пішіндегі фигуralардың ауданы бірдей болатын тең шамалы жағдайды қарастырамыз. Осылайша, аудан ұғымы геометриялық фигуralардағы бірлік квадраттардың саны ретінде қалыптасады.

Жазық фигураның ауданы ұғымын тұжырымдауды жалғастыра отырып, болашақ математика мұғалімдері фигуralардың аудандарын салыстыру кезінде ауданың бірдей өлшем бірлігін пайдалану қажет екенине білім алушылардың назарын аударуы керек. Осы мақсатта болашақ мұғалім әртүрлі өлшемдегі квадраттардың бірдей санына бөлінген жазық фигуralардың демонстрациялық үлгілерін пайдаланады. Мұндай тапсырмаларды орындау білім алушылардың аудан өлшемінің бірынғай бірлігін енгізу қажеттілігін түсінуге әкеледі.

Фигуralардың ауданын есептеу сыйбалары 10- суретте көрсетілген, бұл сыйбалар мен есептер жауаптарын <https://www.geogebra.org/m/cdve2s8c> сілтемесі және QR коды арқылы ғаламтор желісіне қосылған кез келген құралдан (компьютер, ноутбук, смартфон, планшет және т.б) көруге болады.

«Аудан» тақырыптарын оқу үшін көп мөлшерде көрнекіліктер мен ЦББР болуы қажет. Бұл ретте болашақ мұғалімге ЦББР-ны қолдану ерекшеліктері мен әдістері көмектесе алады.



Сурет 10 – Фигуралардың ауданын есептеу

4-мысал. GeoGebra бағдарламасы арқылы геометрия сабағында виртуалды манипуляцияның мысалын қарастырайық. Үш қабырғасы бойынша үшбұрыш салу тапсырмасы (11-сурет).

- 1-қадам. *GeoGebra бағдарламасын іске қосу.*
- компьютерде GeoGebra ашу немесе веб-нұсқасын пайдалану.
- 2- қадам. *Салу құралын таңдау.*
- үш қабырғасы бойынша үшбұрыш салу үшін құралды таңдау.
- 3-қадам. Қабырғалардың ұзындықтарын енгізу.
- тиісті құралдарды пайдаланып, үшбұрыштың үш қабырғасының ұзындықтарын енгізу.


- 4-қадам. *Үшбұрышты салу.*
- GeoGebra автоматты түрде көрсетілген қабырғалары бар үшбұрышты салады.

- 5-қадам. *Нәтижелерді визуализациялау.*
- GeoGebra мүмкіндіктерін үшбұрыштың бұрыштары, биіктіктері, медианалары және т.б. сияқты әртүрлі элементтерін визуализациялау үшін пайдалану.

- 6-қадам. *Зерттеу.*
- студенттерге қабырғаларының ұзындықтарын өзгерту арқылы үшбұрышты өзгертуге және оның пішіні мен қасиеттеріне қалай әсер ететінін байқауға мүмкіндік беру.

- 7-қадам. *Талқылау және қорытынды.*
- үшбұрышты салу үшін қандай талаптар орындалуы керек және қабырғасының ұзындығының өзгеруі үшбұрыштың түріне (сүйір, доғал, тік бұрышты, дұрыс, тең бүйірлі) қалай әсер ететіні және т.с.с. талқылау жүргізу.

Бұл мысал GeoGebra-дағы виртуалды манипуляциялардың студенттерге геометриялық ұфымдарды интерактивті түрде зерттеуге қалай мүмкіндік беретінін көрсетеді және сабакты көрнекі, әрі түсінікті етеді.



Сурет 11 – Үшбұрыш

4-мысалдың сызбасын <https://www.geogebra.org/m/h89xemm4> сілтемесі және 11 суреттегі QR арқылы көруге болады.

Ә.Н.Шыныбеков және басқалардың оқулығындағы «Үшбұрыштар теңдігінің белгілері және олардың салдарлары» тарауының 2.1.3 үшбұрыштың биіктігі, биссектрисасы, медианасы және орта сызығы тақырыбындағы кейбір есептерін ЦБР-ны қолдану арқылы шығару мысалына тоқталайық.


**5-мысал.** Тік бұрыши С болатын ABC тікбұрышты үшбұрышында катеттері белгілі: AC=9, BC=12. Осы үшбұрыштың СК медианасын табу керек.

Шешуі: AC=9,  
BC=12,  
СК=?

$$AB=\sqrt{AC^2 + BC^2} = \sqrt{81 + 144} = 15$$

$$KC=15:2=7,5$$

Есептің сызбасын және жауабын GeoGebra бағдарламасының web нұсқасында келесі сілтеме немесе QR код арқылы тексеріп көруге болады (12-Сурет). <https://www.geogebra.org/m/xntt7usn>



Сурет 12 – Тік бұрыштың үшбұрыштың медианасы

«Үшбұрыштың медианасы», «үшбұрыштың биссектрисасы», «үшбұрыштың биіктігі» ұғымдарын енгізгенде студенттер алдына тек қана олардың анықтамаларын есте сақтауды ғана емес, басты мақсат ол ұғымдарды тани білу және оларды сыйбаларда сала білу, есеп шығаруда қолдану біліктіліктерін қалыптастыру мақсатын көздейді.

Анықтамаларды түсіну үшін:

- «ABC үшбұрышының BD медианасын жүргізу» деген тапсырманы орындағанда, білім алушы үшбұрыштың AC қабырғасының ортасын табу керек те, ол нүктені В төбесімен қосады.
- есептің шартында «ABC үшбұрышының BD медианасы жүргізілген» деп айтылса, онда оқушы AD=DC екендігін көрсете білу керек.
- «ABC үшбұрышының BD биссектрисасын жүргізу» деген тапсырманы орындағанда, оқушы В үшбұрыштың биссектрисасының В төбесінен қарсы жатқан қабырғаға дейінгі кесіндісін сала білуі керек.
- есептің шартында «ABC үшбұрышының BD биссектрисасы жүргізілген» деп айтылса, онда оқушы  $\angle ABD=\angle CBD$  екендігін көрсете білу керек.
- «ABC үшбұрышының BD биіктігін жүргізу» деген тапсырманы орындағанда, оқушы үшбұрыштың В төбесінен қарсы жатқан қабырғаға не оның созындысына перпендикуляр кесінді түсіреді.
- есептің шартында «ABC үшбұрышының BD биіктігі жүргізілген» деп айтылса, онда білім алушы  $BD \perp AC$ , немесе  $\angle BDA=\angle BDC=90^\circ$  екендігін көрсете білу керек [112, б.99].

Ұғымдардың анықтамалары негізінде білім алушыларға үшбұрыштың медианасы, бисектрисасы, биіктігі туралы түсініктер беріліп, ұғымдарды

жетілдіру ЦББР-ны қолданып зертханалық жұмыстар жүргізу арқылы жүзеге асырылды.



Сурет 13 – «Үшбұрыштың биссектрисасын, медианасын және биектігін есептеу» тақырыбында шығарылған есептің сыйбасы және жауабы

Бұл тапсырманы орындау кезінде білім алушыларға жан жақты түсіндіруге және зертханалық сабакта оқытушының күш жігері мен уақытын үнемдеуге септігін тигізеді.

Есептің сыйбасын GeoGebra бағдарламасының web нұсқасында тінтуірді жылжыту арқылы есептің берілгендерін өзгертуге, әр түрлі түстерге бояу арқылы сыйбаны визуализациялауға және көрнекі құрал ретінде пайдалануына болады (13-сурет). <https://www.geogebra.org/m/pay7a9gu>.

*6 - мысал.* 7 сынып геометриясының «Түзулердің өзара орналасуы» тарауындағы 3,26 есепті қарастырайық. ABC үшбұрышында  $AB=18\text{ см}$ ,  $\angle B=30^\circ$ ,  $\angle C=90^\circ$ . 1) А нүктесінен BC түзуіне дейінгі қашықтығы; 2) AB көлбеуінің AC түзуіндегі проекциясын табындар.

*Шешуи:*  $\Delta ABC$ ,  $AB=18\text{ см}$ ,  $\angle B=30^\circ$ ,  $\angle C=90^\circ$ .

Табу керек:  $AC=?$ ,  $BC=?$


1. А нүктесінен BC кесіндісіне дейінгі қашықтық AC кесіндісі болады, себебі олар перпендикуляр.  $AC = \frac{1}{2}AB = 18 : 2 = 9$ .  $30^\circ$  қарсы жатқан катет гипотенуза жартысына тең.

2. AB кесіндісінің AC түзуіндегі проекциясы AC кесіндісі болады.

$AC=9\text{ см}$ .

Жауабы: 1)  $AC=9\text{ см}$ , 2)  $9\text{ см}$ .

Егер студенттер арасында есепті түсінбеген немесе шығарып үлгермендері болған жағдайда есептің сыйбасын және жауабын келесі сілтеме немесе QR код арқылы көруіне болады (14-сурет). <https://www.geogebra.org/m/njp2khec>



Сурет 14 – Түзулердің өзара орналасуы

Мектеп геометрия курсының 8-сыныбында Пифагор теоремасы оқытылады. Пифагор теоремасы мектеп геометрия курсының планиметриялық және стереометриялық есептерін шешуде және геометриялық білімдерін игеруде улken рөл атқарады.

Мектепте Пифагор теоремасын зерделеу бойынша мұғалім жұмысының әдістемесінің негізгі бағыттары әртүрлі әдістемелік әдебиеттерде берілген. Бірақ теореманы оқып-үйренудегі дәстүрлі тәсілдермен қатар студентке өз тәжірибесіне сүйене отырып, жаңа білімді құруға мүмкіндік беретін зерттеушілік, ЦББР-ны қолданып шығармашылық жұмыстарды үйимдастыруға назар аудару қажет.

Пифагор теоремасын оқып-үйрену әдістемесі, кез-келген басқа теоремалар сияқты, бірнеше кезеңнен тұрады:

1) Пифагор теоремасын дәлелдеу үшін қажетті білімді өзектендіруді, сондай-ақ теореманы зерттеу мотивациясын жүзеге асыруды көздейтін дайындық кезеңі;

2) теореманы тұжырымдау бойынша жұмысты, дәлелдемелерді бірлесіп іздеуді және дәлелдеуді жүзеге асыруды көздейтін теореманы енгізу;

3) теореманы игеру - дайын сызбалар бойынша ауызша сипаттағы есептерді бір сатыда шешу;

4) Пифагор теоремасын қолдануға неғұрлым күрделі есептерді шешуді көздейтін теореманы бекіту кезеңі.

Айта кету керек, әр кезеңде ЦББР, оның ішінде интерактивті геометриялық орталар көмегімен білім алушылардың зерттеу қызметін үйимдастыруға болады. GeoGebra интерактивті динамикалық ортасы арқылы Пифагор теоремасын дәлелдеу кезеңіне толығырақ тоқталайық.

Студенттер есептер шығарудан бұрын Пифагор теоремасының тұжырымдамасын, формуласын және дәлелдемесін қайталаңды. Одан кейін қарапайымнан бастап жаттығулар берілді.

*Теорема.* Тікбұрышты үшбұрыштың гипотенузасының квадраты катеттерінің квадраттарының қосындysына тең:  $a^2+b^2=c^2$ .

*7-мысал.* Тікбұрышты үшбұрыштың катеттері 12 және 16. Осы үшбұрыштың гипотенузасын табыңыз.


$$c^2=a^2+b^2.$$

$$a=12, b=16.$$

$$c=12^2+16^2=144+256=400.$$

$$c=\sqrt{400}=20$$

Жауабы: 20



Сурет 15 – Үшбұрыштың гипотенузасын табудың сызбасы

7-мысалда келтірілген есептің сызбасын және жауабын келесі сілтеме немесе QR код арқылы көруге болады (15-сурет).  
<https://www.geogebra.org/m/cdbxchfs>

*8-мысал.* Тікбұрышты үшбұрышта катеті мен гипотенузасы сәйкесінше 7 және 25-ке тең. Осы үшбұрыштың екінші катетін табыңыз.

$$c^2=a^2+b^2.$$


$$a=7, c=25$$

$$25^2=7^2+b^2$$

$$b^2=25^2-7^2=625-49=576$$

$$b=\sqrt{576}=24$$

Жауабы: 24



Сурет 16 – Үшбұрыштың катетін табу есебінің сызбасы

Студенттер бұл есептерді дәптерге шығарып болған соң, жауабын Geogebra бағдарламасының web нұсқасында тексерулері қажет. Сондай ақ, тінтуірдің көмегімен және алгебралық енгізу қатарына есептің берілгендерін өзгерту арқылы басқа да жауаптарын алуларына болады (16-сурет). <https://www.geogebra.org/m/ccetkzsq>

Пифагор теоремасының геометриялық мағынасын түсіндіру мақсатында және оның дұрыстығының қарапайым дәлеледеуін GeoGebra бағдарламасының web нұсқасының көмегімен есептеп, сызбасын әртүрлі түстеге бояу арқылы көрнекі құрал ретінде падалануға болады (17,18,19-сурет), бұл визуализациялауды қолдану тиімділігін арттырады.

9-мысал, 17,18,19 - суреттерде бастапқы берілген өлшемдерін өзгерту арқылы ұқсас есептерді құрастыру және оларды шығаруда ЦББР-ны қолдану жолдары көрсетілген.

9-мысал:

17 сурет: ABC: a=3.7, b=3.7, c=5.3

Есептеу:  $a^2=13.7$ ,  $b^2=14$ ,  $c^2=27.7$

Тексеру:  $13.7+14=27.7$

$$c^2=a^2+b^2.$$

18 сурет: ABC: a=4.8, b=2.2, c=5.3

Есептеу:  $a^2=22.9$ ,  $b^2=4.8$ ,  $c^2=27.7$

Тексеру:  $22.9+4.8=27.7$

$$c^2=a^2+b^2.$$

19 сурет: ABC: a=2.7, b=4.5, c=5.3

Есептеу:  $a^2=7.1$ ,  $b^2=20.6$ ,  $c^2=27.7$

Тексеру:  $7.1+20.6=27.7$

$$c^2=a^2+b^2.$$

← → C geogebra.org/m/nxymqrdr

≡ GeoGebrA

ASSIGN

### Пифагор теоремасы

Author: Нургали Утеулиев

<input checked="" type="radio"/> Нүкте А
<input checked="" type="radio"/> Нүкте В
<input type="radio"/> $c = [A, B]$ сегменті = 5.3
<input type="radio"/> $c_4 = A$ және $B$ арқылы салынған шеңбер = 8.3
<input checked="" type="radio"/> $C = c_4$ үстіндегі нүкте
<input checked="" type="radio"/> $t1 = A, B, C$ көлбұрышы = 6.9
<input checked="" type="radio"/> $a = [B, C]$ сегменті = 3.7
<input checked="" type="radio"/> $b = [C, A]$ сегменті = 3.7
<input checked="" type="radio"/> $c = [A, B]$ сегменті = 5.3
<input type="radio"/> Angles of t1

$a = 3.7 \quad b = 3.7 \quad c = 5.3$

$a^2 = 13.7 \quad b^2 = 14 \quad c^2 = 27.7$

$a^2 + b^2 = c^2$

$13.7 + 14 = 27.7$

Отображать скрытые знаки

Сурет 17 – Пифагор теоремасының дұрыстығын демонстрациялау

← → C geogebra.org/m/nxymqrdr

≡ GeoGebrA

ASSIGN

### Пифагор теоремасы

Author: Нургали Утеулиев

<input checked="" type="radio"/> Нүкте А
<input checked="" type="radio"/> Нүкте В
<input type="radio"/> $c = [A, B]$ сегменті = 5.3
<input type="radio"/> $c_4 = A$ және $B$ арқылы салынған шеңбер = 8.3
<input checked="" type="radio"/> $C = c_4$ үстіндегі нүкте
<input checked="" type="radio"/> $t1 = A, B, C$ көлбұрышы = 5.2
<input checked="" type="radio"/> $a = [B, C]$ сегменті = 4.8
<input checked="" type="radio"/> $b = [C, A]$ сегменті = 2.2
<input checked="" type="radio"/> $c = [A, B]$ сегменті = 5.3
<input type="radio"/> Angles of t1


$a = 4.8 \quad b = 2.2 \quad c = 5.3$

$a^2 = 22.9 \quad b^2 = 4.8 \quad c^2 = 27.7$

$a^2 + b^2 = c^2$

$22.9 + 4.8 = 27.7$

Сурет 18 – Пифагор теоремасының дұрыстығын демонстрациялау



Сурет 19 – Пифагор теоремасының дұрыстығын демонстрациялау


Осылайша, сызбаны тінтуірдің көмегімен өзгерте отырып, студенттер катеттер мен гипотенузға салынған квадраттардың аудандары бойынша Пифагор теоремасының дұрыстығына көз жеткізеді.

Мектеп геометрия курсының 11 сыныбында «Көпжақтар» тақырыбы оқытылады. Болашақ математика мұғалімдері «Көпжақтар» тақырыбын жоспарлағанда, ол алдын ала логикалық түрғыдан аяқталған бөліктеге бөлінеді: бұл мұғалімге қайталауды дұрыс ұйымдастыруға, жүйелі түрде оқушылардың білімін тексеріп, қадағалауға біртіндеп және уақтылы көрнекі құралдарды дайындауға, біліктіліктер мен дағдыларды бағдарлама нұсқауларына сәйкес топтауға, қажетті есептерді уақытылы таңдап, ретке келтіруге, өзіндік және бақылау жұмыстарын, сонымен дидактикалық материалдардың мазмұны мен тақырыбы дайындалады [122, б.105].

Келесі тапсырмаларда зерттеу жұмыстарын жүргізудегі эксперименттік топ студенттеріне «Көпжақтар» тарауын оқытуда GeoGebra – ны қолдануға арналған зертханалық сабак өту барысында орындалған тапсырмалар мен олардың цифрлық ортада орындалу үлгілері берілді [167].


*Тапсырма 1. Дұрыс үшбұрышты пирамиданың және оның жазбасының кескінін салу (сурет 20, 21, 22).*

GeoGebra – ның Web нұсқасының Calculator Suite қосымшасының graphing 2D аймағына дұрыс үшбұрыш саламыз (20-сурет).  
<https://www.geogebra.org/m/bextsfxa>



### Сурет 20 – Дұрыс үшбұрыш

Дұрыс үшбұрыш салғаннан кейін Calculator Suite қосымшасының 3D аймағына «Пирамида» құралының көмегімен дұрыс үшбұрышты пирамида саламыз (21-сурет). <https://www.geogebra.org/calculator/hjxz7cvv>



### Сурет 21 – Дұрыс үшбұрышты пирамида

Осы жұмыстарды орындау барысында, студенттермен көпжақтарды кескіндеу бойынша мынадай әдістемелік даярлау жұмыстары атқарылды:

- пирамида табанындағы дұрыс үшбұрыш (20-сурет) кескіні қалай өзгерді (21-сурет) ?
- пирамида кескініндегі оның биіктігінің табаны қандай нүктеге түседі?
- пирамида кескінін көрнекі етіп кескіндеу үшін оны қандай ретпен орындаған тиімді? (осы кезде 21-суреттегі пирамиданы әр түрлі бағытта айналдырып, ішіндегі ыңғайлышы ракурс таңдалады).

Тапсырма1.Дұрыс үшбұрышты пирамиданың жазбасы

Author: Нұргали Утеулиев

A = (-1.51, -2.59, 0)
B = Нұкте(yOz) = (0, 3, 0)
C = (2.49, -2.51, 0)
D = Нұкте(zOx) = (0, 0, 6)
a = Пирамида(A, B, C, D) = 22.23
b = 1 0 —————— 1
c = Net(a, b) = 60.2
d = 1 0 —————— 1
e = Net(a, d) = 60.2

Сурет 22 – Дұрыс үшбұрышты пирамиданың жазбасын салу

Дұрыс үшбұрышты пирамида салып болғаннан кейін 3D Calculator қосымшасының 3D аймағына пирамиданың үстіне алып келіп




Развёртка

құралының көмегімен дұрыс үшбұрышты пирамиданың жазбасын саламыз (22-сурет). <https://www.geogebra.org/m/yhvzcph>


Пирамиданың жазбасы орындалғаннан кейін студенттермен әдістемелік даярлау бойынша мынадай жұмыстар жүргізіледі. Сұрақтар:

- жазбаның пішіні қандай фигура болады (23а - сурет) ?
- жазба қандай фигурапардан құралған (23а - сурет) ?
- жазбаның пішіні үшбұрыш болуы мүмкін ба? Мүмкін болса, қандай шарттар орындалғанда (23ә - сурет) ?

Сұрақ-жаяуп кезінде осы жағдайлар GeoGebra – ның динамикалық мүмкіндіктері арқылы демонстрацияланып көрсетілді. Студенттердің өздерінің орындаудында тексерілді.



a)




ə)

Сурет 23 – Дұрыс үшбұрышты пирамиданың жазбалары

Болашақ математика мұғалімдері «Призмалар» тақырыбын оқытуда олардың параллелограмдармен аналогиясын жүргізу керек, ал оқушылар параллелепипедтің ұқсас қасиеттерін өз беттерінше тұжырымдап, теренірек менгереді. Призма белгілі бір қасиеттерге ие көпжақ ретінде анықталады. Бұл ұғыммен жұмыс істеу барысында әртүрлі призмалардың тік және көлбеу призмалардың модельдері көрсетіледі. Бақылап көру мақсатында барлық призмаларға ортақ нәрселерді айтып, соның негізінде приzmanың анықтамасы беріледі [122, б.110].

*Тапсырма 2.* Дұрыс бесбұрышты приzmanың кескіні және оның жазбасының кескінін салу (сурет 24, 25, 26).

GeoGebra – ның web нұсқасының Calculator Suite қосымшасының graphing 2D аймағына дұрыс бесбұрыш саламыз (24-сурет). <https://www.geogebra.org/m/qjrmuyy2m>



Сурет 24 – Дұрыс бесбұрыш

Дұрыс бесбұрыш салғаннан кейін Calculator Suite қосымшасының 3D аймағына «Призма» құралының көмегімен дұрыс бесбұрышты призма саламыз (25-сурет). <https://www.geogebra.org/calculator/wwgbhwk7>

Тапсырма 2. Дұрыс бесбұрышты призма

Author: Нургали Утебаев

Алгоритм	A = Қызылсы(zOci, yOci) = (0, 0, 0)
Кұралдар	B = (-1.75, 2.77, 0)
	C = Нүктө(yOci) = (0, 4.45, 0)
	D = (3.1, 2.99, 0)
	E = Нүктө(xOci) = (3.17, 0, 0)
	J = Нүктө(zOci) = (0, 0, 4)
	a = Призма(A, B, C, D, E, J) = 62.03
+	Kіріс...

Сурет 25 – Дұрыс бесбұрышты призма

Призма кескіні салынғаннан кейін, студенттермен мынадай әдістемелік жұмыстар жүргізіледі. Мына сұрақтарды талда, жауаптарыңызды негіздеңіздер:

- призма кескініндегі, табанындағы дұрыс бесбұрыш қандай өзгерістерге ұшырайды (бұрыштары, қабырғаларының теңдігі)?
- призманың бүйір жақтары қандай фигуralар? Олар өзара тең ба?
- Жауапты негіздендер.
- 26 – суретте призма кескінінде қандай кемшілік жіберілген?
- призманы қағаз бетіне кескіндеуді қандай ретте орындаған тиімді болады? Ретін жазып, кескінді орындал көрсетіңдер.


Дұрыс бесбұрышты приzmanы салғаннан кейін 3D Calculator қосымшасының 3D аймағына приzmanың үстіне алып келіп



Развёртка

құралының көмегімен дұрыс үшбұрышты приzmanың жазбасын саламыз (26-сурет) [167, б.68]. <https://www.geogebra.org/m/sdjyzett>

Сондай-ақ, болашақ математика мұғалімдеріне приzmanың толық бетінің және бүйір бетінің аудандарын есептеуге арналған формулаларды қорытып шығару кезінде призма бетінің жазбасын көрсетіп, приzmanың толық бетін есептеу, жазбада пайда болған көпбұрыштың ауданын есептеуге келтірілетініне білім алушылардың көзін жеткізу қажет. Тік приzmanың беті мен бүйір бетінің аудандын есептеуге арналған формулаларды, білім алушылар өз бетінше үшбұрышты, төртбұрышты және бесбұрышты тік призмалардың беттерінің жазбасын талдай отырып алады [122, б.112].




Сурет 26 – Дұрыс бесбұрышты призманың жазбасы

Призма жазбасы салынғаннан кейін, студенттермен төмендегідей мазмұндағы әдістемелік жұмыстар орындалды:

- жазба қандай фигуralардан тұрады? Студенттердің осы сұраққа жауаптарын алғаннан соң, оны тексеру мақсатында GeoGebra – ның мүмкіндігін пайдалана отырып, 25 – суретті ортогонал түрде көрсетіп, студенттердің жауаптарының дұрыстығы тексерілетін болады.

- жазбаны басқаша қалай құрылымдауға болады? Бірнеше нұсқасын салып көрсетіндер. Студенттер бірнеше жауаптар ұсынады (27-сурет). Нұсқалары:



Сурет 27 – Дұрыс бесбұрышты призманың жазбасының нұсқалары


*Тапсырма 3.* 11-сынып геометриясының «Денелердің көлемдері» тарауының 23.1. есебін қарастырайық. Кубтың көлемі  $27 \text{ см}^3$ -қа тең. Оның бетінің ауданын табындар.

$$\text{Шешуи: } V=a^3=27, a = \sqrt[3]{27} = 3,$$

Беттің ауданын табу формуласы:  $S = 6 * a^2$ .

$$S=3^2 \cdot 6 = 54$$

Тапсырманың шешімі тақтаға және дәптерге жазылғаннан кейін Geogebra қосымшасында есептің дұрыстығын тексеруге болады (28-сурет). <https://www.geogebra.org/m/ge9fpmk4>




Сурет 28 – Кубтың кескіні

ЦББР оқу ақпаратын визуализациялауға, зерттелетін объектілерді модельдеуге және зерттелетін процесстер мен құбылыстардың динамикасын бейнелей отырып, олардың қасиеттерін тәжірибелік бақылауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, студенттермен жеке әңгімелесу барысында, біз олардың геометрия курсын оқытуда AR технологияларын оқу үдерісінде қолдануға қызығушылығының жоғары екендігін анықтадық. Осыған орай, «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерінің мазмұнына сәйкес зертханалық сабактарды өту кезінде «Айналу денелері» тарауының «Цилиндр», «Конус», «Шар» және т.б. тақырыптарындағы тапсырмаларды орындауда AR технологиясын қолдануға тапсырма берілді.

Студенттердің зертханалық сабак жүргізу кезінде «Айналу денелері» тарауын AR технологиясын қолдана отырып өтүге даярланған бірнеше тапсырмалар мен олардың цифрлық орындалу үлгілері беріліп отыр [168].

**Тапсырма 4.** Радиусы 2-ге, биіктігі 6 - ға тең конустың кескінін және осьтік қимасын салу (29-сурет).




Сурет 29 – AR технологиясы арқылы салынған конус

AR технологиясын қоланып тапсырманы орындау барысында студенттердің конустың қозғалмалы моделі арқылы төбесінен, табанынан, бүйірінен көру арқылы тапсырманы орындауға деген қызығушылығының артқандығы және кеңістіктік түсініктерінің дамуы байқалды.


AR технологиясы негізінде салынған конус кескінін әр қырынан қарай отырып, студенттермен мынадай әдістемелік мәселелер талқыланды:

- конус табанындағы дөңгелек шеңберінің кескіні қандай фигура болады?
- шеңбердің түйіндес диаметрлерінің кескіні және оларды салу әдістері бойынша қандай қорытындылар жасауға болады?
- конус кескіні, фигура кескініне қойылатын талаптарды толық қанағаттандыратындағы етіп орналастырындар (мұнда AR технологиясы мүмкіндіктерін қолданып, қозғау арқылы ең тиімді ракурсты тандауға машықтанады. Соның негізінде студенттерді конус кескінін дәстүрлі түрде салудың тиімді әдістеріне үйрету жүзеге асырылады).
- конусты кескіндеудің ретін құрындар және оны осы ретпен қағазға (тақтаға) конусты кескіндендер (30-сурет).



Сурет 30 – Конусты кескіндеудің реттік сыйбасы

*Тапсырма 5.* Радиусы 2-ге, биіктігі 4-ке тең цилиндрдің кескінін және осьтік қимасын салу (31-сурет).



Сурет 31 – AR технологиясы арқылы салынған цилиндр

«Айналу денелері» тарауының «Шарға іштей және сырттай сызылған денелердің кескіндерін салу әдістері» тақырыптарындағы бірқатар мәселелеріне тоқталайық. Студенттерге зертханалық сабак жүргізу кезінде «Айналу денелері» тарауын жаңа цифрлық технологияларын қолдана отырып өту барысында жүргізілген бірнеше тақырыптар мен олардың цифрлық орындалу үлгілері берілді.

*Тақырып 1. Шарға сырттай сызылған денелердің кескінін салу әдістері.*


Мектеп геометрия курсында шар және оның элементтері, кеңістік денелеріне іштей және сырттай сызылған шарға қатысты есептер көптең берілген. Осы есептерді шығаруда оқушыларға шардың және оның элементтерінің шарға іштей және сырттай сызылған денелердің кескіндерін салу тәсілдерін үйретуі қажет болады. Ол үшін, оқытуыш геометриялық фигуralар кескініне қойылатын талаптар, кеңістік фигуralарын кескіндеу әдістерін, берілген кеңістік денесі мен шардың жанасу нұктелері, ортақ қасиеттерін таңдап, оның элементтерін кескіндеу ретін анықтап алуы қажет.

Мысалы, шарға сырттай сызылған дүрыс төртбұрышты пирамиданың кескінін салу үшін, алдымен мына мәселелерді анықтап алу қажет:

- пирамиданың табанындағы квадрат жатқан жазықтық шардың полюсын, квадраттың центріне жанайды;

- пирамиданың бүйір беттерінің шармен жанасу нүктесі оның апофемаларының бойында жатады;
- пирамиданың биіктігі шардың центрі арқылы өтеді [124, б.96].

32-суретте бейнеленгендей студенттерге шарға сырттай сыйылған денелердің кескінін салу, жоғарыда аталған салу әдістерін менгергеннен соң Geogebra қосымшасында салудың жолдары, әдістері түсіндіріліп, 3D және AR нұсқалары арқылы көрсетілді [169].



Сурет 32 – Шарға сырттай сыйылған пирамида

Студенттерге осы тақырып бойынша жүргізілген зертханалық сабактарда, осы тақырыпқа берілген есептерді шығару және оған ЦББР-ны қолданудың әдістемелік ерекшеліктерін түсіндіру міндеттері қойылған.

Мысалы: Дағыс төртбұрышты пирамиданың табаны  $a$ , биіктігі  $h$ . Осы пирамидаға іштей сыйылған шардың радиусын табындар. Осы есепті шығаруда 32-суреттегі 3D үлгіні әдістемелік түрғыдан қалай қолдану керек – деген мәселе қойылады.


Студенттер пирамиданың қарама-қарсы жақтарының апофемалары арқылы өтетін жазықтықпен қиғандағы қимасын қарастыру қажеттігін көрсетеді (33-сурет).

Суреттен көріп отырғанымыздай, берілген стереометриялық есепті планиметриялық есепке келтірдік. Сонда ізделінді  $OR=r$  радиусты табу үшін үшбұрышқа іштей сыйылған шеңбердің радиусын табу жеткілікті екен.

Мұндағы  $SH=h$ ,  $KL=a$ .  $SK=SL$  болғандықтан  $KH=HL=\frac{a}{2}$ . Онда

$$SK = SL = \sqrt{\frac{a^2}{4} + h^2} \quad S=p*r \text{ немесе } r = \frac{s}{p} \cdot p = \frac{a+\sqrt{a^2+4h^2}}{2}, \quad S = \frac{1}{2}ah;$$

$$r = \frac{ah}{a+\sqrt{a^2+4h^2}} \text{ болады.}$$




Сурет 33 – Пирмидаға іштей сзыылған шардың табан бетінен қарагандағы көрінісі

*Тақырып 2. Шарға іштей сзыылған денелердің кескіндерін салу әдістері.*

Шарға іштей сзыылған денелердің кескінін салуды оқыту үшін алдын-ала дайындық жұмыстарын жүргізген тиімді. Мысалы, шарға іштей салынған дұрыс төртбұрышты пирамиданың кекінін салу есебіне тоқталайық.

Жүргізілген талдаулар нәтижесінде, пирамида төбесі шар полюсында, ал табанындағы квадрат шар экваторына параллель ендікке іштей сзыылғандығын анықтаймыз. Яғни, оның кескінін салу үшін шар ендіктерінің кескінін салу, шеңберге іштей сзыылған квадраттың кескінін салу әдістерін пайдаланып шардың ендігі және оған іштей салынған квадрат кескіндері салынып, шар полюсын квадрат төбелерімен қосамыз. Эрине, мұндағы пирамиданың түріне қарай оның төбесі шар полюсынан басқа жерде де орналасуы мүмкін [124, 6.96].



Сурет 34 – Шарға іштей сзыылған пирамида


Студенттерге жоғарыда айтылған шарға іштей сзыылған денелердің кескіндерін салудың дәстүрлі әдістерін жан-жақты түсіндіріп, 34 – суреттегідей шарға іштей сзыылған пирамиданың кескінін Geogebra қосымшасында және салудың 3D және AR үлгілері бейнеленеді [169, б.362].

Ал шарға іштей салынған призманың кескінін салуды оқыту алдын, студенттерге шарға іштей цилиндр салуды және цилиндрге іштей призма салуды үйрету тиімді болатындығын көреміз. Сондықтан, алдымен мына тақырыптар оқытылады.


*Тақырып 3. Цилиндрге іштей салынған дұрыс үшбұрышты тік призманың кескінін салу.*

Цилиндр кескіні берілген болсын, онда ол кескін метрикалық анықталған болады. Сондықтан да цилиндр табандарының кескіндері болатын эллипстерге іштей сзыылған дұрыс үшбұрыш кескінін еркін салуға болмайды. Ол қандай ретпен орындалатындығын болашақ маман мектепке менгеріп баруы тиіс. Яғни, шеңберге іштей сзыылған дұрыс үшбұрыштың кескінін салу есебін білу. Ол үшін шеңбердің түйіндес диаметрлерінің кескінін салу есебін білуі қажет.

Жоғарыдағы реттілікті сақтай отырып GeoGebra қосымшасының көмегімен цилиндрге іштей сзыылған дұрыс үшбұрышты тік призманың кескінін саламыз (35-сурет).



3D үлгісі





AR үлгісі

Сурет 35 – Цилиндрге іштей сзыылған дұрыс үшбұрышты тік призма

*Тақырып 4. Шарга іштей сзыылған цилиндрдің кескінін салу.*

Шардың кескіні берілген болса, бұл салу дәстүрлі әдіс арқылы мынадай ретпен орындалады: шардың NS диаметрі бойынан О центрінен қарама-қарсы бағытта цилиндрдің биіктігінің жартысына тең ОО<sub>1</sub>, ОО<sub>2</sub> кесінділерін өлшеп саламыз.

Тапсырмалардың шешімі тақтаға және дәптерге жазылғаннан кейін GeoGebra қосымшасында тексереміз (36-сурет).



Сурет 36 – Шарға іштей сзызылған цилиндр


GeoGebra қосымшасымен және AR технологиясын қолдану арқылы салынған кеңістік фигуralарының кескіндерін қозғап әртүрлі қырынан қарап көру, визуализациялау және анимациялау негізінде талдау жасалып, фигуralар кескініне қойылатын талаптар бойынша әдіstemелік жұмыстар жүргізді [169, б.363]. Атап айтқанда, алынған кескіндерді қозғай отырып әртүрлі қырынан қарағанда, алынған кескіндердің барлығының дұрыс кескін болатындығы (фигура кескінінің дұрыс болуы, яғни түпнұсқаның параллель проекциясы болуы, шартының орындалуы); дегенмен, қай қырынан қарағанда кескін көрнекі болып көрінетіндігі талданды (фигура кескінінің көрнекі болуы шарты); Сонымен қатар, 3D және AR нұсқасын қозғай отырып, позициялық толық кескінді алу жағдайларына тоқталып өттік.

Студенттермен геометрия курсын оқытуда динамикалық геометрия жүйелерін (DGS) және VR/AR технологияларын қолдану бойынша әдіstemелік жұмыстар жүргізілгеннен кейін математиканы оқытудағы жасанды интеллект (AI) жүйелерінің мүмкіндіктері қарастырылды. Мысалы, ChatGPT жасанды интеллект жүйесін қарастырайық.

ChatGPT – түрлі сұрақтарға жауап, кеңес беретін және күрделі тапсырмаларды орындаі алатын чат-бот. Сонымен қатар, ол түрлі математикалық мысалдар мен теңдеулерді, тіпті физика және химия бойынша да тапсырмаларды шығару жолын түсіндіре отырып, шешеді.

ChatGPT-дің интерфейсіне тоқталатын болсақ ол қысқа және түсінікті көрінеді. Жоғарғы жағында біз қай модель (GPT-3.5) тегін нұсқада және қайсысы блокталғанын (GPT-4 ақылы нұсқасы) қолданылатынын көре аламыз (37-сурет). Сол жақтағы мәзір диалогтар тізімін көрсетеді. Төменгі жағында параметрлер түймесі бар. Беттің жоғарғы сол жақ бөлігінде және төменгі жағында сұранысты енгізу өрісі бар. Бұл сұрак, кеңейтілген тақырып немесе 1-2 сөз болуы мүмкін. Кілт сөзді таңдау және Google іздеу жүйесі

сияқты, бұл жерде негізгі ереже: сұрау неғұрлым анық және нақты болса, соғұрлым сәйкес жауап ала аласыз.



### Сурет 37 – ChatGPT - интерфейсі

ChatGPT көмегімен геометриялық есептерді шешу үшін қолдануга болатын бірнеше әдістер:

*Геометриялық принциптер мен қасиеттер:* чат есептерді шешуге қолданылатын негізгі геометриялық принциптер мен қасиеттерді түсіндіре алады.

*Алгоритмдік тәсілдер:* егер тапсырма бірқатар қадамдарды немесе белгілі бір алгоритмді қолдануды қажет етсе, онда ол процесті түсіндіре алады және оны орындауға көмектеседі.

*Сызбалар мен диаграммалар:* чат геометриялық ұғымдарды жақсырақ түсінуге көмектесетін тапсырманы визуализациялау үшін сызбалар мен диаграммаларды жасай алады.

*Формулалар мен теоремаларды қолдану:* егер есеп белгілі бір формулаларды немесе теоремаларды қолдануды қажет етсе, онда ол олардың қалай қолданылатынын және есепті шешу үшін оларды қалай пайдалану керектігін түсіндіре алады.

*Интерактивті мысалдар:* геометриялық ұғымдарды және олардың есеп шығаруда қолданылуын жақсы түсіну үшін интерактивті мысалдар бере алады.

11-сыныптың жаратылыстану-математика бағыты бойынша геометрия оқулығындағы «Денелердің көлемдері» тарауы бойынша өзін тексеруге арналған есептер ChatGPT жасанды интеллект жүйесі арқылы студенттердің қатысуымен тексерілді.

*1-ecen:* Егер кубтың барлық қырларын 2 есе арттыrsa, онда оның көлемінің неше есе артатынын табындар (38-сурет):

- A) 2; B) 4; C) 6; D) 8;

Новый чат ChatGPT 3.5

Сегодня Увеличение объема куба ...

Предыдущие 7 дней

Tips for ChatGPT.

Вы

Егер кубтың барлық қырларын 2 есе арттыrsa, онда оның көлемінің неше есе артатын табындар

ChatGPT

Кубтың барлық қырларын 2 есе арттыру оның көлеміні 8 есе арттырады. Бұл оқиға бойынша, кубтың көлемін  $V$  деп белгілейміз. Егер кубтың барлық қырларын 2 есе арттыrsa, онда барлық қырлардың уақытын 2 есе арттырады. Сондыктан кубтың барлық қырларының үлкендігі  $2^3 = 8$  рет артады. Осы себепті, кубтың көлемін 8 есе арттырады.

Обновить план Получите GPT-4, DALL-E и много...

ЮКГУ М.Ауезова

Сообщение ChatGPT...

ChatGPT может допускать ошибки. Рекомендуется проверять важную информацию.

### Сурет 38 – Есептің ChatGPT-дағы жауабы

*2-ecen:* Куб бетінің ауданы  $12 \text{ см}^2$ , оның көлемін табындар (39-сурет):  
A)  $2\sqrt{2}\text{cm}^3$ ; B)  $4\text{cm}^3$ ; C)  $4\sqrt{2}\text{cm}^3$ ; D)  $8\text{cm}^3$

Новый чат ChatGPT 3.5

Сегодня Увеличение объема куба ...

Предыдущие 7 дней

Tips for ChatGPT.

Вы

Куб бетінің ауданы  $12 \text{ см}^2$ , оның көлемін табындар

ChatGPT

Кубтың бетінің ауданы  $12 \text{ см}^2$ , осы беттердің барлығын сүммасы 6 аймақтың бетінің ауданы болады. Осының беттің көліктерінің көріктің ені болады. Сондыктан, кубтың көлігі  $a$  санымен белгілейміз. Бұл көліктердің ені  $a$ , бөлімшесі  $a^2$ . Сондыктан, беттердің барлығының ауданы:

$$6a^2 = 12$$

Осында  $a$  негізгі сәйкестігін табу үшін, ауданды 12 қабылданызы:

$$a^2 = \frac{12}{6} = 2$$
$$a = \sqrt{2}$$

Кубтың көлемін табу үшін, біз көліктің об'ектінің  $a$  бетінің кубысын аламыз:

$$V = a^3 = (\sqrt{2})^3 = 2\sqrt{2}$$

Сонымен, кубтың көлемі  $2\sqrt{2} \text{ см}^3$  болады.

Обновить план Получите GPT-4, DALL-E и много...

ЮКГУ М.Ауезова

Сообщение ChatGPT...

ChatGPT может допускать ошибки. Рекомендуется проверять важную информацию.

### Сурет 39 – Есептің ChatGPT-дағы жауабы

**3-есең:** Дұрыс төртбұрышты пирамиданың қырлары 2 см-ге тең. Пирамиданың көлемін табындар (40-сурет):

A)  $\frac{2\sqrt{2}}{3}$  см<sup>3</sup>; B)  $\frac{4\sqrt{2}}{3}$  см<sup>3</sup>; C)  $\frac{2\sqrt{3}}{3}$  см<sup>3</sup>; D)  $\frac{4\sqrt{3}}{3}$  см<sup>3</sup>.

ChatGPT 3.5

$V = \frac{8\sqrt{2}}{3}$  см<sup>3</sup>

Таким образом, объем правильной четырехугольной пирамиды равен  $\frac{8\sqrt{2}}{3}$  см<sup>3</sup>.

Вы  
Найдите объем правильной четырехугольной пирамиды, ребра которой равны 2 см

ChatGPT

Чтобы найти объем правильной четырехугольной пирамиды, мы можем воспользоваться следующей формулой:

$$V = \frac{1}{3} \times S_{осн} \times h$$

Где  $S_{осн}$  - площадь основания, а  $h$  - высота пирамиды.

Для правильной четырехугольной пирамиды с квадратным основанием сторона квадрата является ребром пирамиды. Таким образом, площадь основания  $S_{осн}$  равна квадрату длины ребра:

$$S_{осн} = a^2$$

Где  $a$  - длина ребра пирамиды.

В данном случае  $a = 2$  см, поэтому:

ChatGPT 3.5

пирамиды является расстоянием от вершины до основания, проходящим через центр основания и перпендикулярно его плоскости. В случае правильной пирамиды, эта высота будет проходить через середину ребра основания.

Таким образом, можем применить теорему Пифагора для прямоугольного треугольника, образованного половиной диагонали основания и высотой пирамиды. Половина диагонали основания равна  $\frac{a\sqrt{2}}{2}$ .

Таким образом, получаем:

$$h^2 = a^2 - \left(\frac{a\sqrt{2}}{2}\right)^2 = a^2 - \frac{a^2}{2}$$

$$h^2 = a^2 \left(1 - \frac{1}{2}\right)$$

$$h^2 = \frac{a^2}{2}$$

$$h = \frac{a}{\sqrt{2}} = \frac{2}{\sqrt{2}} = \sqrt{2}$$

Теперь, когда у нас есть площадь основания  $S_{осн}$  и высота  $h$ , мы можем найти объем пирамиды:

$$V = \frac{1}{3} \times 4 \text{ см}^2 \times \sqrt{2} \text{ см}$$

$$V = \frac{4\sqrt{2}}{3} \text{ см}^3$$

Таким образом, объем правильной четырехугольной пирамиды равен  $\frac{4\sqrt{2}}{3}$  см<sup>3</sup>.

### Сурет 40 – Есептің ChatGPT-дағы жауабы

**4-есең:** Кубтың қыры 2 см-ге тең. Кубқа сырттай сыйылған шардың көлемін табындар (41-сурет):

A)  $\sqrt{3\pi}$  см<sup>3</sup>; B)  $2\sqrt{3\pi}$  см<sup>3</sup>; C)  $3\sqrt{3\pi}$  см<sup>3</sup>; D)  $4\sqrt{3\pi}$  см<sup>3</sup>.

ChatGPT 3.5

$V = \frac{4}{3}\pi \times 3\sqrt{3}$

Шардың көлемін табу үшін біз диагоналды пайдаланамыз, ырал үлкен радиус болады.

Радиус шарды табу үшін шардың формуласын қолданамыз:

$$V = \frac{4}{3}\pi r^3$$

Радиус  $r$  дегенде, шардың диагоналі болады:

$$r = \frac{\sqrt{3} \times 2}{2} = \sqrt{3}$$

Ендеше, шардың көлемін табайық:

$$V = \frac{4}{3}\pi (\sqrt{3})^3$$

$$V = \frac{4}{3}\pi \times 3\sqrt{3}$$

$$V = 4\pi\sqrt{3}$$

Сонымен, кубтың қырына сырттай сыйылған шардың көлемі  $4\pi\sqrt{3}$  см<sup>3</sup> болады

ChatGPT 3.5

Следовательно, объем шара, описанного около куба с ребром 2 см, равен  $4\pi\sqrt{3}$  см<sup>3</sup>.

Вы  
Кубтың қыры 2 см-ге тең. Кубқа сырттай сыйылған шардың көлемін табындар.

ChatGPT

Кубтың қырының ұзындығы ребра, сондыктан, 2 см. Осы кубтың бетінің диагонали шар айналысымен ортаға сырттай айналған болуы мүмкін.

Диагональды табу үшін, кубтың бетінің көлігін колданамыз. Кубтың бетінің көлігін теорема Пифагора бойынша таба аламыз:

$$\text{Диагональ}^2 = a^2 + a^2 + a^2 = 3a^2$$

$$\text{Диагональ} = \sqrt{3}a$$

### Сурет 41 – Есептің ChatGPT-дағы жауабы

**5-есең:** Үшбұрышты призманың қырлары 3 см-ге тең. Призмаға сырттай сыйылған цилиндрдің көлемін табындар (42-сурет):

A)  $3\pi$ ; B)  $6\pi$ ; C)  $9\pi$ ; D)  $12\pi$ .

ChatGPT

сзылған цилиндрдің көлемін табындар

Ушбұрышты призмандың қырлары 3 см дегерлген, бұл жағдайда призмандың табаны — тенқабырғалы ушбұрыш болады.

Цилиндрдің көлемін табу үшін оның биіктігін және радиусын анықтау қажет.

1. Цилиндрдің радиусы — бұл ушбұрышқа сырттай сзылған шеңбердің радиусы, яғни сырттай сзылған шеңбердің радиусы тенқабырғалы ушбұрыштың биіктігін пайдаланып есептеледі.

Тенқабырғалы ушбұрыштың сырттай сзылған шеңберінің радиусы мына формуламен есептеледі:

$$R = \frac{a}{\sqrt{3}},$$

мұндағы  $a$  — ушбұрыштың қабырғасы.

Осы формулаға сәйкес:

$$R = \frac{3}{\sqrt{3}} = \sqrt{3} \approx 1.732 \text{ см.}$$

2. Цилиндрдің биіктігі — ол призмандың биіктігіне тең, бұл жерде призмандың биіктігі де 3 см дег алынады.

3. Цилиндрдің көлемі мына формуламен анықталады:

$$V = \pi R^2 h,$$

мұндағы  $R$  — цилиндрдің радиусы,  $h$  — цилиндрдің биіктігі.

Осыған сәйкес:

$$V = \pi(\sqrt{3})^2 \cdot 3 = \pi \cdot 3 \cdot 3 = 9\pi \approx 28.27 \text{ см}^3.$$

Сообщить ChatGPT

## Сурет 42 – Есептің ChatGPT-дағы жауабы

WolframAlpha – ақпаратты өндөу мен талдауға маманданған қуатты есептеу құралы және іздеу жүйесі. Ол математикалық және геометриялық есептерді шешудің, функциялардың графиқтерін салудың кең ауқымды мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді.

WolframAlpha жасанды интеллект жүйесінің геометриялық есептерді шығарудағы мүмкіндіктері:

*Геометриялық есептерді шешу:* ол әртүрлі геометриялық есептерді шығара алады, мысалы, аудандарды, көлемдерді, сзық ұзындығын, бұрыштарды және т.б.

*Геометриялық фигураларды құрастыру:* біз ушбұрыштар, шеңберлер, тіктөртбұрыштар және т.б. сияқты әртүрлі геометриялық фигураларды салуды сүрай аламыз.

*Геометриялық есептей:* әр түрлі геометриялық параметрлерді есептей алады, соның ішінде аудандар, периметрлер, көлемдер, радиустар және т.б.

*Қасиеттер мен теоремаларды табу:* ол есептерді шешуде пайдалы болатын геометрияның әртүрлі қасиеттері мен теоремалары туралы ақпарат береді.

*Деректерді визуализациялау:* графиктерді, диаграммаларды және басқа көрнекі элементтерді пайдалана отырып, есептеу нәтижелерін визуализациялай алады.

*Егжей-тегжейлі түсініктеме:* қарапайым есептеулдерден басқа, WolframAlpha мәселені шешу қадамдары туралы егжей-тегжейлі түсініктемелер бере алады.

2.1 тараудағы «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәнінің мазмұнына сәйкес 6-шы зертханалық сабакты өту кезіндегі «Ромб» тақырыбын оқытудың әдістемелік мәселелерін қарастырайық.

Интерактивті тақтаға әртүрлі төртбұрыштар: параллелограмдар, трапециялар көрсетіледі. Параллелограмдардың қабарғаларын тікелей өлшеу нәтижесінде, ішіндегі барлық қабырғалары тең параллелограмды ромб деп атайды.

*Анықтама:* Барлық қабырғалары тең параллелограмм ромб деп аталауды.

*Егер:* 1) ABCD – параллелограмм және

2) AB=BC=CD=DA болса

онда ABCD – ромб.

«Ромб» тақырыбын оқыту кезінде студенттерге WolframAlpha жүйесінде тапсырмалар жауабын тексеру ұсынылды.

*1 - тапсырма:* Ромбының диоганальдары 5 см және 12 см. Ауданын табыңыз (43-сурет).

The screenshot shows the WolframAlpha interface. At the top, it says "FROM THE MAKERS OF WOLFRAM LANGUAGE AND MATHEMATICA". The search bar contains the text: "The diagonals of the rhombus are 5 and 12 cm. Find the area.". Below the search bar are buttons for "NATURAL LANGUAGE", "MATH INPUT", "EXTENDED KEYBOARD", "EXAMPLES", "UPLOAD", and "RANDOM". The "MATH INPUT" button is highlighted. The "Input interpretation" section shows the input: "rhombus diagonal lengths 5 cm | 12 cm area". The "Result" section displays the answer: "30 cm<sup>2</sup> (square centimeters)". The "Visual representation" section shows a yellow-shaded rhombus. The "Unit conversions" section lists equivalent areas: "0.003 m<sup>2</sup> (square meters)", "3000 mm<sup>2</sup> (square millimeters)", "30 μa (microares)", "0.03 ha (hectares)", and "0.03229 ft<sup>2</sup> (square feet)". There is also a checked checkbox for "Step-by-step solution".

Сурет 43 – Ромбының ауданы

9 - шы зертханалық сабактың «Шеңбер және оның элементтері» тақырыбын өту кезіндегі ұсынылған тапсырмаларының дұрыстығын тексеру.

2 - тапсырма: Радиусы 10 м болатын шеңбердің ұзындығын табыңыз (44-сурет).

Сурет 44 – Шеңбердің ұзындығы

27-ші зертханалық сабактың «Цилиндр мен оның элементтерін кескіндеу» тақырыбын өту кезіндегі студенттерге берілген тапсырмалардың WolframAlpha жүйесіндегі жауабы (45-сурет).

Тапсырма: Цилиндрдің биіктігі 2 м, табан радиусы 3 м. Көлемін табыңыз.

Сурет 45 – Цилиндрдің көлемі

Осы жасалған зерттеулерді қорытындылай келе, болашақ математика мұғалімдеріне геометриялық фигурапарды кескіндеудің әдістемелік мәселелері нақтыланды. Сонымен қатар, студенттерді ЦББР-ны қолдана отырып, геометрия курсының әртүрлі есептерін шығаруда әдістемелік жағынан тиімді пайдалануға үйреттік.

Геометрия сабактарында қолданылатын ЦББР көрнекілігі жоғары құралдар болып табылады. Ол түрлі құбылыстар мен үдерістердің жүру динамикасын бақылап, оларға өзгерістер енгізуге, зерттеуге мүмкіндік береді.

Біздің ойымызша ЦББР-ны геометрия сабакында жазықтық пен кеңістікте түрлі геометриялық фигурапарды бейнелеуге қолдану ыңғайлы болып табылады. Мәселен, олардың көмегімен мұғалім кез-келген уақытта геометриялық фигурапар мен графикалық кескіндерді көрсете алады. Яғни, көрнекі құралдардың ішінде керекті материалдар сабак барысында білім алушылардың көз алдында цифрлық ресурстардың бетінде орналасады. Бұл көрнекілік түрі тек экран бетінде қалып қоймай, графикалық бейнеден символдық режимге өтіп керекті есептеулер жүргізуге мүмкіндік туады. Оны білім алушылар көз алдарында өз қолдарымен жүргізіп, есептегеннен соң ол материалдың игерілуі де жоғары болады. Мұндай көрнекі құралдар, плакатта немесе макетте көрсетілген бейнеден әлдеқайда ерекшеленіп, қызығушылық тудырады.

Жоғарыда көрсетілген кескіндер ЦББР түрлерінің көмегімен «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және «Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерін оку барысында студенттерінің зертханалық сабактарда жасалған жұмыстарынан үзінділер келтірілді.

### **2.3 Эксперимент және оның нәтижелерін талдау**

Эксперимент жұмыстары зерттеудің қойылған мақсаты мен міндеттерін шешу және ғылыми болжамның дұрыстығын тексеру үшін 2020-2023 жылдар аралығында айқындаушы, қалыптастыруыш және қорытындылаушы кезеңдері бойынша үйімдастырылды.

Эксперимент жұмыстары болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлау мақсатында эксперименттік топта тексерілген әдістеменің тиімділігін негіздеу үшін эксперименттің айқындаушы және қорытындылаушы кезеңдерінде алынған диагностикалық нәтижелерді салыстыру арқылы жүргізілді.

Эксперименттік жұмыстар М.Әуезов атындағы ОҚУ-дың «Математика» кафедрасы, Ж.Ташенев атындағы университетінің «Математика және информатика» кафедрасы және Орталық Азия Инновациялық университетінің «Математика, физика және информатика» кафедрасыда жүргізілді.

Эксперименттік зерттеулерге «Математика» білім беру бағдарламасында оқитын 100 бакалавр студенттері, бақылау тобында 51 студент, ал эксперименттік топта 49 студент қатысты.

Эксперимент жұмысының мақсаты: Болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға даярлаудың әдістемесін тәжірибе жүзінде тексеру.

Эксперимент жұмысының міндеттері:

1) болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау критерийлерін әзірлеу;

2) болашақ математика мұғалімдерінің ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының бастапқы деңгейін анықтау;

3) студенттердің мектеп геометрия курсы бойынша бастапқы білім деңгейлерін анықтау;

4) оқу үдерісіне енгізілген арнайы пәндердің мазмұны мен оны оқытуудың әдістемесін болашақ математика мұғалімдерін даярлау тәжірибесіне енгізу;

5) болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлығының қалыптасу деңгейін анықтау;

6) болжамды растау немесе теріске шығару үшін зерттеу нәтижелеріне салыстырмалы талдау жүргізу; эксперименттік зерттеу деректерінің сенімділік дәрежесін анықтау үшін алынған мәліметтерді статистикалық өндөуді жүзеге асыру; әзірленген әдістеменің тиімділігін эксперимент жүзінде дәлелдеу.

Эксперимент жұмыстарын жүргізу кезінде болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлығын бағалау үшін келесі эмпирикалық зерттеу әдістері таңдалды:

а) сауалнама алу – студенттердің ЦББР-ны пайдалануға дайындығын анықтау – оқудың бірінші (айқындау) және үшінші (қорытындылау) кезеңдерінде жүргізілді (Қосымша Б, В);

б) оқу тесті – мектеп геометрия курсы бойынша білім деңгейін анықтау және ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау – оқудың бірінші (айқындау) және үшінші (қорытындылау) кезеңдерінде жүргізілді (Қосымша Г, Д);

в) зерттеудің екінші (қалыптастыруышы) кезеңінде эксперименттік топтың оқу үдерісіне ЦББР-ны енгізуден тұратын әдістемелік эксперимент жүргізілді.

Эксперименттік зерттеуді дайындау және ұйымдастыру зерттеу гипотезасын тұжырымдаудан тұрады. Эксперименттік зерттеудің негізгі мақсаты білім беру үдерісінде ЦББР-ны енгізу мен оны енгізбегендегі студенттердің оқу тиімділігін анықтау болды.

Зерттеудің гипотезасы мектеп геометрия курсын оқуда ЦББР-ны қолдану студенттердің геометриядан әдістемелік дайындық деңгейінің жоғарылауына әкеледі деген болжамға негізделген.

Студенттердің ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындық деңгейлерін сипаттамас бұрын, олардың бағалау критерийлерін анықтау қажет. Осыған орай болашақ математика мұғалімінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік даярлық деңгейін анықтау критерийлері жүйесі әзірленді.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындық деңгейі 1.3 тарауда ұсынылған мотивациялық, ғылыми-теориялық, ақпараттық-технологиялық және бағалаушы-рефлексиялық компоненттерінің қалыптасуымен анықталды. Мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолданудың нәтижелілігін бағалау үшін біз келесі критерийлерді анықтадық:

Критерий 1. Болашақ математика мұғалімдерінде ЦББР-ны қолданудың тұрақты мотивтерінің болуы.

Критерий 2. ЦББР және оларды мектеп геометрия курсын оқытуда қолдану әдістері мен ғылыми-теориялық білімді менгеру дәрежесі.

Критерий 3. Болашақ математика мұғалімдерінде мектеп геометрия курсын оқытуды ұйымдастыруды ЦББР-ны қолдану әдістерін менгеру дәрежесі.

Критерий 4. ЦББР-ны қолдану үдерісі мен нәтижелерін тиімді бағалау және рефлексиялау қабілеті [170].

Педагогика ғылымында білім алушылардың оқу жетістіктерін анықтаудың деңгейлік тәсілін сипаттайтын еңбектерде, білімді менгеру мен оқу іс-әрекетін жүзеге асыру деңгейлеріне қарай, оқу нәтижелерін топтастыруға мүмкіндік беретін зерттеулер жетерлік. Олардың авторлары: В.П. Бесспалько, Б.Блум, А.А. Золотарев және т.б.

В.П. Бесспальконың ұсынған төрт менгеру деңгейі педагогикалық жүйенің жұмыс істеу алгоритміне енгізілген оқудың мақсатымен байланысты. Ол ұсынған төрт деңгей: тану деңгейі, жаңғырту деңгейі, білімді таныс жағдайда қолдану деңгейі мен жаңа жағдайда қолдану деңгейі (білімді шығармашылықпен қолдану) [171].

А.А. Золотарев ақыл-ой әрекеттерінің қалыптасу кезеңдеріне сәйкес компьютерлік технологияларды қолдану негізінде оқыту жүйелеріне қажетті келесі менгеру деңгейлерін ұсынады: мотивация, іс-әрекеттің индикативті схемасын құру, іс-әрекеттің материалды формада қалыптасуы, сыртқы сөйлеу, ішкі сөйлеу, ақыл-ой әрекетінің қалыптасу деңгейі [172].

Сонымен қатар зерттеулерде Б.Блумның білім беру мақсаттарының таксономиясы деп аталатын педагогикалық мақсаттар жіктемесінің нұсқасы белсенді түрде қолданылады. Онда оқу мақсатын қою логикасында оқу материалын менгеру деңгейлерін бөліп көрсетуге бағытталған, атап айтқанда: білу (нақты материал, терминология, факті, анықтама, критерий

және т.б.); түсіну (түсіндіру, интерпретация, экстраполяция); қолдану; талдау (өзара байланыстар, құрастырудың принциптері); синтез (жоспар құру мен мүмкін болатын іс-әрекет жүйесін жасау, абстрактілі қатынастар жүйесін алу); бағалау (қолда бар деректерге негізделген пайымдау, сыртқы критерийлерге негізделген пайымдау) [173].

Жоғарыдағы тұжырымдарды негізге ала отырып болашақ математика мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолданудың әдістемелік даярлығының қалыптасу деңгейлері анықталды және деңгейлер көрсеткіштері төмен, орташа және жоғары деп белгіленді.

Студенттердің мотивациялық және бағалаушы-рефлексиялық дайындығын диагностикалау А.А. Вербицкий, Б.А. Бакшаева [174], Л.Н.Александрова [175], Т.Д. Дубовицкая [176], А.В. Карпов [177] және т.б. әдістерін басышылыққа ала отырып жүргізілді.

Болашақ математика мұғалімдерінің ғылыми-теориялық және ақпараттық-технологиялық дайындығын диагностикалау балдық-рейтингтік жүйе арқылы жүзеге асырылды.

Анықталған мотивациялық, ғылыми-теориялық, ақпараттық-технологиялық және бағалаушы-рефлексиялық компоненттердің мазмұнына сүйене отырып, болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындық деңгейлерінің көрсеткіштерін сипаттайық. Бұл ретте дайындықтың жоғары деңгейін менгеру, оның алдыңғы деңгейлерін менгеруді болжайтынын есте сақтаймыз.

### Төменгі деңгей

*Мотивациялық дайындығы көрсеткіштері:* Студентте сырттай жағымсыз мотивация бар, бірақ кейде болашақ математика мұғалімдерінің педагогикалық іс-әрекетінде ЦББР-ны қолдануға деген сырттай қарағанда он ынтасы байқалады. Студент ақпараттық, ЦББР бар әртүрлі іс-әрекет түрлеріне сирек қызығушылық танытады; негізгі зертханалық тапсырмаларды оқытушының көмегімен ғана орындаиды, теориялық және практикалық материалды менгеруде табандылық танытпайды және ЦББР-ны тек оқытушының қадағалауы бойынша қолданады.

*Ғылыми-теориялық дайындығы көрсеткіштері.* Студенттердің ақпараттың негізгі түрлері мен көздері туралы түсініктері толық емес және жүйесіз. Студент графикалық редакторлардың кейбір жұмыс режимдерін біледі; бірақ мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны пайдалана отырып, сабакты ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктері туралы түсінігі жоқ. Студент геометрияны оқытуға арналған арнайы ЦББР-ның кейбір артықшылықтары мен кемшіліктерін ғана атай алады. Мектеп геометрия курсы бойынша геометриялық ұғымдар туралы түсініктері шектеулі, терминдер мен белгілерді толық білмеуі, қарапайым есептерді шешуде ең негізгі теоремалар мен қасиеттерді қолдана алмауы және т.б.

*Ақпараттық-технологиялық дайындығы көрсеткіштері:* Студент электронды түрде көрсетілген ақпаратты әрдайым өз бетінше таба алмайды. Студентке тіпті оқытушының көмегімен геометрияны оқытуға арналған

дайын ЦББР-ны табуы қыынға соғады. Студент геометрияны оқытуға арналған оқытушы ұсынған ақпараттық және ЦББР-ны талдау, салыстыру және бағалауда қыындықтарға тап болады.

***Бағалауышы-рефлексиялық дайындығы көрсеткіштері:***

Студенттер ЦББР тәжірибесі туралы сирек ойлайды, рефлексия мен өзін-өзі бағалаудың маңыздылығы туралы түсініктері жоқ, олар ЦББР-ны тек оқытушының нұсқауы бойынша қолданады, өз бетінше ізденуде немесе тиімділікті талдауда бастамашылық көрсетпейді. Қателер мен қыындықтар талданбайды, бірақ сыртқы жағдайлар ретінде қабылданады. Студенттер нәтижелерді бағаламай және оқу үдерісін қалай жақсарту керектігін сұрамай-ақ, ең тәменгі талаптарды орындау үшін ғана ЦББР-ны пайдаланады.

**Орта деңгей**

***Мотивациялық дайындығы көрсеткіштері:*** Болашақ математика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінде студенттің бойында ЦББР-ны пайдалануға деген ішкі ынталасы басым. Студент ақпаратқа қатысты әр түрлі әрекет түрлеріне қызығушылық танытады. Студент көбінесе оқу үдерісінде ЦББР-ны ықыласпен пайдаланады. ЦББР көмегімен сабакта белсенділік танытады. Студент кейде ЦББР-ны пайдалану бойынша алған бар білім мен дағдыларын тәжірибеде қолдануға, сондай-ақ ЦББР-ны пайдалану саласындағы практикалық дағдыларын кеңейтуге ниет білдіреді. Оқытушының нұсқауы бойынша студент геометрияны оқытуға арналған цифрлық ресурстарды таба алады.

***Ғылыми-теориялық дайындығы көрсеткіштері.*** Студенттің ақпараттың негізгі түрлері мен көздері туралы түсінігі бар; қарапайым цифрлық ресурстарды құру үшін мәтіндік және графикалық редакторлардың кейбір жұмыс режимдерін біледі; болашақ математика мұғалімінің нақты кәсіби міндетін шешу үшін цифрлық ресурстарды тандаудың кейбір критерийлерін біледі; ЦББР-ны пайдалана отырып, геометрияны оқытуда сабакты ұйымдастыру мен өткізудің кейбір ерекшеліктерін біледі. Студент ЦББР-ға байланысты терминологиялармен таныс. Білімдері айтарлықтай толық, терен және жеткілікті түрде, саналы емес. Мектеп геометрия курсы бойынша геометриялық ұғымдар туралы түсініктері бар, терминдер мен белгілерді біледі, есептерді шешуде негізгі теоремалар мен қасиеттерді қолдана алады және т.б.

***Ақпараттық-технологиялық дайындығы көрсеткіштері:*** Студент геометрияны оқытуға арналған цифрлық ресурстарды өз бетінше құруға қажетті ақпаратты әрқашан таба алмайды. Студент оқытушының көмегімен геометрияны оқытуға арналған дайын ЦББР-ны таба алады. Мұғалімнің көмегімен оқушыларға арналған арнайы ЦББР-ның кейбір артықшылықтары мен кемшіліктерін анықтай алады. Студент ЦББР көмегімен сабактың белгілі бір түрлерін ғана құра алады. Ақпараттық технологияларды оқытушының нұсқауымен ғана тапсырмаларды орындауда пайдаланады.

***Бағалауышы-рефлексиялық дайындығы көрсеткіштері:***

Студенттер кейде өз жұмысын ЦББР арқылы бағалайды, бірақ бұл жүйелі процесс емес. Олар рефлексияның маңыздылығын түсіне бастайды, бірақ мұны негізгі тапсырмаларды орындағаннан кейін немесе оқытушымен кері байланыс алғаннан кейін ғана жасайды. Кейбір қателіктерді тануға қабілетті, бірақ олар мұны әрқашан өз көзқарастарын жақсарту үшін қолдана бермейді. Студенттер ағымдық және аралық бақылауға немесе емтихандарға дайындалу үшін ЦББР пайдаланады, оның нәтижелерін мерзімді түрде бағалайды, бірақ жүйелі түрде өзін-өзі дамытумен айналыспайды.

### **Жоғары деңгей**

*Мотивациялық дайындық көрсеткіштері:* Студенттің болашақ математика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінде ЦББР-ны пайдалануға деген ішкі ынтасы күшті. Студент сырттан туындастын талаптарға қарамастан геометрияны оқытуға арналған өзі қарапайым цифрлық білім беру ресурстарын (презентациялар, тесттер, дидактикалық материалдар және т.б.) жасауға, ЦББР-ны пайдалана отырып, сабак жоспарын әзірлеуге үлкен қызығушылық танытады. Студент оқу үдерісінде және өмірлік жағдайларда ЦББР-ны ықыласпен қолданады. Сабактарда белсенділік көрсетеді және жаңа қолданбалы бағдарламалар мен ЦББР-ға қызығушылық танытады. Студенттің цифрлық ресурстарды пайдалану және құру саласында кәсіби маман болуға үмтүлісі бар.

*Ғылыми-теориялық дайындық көрсеткіштері:* Студент ақпараттың негізгі түрлері мен көздерін; ақпаратты сақтау, жіберу, өндеу құралдарын біледі; қарапайым цифрлық ресурстарды құруға арналған графикалық редакторлардың негізгі жұмыс режимдерін; геометрияны оқытуға арналған цифрлық білім беру ресурстары; нақты кәсіби міндettі шешуге арналған таңдау критерийлері; мектепте цифрлық білім беру ресурстарын пайдалана отырып сабакты ұйымдастыру және өткізу ерекшеліктерін біледі. Студент цифрлық білім беру ресурстарымен байланысты терминологияны біледі. Білімі толық, терең, жүйелі, берік, саналы және есте ұзақ сақталады. Студент ЦББР-ны қолдану саласындағы бар білімін болашақ кәсіби қызметімен байланыстыруға үмтүлады. Мектеп геометрия курсы бойынша геометриялық ұғымдар туралы терең түсініктері бар, терминдер мен белгілерді жақсы біледі, күрделі есептерді шешуде негізгі теоремалар мен қасиеттерді тиімді қолдана алады және т.б.

*Ақпараттық-технологиялық дайындық көрсеткіштері.* Студент геометрияны оқытуға арналған цифрлық білім беру ресурстарын (динамикалық геометрия жүйелерін (DGS), VR/AR және жасанды интеллект (AI) технологияларымен және т.б. жұмыс жасауға арналған бағдарламаларды) өздігінен ізден таба алады. Студент геометрияны оқытуға арналған дайын цифрлық білім беру ресурстарын өз бетінше табуды біледі. Студент ЦББР-ны пайдалана отырып, мектепте сабакты ұйымдастырып, үйрете алады. Студент геометрияны оқытуға арналған нақты ЦББР-ның артықшылықтары мен кемшіліктерін өз бетінше анықтай алады. Окудан бос уақытында студент мектеп окушылары үшін цифрлық ресурстар (сабактарға

арналған дидактикалық материалдар, тест тапсырмалары, АКТ құралдарын пайдалана отырып, сыйныптан тыс жұмыстарды әзірлеу және т.б.) жасайды.

### *Бағалауышы-рефлексиялық дайындығы көрсеткіштері:*

Студенттер ЦББР өз жұмыстарын үнемі және саналы түрде бағалайды. Жүйелі рефлексия және өзін-өзі бағалау оқу үдерісінің құрамдас бөлігі болып табылады. Олар оқу нәтижелерін белсенді түрде талда, алған білімдері негізінде мақсат қояды, стратегиясын үнемі түзетіп отырады. Өзін-өзі білім алуға мотивацияның жоғары деңгейі, ЦББР-ны геометрияны тереңдетіп оқыту құралы ретінде пайдалана алады. Пайдалы ЦББР-ны өздері тауып, олардың сапасын сынни тұрғыдан бағалай алады. Студенттер қосымша материалдарды зерделеу үшін ЦББР-ны белсенді түрде пайдаланады, оның мүмкіндіктері мен қателерін бағалайды, тиімділікті арттыру үшін тәсілдерді үнемі түзетеді және оқытудың жаңа әдістерін қолданады.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолданудың әдістемелік дайындығы сипатталған көрсеткіштері негізінде зерттеудің айқындаушы және қорытындылаушы кезеңдерінде анықтау жүргізілді.

Эксперименттің *айқындау* кезеңінде болашақ математика мұғалімдерінің ЦББР-ны қолдану дайындығының мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейін зерттеу мақсатында бірінші курс студенттеріне мектеп геометрия курсын оқыту үдерісінде ЦББР-ны қолдануға деген көзқарасын анықтау үшін сауалнама сұрақтарына жауап беру ұсынылды. Сауалнамалар Google Forms платформасында әзірленді. Сауалнамага сілтеме университеттің корпоративтік поштасы арқылы, студенттік бірлестіктер арасындағы әлеуметтік желілерде, сондай-ақ WhatsApp және Telegram мессенджерлерінде мақсатты түрде таратылды.

Сауалнама нәтижелері респонденттердің 18%-ы ЦББР-мен жұмыс істеу кезінде қыындықтарға тап болмайтынын, ал 72%-ы цифрандыруды адам өміріне белсенді түрде енгізуі дұрыс үрдіс деп санайтынын көрсетті. Осылайша, 77%-ы ЦББР-ны пайдалану болашақ математика мұғалімдерінің әдістемелік дайындығының тиімділігін арттыруға көмектеседі және сөзсіз пайда әкеледі деп есептейді. Бірақ сонымен бірге респонденттердің 26%-ы геометрия немесе математика сабактарында цифрлық ресурстармен байланыс мұғалімді толығымен алмастыра алмайтынын, олар басқа студенттермен, оқушылармен немесе мұғалімдермен қарым-қатынас процесіне көбірек қызығушылық танытатынын атап өтті. Осылайша, сауалнама нәтижелері математикалық мамандық студенттерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны пайдалану орынды деген қорытынды жасауға мүмкіндік берді [178].

Студенттерден алынған сауалнама нәтижелерін талдау жоғарыда келтірілген бағалау критерийлері бойынша өндедлі. Оқу үдерісіне енгізілген «Математикадағы ақпараттық технологиялар» пәнін оқыту барысында алынған сауалнамалар студенттердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға деген мотивтерін анықтауға мүмкіндік берді. Болашақ математика

мұғалімдерінің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейінің нәтижелері 11-кестеде көрсетілген.

Кесте 11 – Студенттердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік дайындықтарының мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейлері (айқындаушы эксперимент)

Топтар	Дайындық деңгейлері, %		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (51 студент)	62,75	25,49	11,76
Эксперименттік топ (49 студент)	59,18	22,45	18,37

Осылайша, студенттердің бақылау тобында 11,76%, эксперименттік топта 18,37%-ы ЦББР-ны қолдануға қызығушылық танытпағанын көрсетті. Бұл студенттер математика мұғалімдерінің педагогикалық қызметінде ЦББР-ны қолданудың сыртқы теріс мотивациясын көрсетті. Бұл студенттерден геометрияны оқытуға арналған цифрлық оқу материалдарын тек оқытушының шүғыл сұранысы бойынша пайдаланатындығы көрінді. Респонденттер мектеп геометрия курсын оқытуға арналған цифрлық білім беру ресурстарына ерекше қызығушылық танытпады. Әртүрлі типтегі ЦББР-мен жұмыс істеу барысында бұл студенттер оқу үдерісінің басқа қатысушыларымен (басқа студенттер, оқытушы) қарым-қатынас үдерісіне көбірек қызығушылық танытты.

Мектеп геометрия курсын оқытуға арналған ЦББР-лармен жұмыс істеуге деген ұмтылыс бақылау тобындағы студенттердің 25,49% - және эксперименттік топтың 22,45% - құрады, дегенмен сабакта ЦББР-ны қолдануда бұл студенттер белсенді болды. Олардың оқу іс-әрекетінде ЦББР-ны қолдануға сыртқы оң мотивациясы басым болды. Эксперименттік топ студенттерінің 59,18%-ы, бақылау тобы студенттерінің 62,75%-ы ЦББР-ны жиі және қызығушылықпен қолданды. Бұл студенттер электронды түрде ұсынылған ақпаратпен әр түрлі іс-шараларға тұрақты ішкі мотивацияға ие болды және оқытушының тапсырмаларын орындау кезінде өз қызметінің нәтижелерін цифрлық түрде ұсынып, тапсырмаларды мультимедиялық презентациялармен және т. б. қолданатындығы көрінді.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында студенттерге тест тапсырмаларын орындау ұсынылды (Қосымша Г, Е). Студенттердің тест тапсырмаларын орындау нәтижелері 12-кестеде көрсетілген.

Кесте 12 – Студенттердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдіstemелік дайындықтарының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасу деңгейлері (айқындаушы эксперимент)

Топтар	Дайындық деңгейлері %		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (51 студент)	0	17,65	82,35
Эксперименттік топ (49 студент)	0	14,29	85,71

Тест нәтижелерін талдау бақылау тобындағы және эксперименттік топтағы студенттердің көпшілігінің (тиісінше 82,35% және 85,71%) ЦББР-ны қолдану дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасуының төмен деңгейінде болғанын айтуға мүмкіндік береді. Бұл студенттер цифрлық түрде ұсынылған әртүрлі ақпаратпен жұмыс істеу және мектеп геометрия курсын оқытуға арналған ЦББР түрлері, оларды пайдалану ерекшеліктері туралы фрагменттік, таяз білімге ие болды.

Геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдану дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің орташа қалыптасу деңгейін бақылау тобындағы студенттердің 17,65% және эксперименттік топтағы 14,29% көрсетті. Бұл санатқа жатқызылған студенттер ЦББР-ның белгілі бір түрлері туралы түсінікке ие болды және оқу үдерісінде цифрлық материалдарды пайдалану қажеттілігін негіздей алды. Әр топта геометрияны оқытуға арналған ЦББР-ны қолдану саласында толық, терең, жүйелі, берік білімі бар студенттер болмады. Бұл геометрияны оқытуда ЦББР-ны қолдану бойынша арнайы пәндердің оку үдерісіне енгізілмегендігімен түсіндіріледі және студенттер тест сұрақтарына тек өздерінің оку тәжірибесі негізінде жауап берді.

Болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға дайындығының ақпараттық-технологиялық компонентінің қалыптасу деңгейін анықтау мақсатында біз студенттердің іс-әрекетінің нәтижелерін зерттеуге алдық. Бұл зерттеу студенттерге тест тапсырмаларын беру арқылы жүзеге асырылды, (Қосымша Е), оның нәтижелері кестеде көрсетілген (13-кесте).

Кесте 13 – Студенттердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдіstemелік дайындықтарының ақпараттық-технологиялық компонентінің қалыптасу деңгейлері (айқындаушы эксперимент)

Топтар	Дайындық деңгейлері %		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (51 студент)	0	13,73	86,27
Эксперименттік топ (49 студент)	0	16,33	83,67

Жұмыстарды талдау, бақылау және эксперименттік топтардағы студенттердің басым бөлігі (86,27% және 83,67%) ЦББР-ны қолдануға ақпараттық-технологиялық дайындық компонентінің төмен деңгейде болғанын көрсетті. Бұл студенттер белгілі бір ақпаратты іздеу бойынша кейбір тапсырмаларды ғана орындай алды және ЦББР-ны талдау, дайын ЦББР негізінде үlestірмелі материалдарды дайындау бойынша тапсырмаларды орындаады. Ақпараттық-технологиялық компонентінің ЦББР-ны қолдану дайындығының орташа деңгейін бақылау тобындағы студенттердің 13,73% және эксперименттік топтың 16,33% көрсетті. Бұл студенттер мектепте ЦББР-ны пайдалану туралы ақпаратты іздеуге байланысты тапсырмалардан бөлек, табылған электронды материалдар негізінде мектеп оқушыларына арналған бірнеше жаттығулар құрастырып, мектеп оқушыларының цифрлық жүйемен жұмысын үй жағдайында үйымдастыру бойынша ата-аналарға арналған қарапайым нұсқаулық жасай алды. Екі топта да болашақ математика мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінде ЦББР-ны қолдануға ақпараттық-технологиялық дайындық компонентінің деңгейі жоғары студенттер болған жоқ.

Зерттеуге қатысқан студенттердің ЦББР қолдануға әдіstemелік дайындығының бағалау-рефлексиялық компоненті деңгейін анықтау нәтижелері 14 – кестеде келтірілген.

Кесте 14 – Студенттердің цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдіstemелік дайындығының бағалау-рефлексиялық компоненті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (айқындаушы эксперимент)


Топтар	Дайындық деңгейлері %		
	Жоғары	Орта	Төмен
Бақылау тобы (51 студент)	0	11,76	88,24
Эксперименттік топ (49 студент)	0	10,20	89,80

Студенттердің ЦББР-ны қолдануға әдіstemелік дайындығының бағалау-рефлексиялық компоненті деңгейінің төмен нәтижелері бақылау тобында 88,24%, ал эксперименттік топта 89,80% құрады. Ал орташа деңгейі бақылау тобында 11,76%, эксперименттік топта 10,20% құрады. Сондай ақ, жоғары деңгей көрсеткішіне екі топтың студенттері де ие бола алмады. Өйткені айқындаушы эксперимент кезеңінде студенттердің ЦББР-ны пайдалану тиімділігін бағалау және рефлексиялау тәжірибелерінің жоқтығымен түсіндіруге болады.

Педагогикалық зерттеу барысында болашақ математика мұғалімінің ЦББР-ны қолдануға әдіstemелік даярлығының деңгейін анықтау мақсатында жүргізілген талдау екі топтың студенттерінің даярлық деңгейлері шамалас екендігі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік берді.

Сондай-ақ, *айқындау кезеңінде* эксперименттік топ пен бақылау тобы арасында топтағы студенттердің геометрияны менгеруі туралы мәліметтерді алу мақсатында бақылау яғни, мектеп геометрия курсы бойынша бастапқы білім деңгейлерін анықтау арқылы жүргізілді. Бақылау екі топтың барлық студенттерінің оқу үлгеріміне, қызығушылықтарына, ерекше қабілеттеріне және т.б. ерекшеліктеріне қарамастан бәрінен бір уақытта тест арқылы алынды. Ұсынылған тест тапсырмалары диссертация қосымшасында берілген (Қосымша Г).

Студенттердің мектеп геометрия курсы бойынша бастапқы білім деңгейін анықтауға арналған тестілеу нәтижелері эксперименттік және бақылау тобы студенттерінің білім деңгейлерінің шамалас екендігін көрсетті, яғни топтардың біркелкілігі туралы айтуға мүмкіндік берді (Сурет - 46) [178, 6.673].



Сурет 46 – Студенттердің экспериментке дейінгі геометриялық білім деңгейін анықтауға арналған тестілеу нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері.


Зерттеудің қалыптастыруышы кезеңінде болашақ математика мұғалімдерін мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлау жұмыстары жүргізілді. Оқу үдерісіне енгізілген «Математикадағы ақпараттық технологиялар» және

«Геометрияны оқыту әдістемесінің таңдаулы тараулары» арнайы пәндерін оқыту әдістемесі жасалып, пәндерді оқыту қолға алынды.

Зерттеудің қорытындылау кезеңі студенттер оку үдерісіне енгізілген арнайы пәндерді толық менгеріп, педагогикалық іс-тәжірибеден өтіп келгеннен кейін, мектеп геометрия курсын оқытуда цифрлық білім беру ресурстарын қолдануға әдістемелік даярлығын анықтау мақсатында диагностикалау жүргізді.

Болашақ математика мұғалімдерінің бақылау және эксперименттік топтағы студенттер арасында ЦББР-ны қолдануға мотивациялық дайындық деңгейлерін диагностикалау үшін қорытынды сауалнама алынды. Сауалнама сұрақтары бойынша алынған нәтижелеріне сәйкес ЦББР-мен сабак өткізуге деген ынта айтарлықтай жоғары: геометрияны ЦББР-ны енгізу арқылы оқыту аяқталғаннан кейін студенттердің 93,9%-ы зерттелетін пәннің көрнекілігі өте жоғары болды деп есептейді, сонымен қатар респонденттердің 95,9%-ы ЦББР-ны тұрақты қолдануға деген ішкі ынталарының қалыптасқандығын көрсетті [178, б.673].

Сонымен қатар, сауалнамалардың жалпы нәтижелерін талдау студенттердің мектеп геометрия курсын оқытуда ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының мотивациялық компоненті деңгейі бойынша эксперименттің айқындаушы және қорытындылаушы кезеңдерінің салыстырмалы нәтижелері 47 - суретте көрсетілген.




Сурет 47 – Студенттердің ЦББР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының мотивациялық компоненті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (қорытындылаушы эксперимент)

Мотивациялық дайындық деңгейлерін диагностикалау нәтижелеріне салыстырмалы талдау жасайық. Диагностикалық деректерді салыстыру студенттердің ЦББР-ны қолдануға дайындығының мотивациялық компонентінің қалыптасу деңгейіндегі өзгерістер бақылау тобы студенттерінде де, эксперименттік топ студенттерінде де болғанын көрсетті, бірақ эксперименттік топта айтарлықтай өзгерістерді байқауға болады.

Мысалы, эксперименттік топта мотивациялық компоненті дайындығының жоғары деңгейде дамыған студенттер саны артты (59,18%-дан 85,71%-ға дейін). Студенттердің төменгі деңгей көрсеткіштері (18,37%-дан 4,08%-ға) төмендеді. Ал бақылау тобында оқитын студенттердің 11,76% төмен, 19,61% орташа деңгейде қалып отыр, ал жоғары деңгей тек 68,63% студенттерде байқалады. Осылайша бақылау және эксперименттік топтарда алынған диагностикалық нәтижелерді салыстыру зерттелетін дайындық түрінің деңгейлерінің айтарлықтай айырмашылығын көрсетті. Бұл қалыптастыруыш эксперименттен кейін эксперименттік топтағы студенттер ЦББР-ны қолдануға мотивациялық дайындық деңгейлерінің жоғары динамикасының байқалғандығын айтуға болады. Бақылау тобында ЦББР-ны қолдануға мотивациялық дайындық деңгейі көрсеткіштерінің жоғарылауы азырақ байқалды [170, б. 120].

Студенттердің ЦББР-ны қолдану дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасу деңгейі бойынша эксперименттің айқындау және қорытындылау кезеңдерінің салыстырмалы нәтижелері 48-суретте берілген.




Сурет 48 – Студенттердің ЦББР қолдануға әдістемелік дайындығының ғылыми-теориялық компоненті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (қорытындылаушы эксперимент)

Диагностикалық нәтижелерді салыстыру, ЦБР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасу деңгейлерінің өзгеруі бақылау тобында да, эксперименттік топ студенттерінде де орын алғанын көрсетті, бірақ эксперименттік топта айтарлықтай өзгерістерді байқауға болады.

Эксперименттік топта ЦБР-ны қолдану дайындығының ғылыми-теориялық компонентінің қалыптасу деңгейі жоғары студенттер саны арты (0%-дан 57,14%-ға дейін). Деңгейі төмен студенттер саны азайды (85,71%-дан 6,12%-ға дейін). Эксперименттік топтағы соңғы бақылау кескіні нәтижелеріне сүйене отырып, жоғары деңгейдегі көрсеткіштер 57,14%-ға есті деп айтуға болады. Орташа деңгей көрсеткіштердің өсімі 22,45%-ды құрады. Төменгі деңгей көрсеткіштері 79,59%-ға төмендеді. Осылайша, екі топтың білімінің бақылау кескіні кезеңінде алынған мәліметтер эксперименттік топта ЦБР-ны қолдануға дайындығының қалыптасқан ғылыми-теориялық компоненті деңгейлерінің көрсеткіштерінің тұрақты өсуін атап өтүге мүмкіндік береді. Бақылау тобында да деңгей көрсеткіштерінің жоғарылауы анықталды, бірақ ол азырақ байқалды [170, б. 121].


Студенттердің ЦБР-ны қолдану дайындығының қалыптасқан ақпараттық-технологиялық компоненті деңгейлері бойынша эксперименттің айқындау және қорытындылау кезеңдерінің салыстырмалы нәтижелері 49-суретте көрсетілген.



Сурет 49 – Студенттердің ЦБР-ны қолдануға әдістемелік дайындығының ақпараттық-технологиялық компоненті деңгейлерінің салыстырмалы көрсеткіштері (қорытындылаушы эксперимент)

